Ход: На небольшие прямоугольники нужно установить указательный и средний палец, на длинные – указательный и средний палец, сложить вместе. Каждая рука движется в одно и то же время по собственной дорожке, переставляя пальцы одновременно. Данные упражнения выполняются двумя руками. Во время прохождения дорожки можно




Бүгінгі мектепке дейінгі тәрбие және білім мәселелері Проблемы современного дошкольного воспитания и образования

добавлять дополнительные задания, например: произнеси звук, слог или хлопни в ладоши.



УГОСТИ ОБЕЗЬЯНКУ БАНАНОМ



Заключение. Использование нейропсихологического подхода в педагогике, психологии и логопедии помогает: 1. Построить работу, исходя из потенциальных возможностей ребёнка. 2. Наметить индивидуальную программу развития высших психических функций ребёнка. 3. Создать базовую предпосылку для овладения чтением, письмом, математическими знаниями.

Таким образом, применение нейропсихологических игр и упражнений — одна из наиболее эффективных технологий работы, позволяющая получить результат и в познавательном развитии, и в развитии регулятивных функций, а также способствует эмоциональному, личностному и коммуникативному развитию детей, запускается речевой механизм. Данный алгоритм осуществим под воздействием логопедической, нейропсихологической коррекционного сопровождения. Комплексное коррекционное воздействие ведёт к формированию единого функционирования системы мозга и обеспечивает полноценное развитие личности ребёнка.





Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбие берудің маңызы

Сегизбаева Нургуль, №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі
Тараз қаласы



Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие- адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Сондықтан еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру біздің негізгі мақсатымыз. Осыған орай, балабақшадағы тәрбие үрдісінде әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және қазақ халқының ұлттық құндылықтар, отбасылық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу, ұлттық қағидалармен толықтыру қажеттілікті талап етеді. Мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие үрдісінің оқыту мен дамытудың функцияларын, әдістері мен тәсілдерін өзгертуге себеп болады. Білім беру үдерісіндегі қолданатын жұмыстардың ерекшелігін анықтау, инновациялық технологияларды қолдана отырып өзгерту, педагогтың шеберлігін дамыту арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың бойына халықтық тәрбие түрлерін жас бүлдіршіндердің бойына сіңіртіп ілім,білік дағдыларын дамыту, дене еңбегіне де, ой еңбегіне де қабілетті, жан-жақты жетілген азамат етіп, балалардың қайрат-жігерін, ақыл-ойын халықтың өнер туындылары негізінде оқытып,тәрбиелеу арқылы іске асырылады.

Балабақша – бүлдіршіндерді болашақта салт-дәстүрді, өнерді дәріптейтін, ана тілін қадірлейтін, Отанын, елін, жерін сүйетін, ата-дәстүрін сақтайтын инабатты да,ибалы үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие орталығы.

№2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасында «Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбие беру мүмкіндіктері» атты арнайы жоба құрылды. Яғни,ұлттық рухты жаңғыртуда аса маңызды жоба бағытында алып отырмыз. Мақсатымыз: Балабақшада балаларға ұлттық тәрбие беру мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыру, қазақ халқының салт-дәстүрлерін тиімді дәріптеу, халықтық педагогика тағылымдарын ұштастырудың жолдарын зерделеу .

«Әрбір тәрбиеші сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті және әрбір ұлттың баласы өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиені сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деп **М.Жұмабаев** айтқандай, ұлттық ерекшелігімізді насихаттау, баланың ауызекі сөйлеу тілін дамытып, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру –әрбір педагогтың міндеті.

№2 «Айсұлу» бөбекжай-бақша ұжымы жобаны жүзеге асыру барысында «Асық: тәрбие және технология» атты семинар өткізіп, «Асық ойыны-ұлттық қазынамыз», «Асық терапиясының бала психологиясына әсері» баяндамалар оқылды. «Асығын алшысынан түссін»,«Ханталапай» ұлттық ойындарының тәрбиеші Г.Сарсенбаева, «Сиқырлы пішін» ойыны арқылы түстерді, пішіндерді ажырата отырып, асыққа бау өткізу арқылы балалардың қол ұсақ моторикасын

дамыту барысын А.Алимбаева, «Зейінді бол» ойыны арқылы балалардың ой-өрісін дамыту. Есептерді шығару арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін жинақтау. Асықтардың көмегімен көп және аз ұғымдарын салыстыруды А.Оразбаева, «Кім жеңімпаз?» ойыны балаларды ептілікке, бәсекелестікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу. Қол ұсақ моторикасын дамытуды Б.Үмбетәлі, «Ғажайып киіз үй» ойынының тәрбиеші А.Рыспаева халық ауыз әдебиетімен ұштастырып, түрлендіріп іс-тәжірибелерін көрсетті.

Балабақша тәрбиешілері асық арқылы санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды шешу, түрлі оқиғаларды ойлап тауып, бала танымына қоршаған әлем заңдылықтары мен оқиғаларын қызықты түрде жеткізуге тырысады. Асық ату ойыны арқылы балалардың мергендігін дамытуға, асықпен ойнайтын сан алуан ойындар арқылы бала денсаулығын шыңдауға болады. Мектепалды, ересек топтар үшін тапсырма қызықты әрі пайдалы. Баланың логикалық ойлауы, көзбен көру арқылы есте сақтау қабілеті артады, эстетикалық талғамы дамиды және бір-бірімен бәсекелесіп орындау барысында шапшаңдыққа үйренеді. Асықтан құралған тақтайшалармен жүру арқылы балалардың аяқ, қол еті қатайды, қабілеті артады.

Баланың тілін, сыни ойлауын дамытуға асық методикасының қосатын үлесі зор. Мысалы, атап айтқанда: «Тез ойла, сөз құра!», «Сиқырлы пішін», «Кім жылдам?», «Кім жеңімпаз?», «Көңілді шарлар», «Кім зейінді?», «Өз ұясын тап», «Сиқырлы жолақша», «Зейінді бол», «Түсіне қарай сәйкестендіру», «Сиқырлы шеңбер», «Өз түсін тап», «Ұяшықтағы түстерді тап», «Математикалық шеңбер»,«Моншақтар», «Үлкен,кіші кемелер», «Бауларды өткізу», «Көңілді сандар мен әріптер». «Түсіне қарай сәйкестендір», «Көңілді паровоз», т.б.

Сонымен қатар, «Бестемше» ұлттық ойынын балабақша өз тәжірибесіне енгізіп отырмыз. «Бестемше» ойыны арқылы балалардың танымдық, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттері дамиды.

Балабақша педагог тәрбиешілері «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда Бестемше ұлттық ойынын үйретудің әдістемелік ерекшеліктері» атты шеберлік семинарға жоғары деңгейде қатысып, сертификаттар алды.

Сондай-ақ, балабақшамызда «бала-ата-ана-тәрбиеші» үштік жұмысы алға қойылған. Ата-аналар балабақшадағы балалар өмірімен жеті таныс. Ата-аналарымыз ұжымдық іс-шараларға да белсене атсалысады.

Қорыта келгенде, білім алып, тәжірибе бөлісу, кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік- оқу,білім,тәрбие, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру керек. Іс-әрекет қимыл – қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады.





Педагог мәртебесі

Эссе

Набикулова Фарид, №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының әдіскері
Тараз қаласы



Білім беру саласы дүние жүзі бойынша айтарлықтай өзгеріске ұшырап, трансформациядан өтіп жатыр. Барлығымызға таныс білім беру стандарттары өзгеріп, жаңа форматтар мен әдістер пайда болды. Технологияның дамуымен қатар, соңғы жылдарда әлемді өз құрсауында қалдырған пандемияның да әсері орасан.

Бұл өзгерістер педагог қауымына тікелей әсер етті деуге болады. Жылдар бойы қалыптасқан оқыту үрдісі күрт үзіліп, қашықтан білім беру форматы енді. Жаңашылдық осы еді. Педагог мәртебесіне мұның бәрі қалай әсер етті?

Ел болып еңсеміз көтеріліп, дамыған елдің қатарына қосылуға ниет етіп жатқанда барлық саланы дамыту қажеттілігі пайда болды. Соның бірі – педагог беделі. **Мағжан Жұмабаевтың** «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі» деген сөзі баршамызға жақсы таныс. Ұстаз ұғымы қазақ тарихында қашанда ұлы саналды. Оларға құрмет пен сый керек еді. Алайда жаңа ғасырда бұл жағдай өзгергені белгілі. Ақпараттық ғасырда әлеуметтік желі дамып, ұстаздарға деген қоғамдағы қарым-қатынас өзгергендей болды. Алайда Қазақстанда педагог мәртебесі туралы заң қабылданып, бұл салада ірі ілгерілеу болды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 30-желтоқсан күні «Педагог мәртебесі туралы» заңға қол қойып, педагог мәртебесін заңмен бекітті.

Жаңа заңда қарастырылған позициялардың барлығы мұғалімнің жеке дамуына және оқу процесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, педагогтің оқыту мен тәрбиелеудің авторлық әдістерін әзірлеу және қолдану, оқу құралдарын таңдау, ақпараттық ресурстарды тегін пайдалану, біліктілікті арттыру және тағылымдамадан өту формаларын таңдау бойынша кәсіби құқықтары кеңейтілді.

Жергілікті атқарушы органдарға педагогтердің еңбегін көтермелеудің қосымша шараларын, соның ішінде жергілікті ерекшелік белгілерімен, құрметті атақтармен марапаттау, біржолғы сыйақы төлеу құқығы берілетін болады.

Балабақша – мектеп – колледж – жоғары оқу орнында берілетін білім мен тәрбиенің қайнар көзі ұстаздың өресіне, білімділігіне байланысты. Жаңа заң еліміздің тиісті деңгейдегі білім ордаларындағы мұғалімдерге де, білім алушыларға да тиімді болып, білім сапасын арттыруға зор мүмкіндік берді.

Одан бері ұстаздардың беделі артып, педагог мамандығына білім алғысы келетін жастардың қатары

артты. Оған биылдың өзінде оқу бітірген талапкерлердің көпшілігі педагогикалық мамандықтарды таңдағаны дәлел бола алады. Болашақ педагогтерге талап та қатал. Қазір кез келген талапкер мұғалімдікке түсе алмайды. Ұлттық бірінғай тестілеуден кемінде 75 балл алған мектеп бітірушілер ғана педагогикалық мамандықтарға оқуға түсе алады. Мұның барлығы соңғы жылдары Үкімет пен бұрынғы Білім және ғылым, қазіргі Оқу ағарту министрлігі жүргізген кешенді шаралардың арқасында жүзеге асты.

Осылайша, қоғамдағы ұстаз мәртебесі көтеріліп, мұғалім болғысы келетін жастар саны артқаны қуантады.

Ел Президенті Қ. Тоқаев биылғы қыркүйектегі халыққа Жолдауында да білім беру саласына ерекше назар аударды. **Қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе»** деген сөз бар. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек. Алайда, бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайды», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Бұл алдағы жылдары мектепке дейінгі білім беру саласына жіті көңіл бөлінетінін білдіреді. Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажеттілігі де айтылды. Ең бастысы, Қ. Тоқаев тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек екенін алға тартты. Осылайша, мектепке дейінгі білім беру мекемелері Үкіметтің күн тәртібінде басым бағыттардың біріне айналды. Алдағы жылдары осы бағытта жұмыс күшейеді деп күтеміз. Оның үстіне білім беру саласындағы профильді орталық орган екіге бөлініп, екі түрлі министрлік пайда болады. Мектептер мен балабақшалардың қызметіне Оқу ағарту министрлігі жауапты болып, осы бағытта бұрынғыдан да белсенді трансформация жүргізе бастайтыны анық. Осы ретте тәрбиешілердің де беделі бұрынғыдан да арта түсіп, жан-жақты дамып, біліктілігін арттыруға мүмкіндіктер пайда болмақ.

Мемлекет басшысы педагог жүктемесін азайта отырып, оның білім мен біліктілігі жоғары екеніне сенімді болу керек деген пікір білдірді.

«Осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуге тиіс. Олардың жұмыс жүктемесін де біртіндеп азайтқан жөн. Өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Сондықтан, балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет», – деп атап өтті Президент Қ. Тоқаев.

Балабақша қызметкері ретінде мектепке дейінгі мекемелердің мәселесі Мемлекет басшысының бақылауында екені қуантады. Бұл өзгерістер салаға жаңа серпін мен жаңашылдық алып келетініне кәміл сенеміз.





Балабақшадағы құм терапиясының тиімділігі

Алимбекова Акерке, №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының педагог психологі
Тараз қаласы



Бала біздің болашағымыз. Өскелең ұрпақты жан-жақты дамыту, жаңа технологияны жүзеге асыра отырып, жас ұрпаққа кемелді бағыт-бағдар беру сіз бен біздің қолымызда.

«Қиялдау - ол барлық мүмкіндіктердің анасы, онда қарама-қарсы сыртқы және

ішкі дүние бірге қосылады» деген құм терапиясының негізін қалаушы **Карл Густав Юнг**. Демек бала қиялындағы сөзбен айтып жеткізе алмайтын дүниесін құмға түсіре алады.

Құм терапиясы арқылы баланың қандай дағдылары дамиды:

- Шығармашылық
- Танымдық
- Интеллектуалдық
- Қарым-қатынас

Құм терапиясын қолданудың әдіс - тәсілдері:

- Өңгімелесу
- Түрлі-түсті құммен сурет салу
- Танымдық ойындар

Баланың қиялын дамытуда, өзін-өзі дамытуда қазіргі замандағы жаңа технологияның ерекше түрі бұл - құм терапиясы. Құммен жұмыс жасау баланы **ашуға тез берілуден, жылауықтықтан, агрессиядан айықтырады** және алдын-ала сақтайды.

Бала үшін әр өнердің түрі ерекше болғанымен, құммен сурет салу қай жағынан да тигізер пайдасы ерекше. Құм – тек баланы өнерге баулып қана қоймай, медициналық тұрғысынан да тиер көмегі ерекше. Қазіргі таңда, көпке таныла бастаған құм терапиясы да қарқын алып келе жатқаны баршаға мәлім. Балалар құммен сурет сала отырып есті, зейінді, қиялды болады әсемдікті, сезіне отырып, ұсақ қол моторикасы дамиды. Құммен ойнау кезінде жас шамасы ескерілмейді. Құм арқылы балалардың жан дүниесіндегі өзгерістерді сыртқа шығаруға мүмкіндік туады. Құммен ойнай отырып, бала қызығушылығы артып айнала қоршаған ортадағы құбылыстардың құм бетіне қиялдай отырып түсіреді. Бала осы құм арқылы әсемдікті, әдемілікті үйренеді. Адамдармен қарым-қатынас кезінде мейірімділікке, адамгершілікке жанашырлық қасиеттерді қалыптастырады. Шығармашылық ой толғаныс арқылы балалар өздеріне ұнаған суреттерін құм бетіне түсіре алады. Түрлі түсті құмдарды пайдалана отырып, балалар өз қиялынан түрлі ой-

толғаныстар пайда болады. Құм терапиясында ешқандай шектеу болмайды, барлық іс-әрекеттерге пайдалана береді. Мысалы танымдық іс-әрекетінде ойыншықтар, кішігірім пішіндерді қосса, онда баламен түрлі ертегілерді драмалау, ойын процесіне кіреді. Коммуникативтік іс-әрекетінде керсінше балалар ертегі кейіпкерлеріндегі үлкен зәулім үйлермен жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді құм бетіне бейнелей отырып сөздік қорлары дамиды, құммен сурет салу кезінде саусақтардың епті болуына әсер етеді.

Көптеген құм терапия ойындары бар.

1. **«Сиқырлы оюлар» ойыны.** Қарапайым оюларды түрлі түсті құмға әрлеп салу. Сонда сіз тәрбиеленушілерге **ұлттық** ою-өрнектердің мағынасын түсіндіріп, рухани **құндылықты** бойына сіңіртеміз.

2. **«Ойлан тап» ойыны.** Бірнеше фигура құмға көміліп, баладан оларды құмнан шығармай сипап сезу арқылы танытады.

3. **«Менің отбасым» ойыны.** Бала өз отбасын сиқырлы құмда көрсетуі керек. Сізге құм жәшігінде бейнеленген отбасы мүшелері туралы әңгіме құрау. Барлық қатысушы кейіпкерлерге ат қоюға болады.

Сондай-ақ, балабақша жасындағы тәрбиеленушілерге күрделі жұмыстар берілмейді. Құм өнері қандай да бір икемділікті талап етпейді. Жас ерекшеліктеріне сай жеңіл тапсырмалар беріліп отырады.

Кіші топ - еркін тақырыпта қалаған бейнелерді саусақпен салады.

Ортаңғы топ - өтілген тақырыпты қамтиды. Көлденең және тік сызықтарды салу.

Ересек топ – Әр түсті құмды пайдалана отырып, сюжеттік композицияларды салу. Пішін, дөңгелек, сопақ, шаршы, геометриялық фигураларды құмға түсіреді.

Мектепалды топ- ертегі кейіпкер бейнесін өзіне тән ерекшеліктермен салу. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін құм бетіне түсіру.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологияның бірі – құм терапиясы мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына өз септігін тигізеді және бүлдіршіндерді тәрбиелеу мен оқытуда тиімділігін көрсетті. Кез-келген жан тылсым дүниедегі ерекшелікті қажет етіп іздегенде құмның қасиетін, жылулығын сезініп, ұстап, өзі қалаған ішкі дүниесін ақтарып байқап көрген жөн. Бұның қасиеті де сол тартылыс күшінің мықтылығында жатыр. Құмды магнит деп те атауға болады.



Балабақша – тәрбие мен білімнің баспалдағы

Прманова Алтынай, №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Тараз қаласы



Қазақ тарихындағы бала тәрбиесін сөз етсек, отбасында ана мейірімі мен әкенің қатаңдығынан бастау алатынын байқаймыз. Бүгінде бұл үрдіс түбегейлі өзгеріп, өз мәнін жойды дей алмаймыз. Десекте өзгеше сипатқа ие. Бесіктен басталған бала тәрбиесі қарыштап

алға дамып келе жатқан ХХІ ғасырда балабақшада жалғасын табады. Күнкөріс қамымен жүрген жұмыс басты ата-аналар үшін баланың балабақшада тәлім-тәрбие алуы тиімді жол болып табылады. Балабақша қазіргі таңда тәлім-тәрбие алатын ортасы ғана емес, сонымен қатар мектепалды даярлық мекені десек артық айтпаймыз.



Тараз қаласындағы №2 "Айсұлу" бөбекжай-бақшасынан Ясли-сад №2 "Айсұлу" г. Тараз

Үндінің ұлы философы **Махатма Ганди**: *«Алтын, күміс секілді тастарға бағалылық беріп тұрған нәрсе-оны өндіру жолындағы еңбек қана»* деген екен. Ал оны түсінген адамға бұл сөзде астары терең мәнді ұғым жатыр. Міне, осы секілді елдің белді азаматы болатын, ертеңгі тұтқасын ұстайтын тұлғаны тәрбиелеп шығару жолында да балабақшаның рөлі зор.

Балабақша келешек азаматтарды тәрбиелейтін шағын институт.

Балғындардың шаттық күлкісіне толы бұл мекенде тәрбиеші педагогтар баланың тәрбиесімен қатар оның дамуына да даңғыл жол салады. Себебі, балабақшада бала бойындағы ерекше қабілеті байқалады.

Баланың алғашқы қылықтары көрініс тапқан сәттен бастап оның дамуындағы ерекшеліктерді назарға ұстаған жөн. Сондай-ақ көпшілік ортаға тез үйренісіп, адамдармен тіл табысуға да балабақшаның берері мол.

Әлем бойынша 40 мыңнан астам мамандық иелері жұ-

мыс жасайды десек, солардың ішіндегі ең ауыр әрі жауаптысы ұстаздық сала.

Баланың өмірге жеке тұлға ретіндегі алғашқы қадамдарын жасап, оған бағыт-бағдар беру жолында тәрбиешілердің еңбегі өлшеусіз. Әр балаға жеке тұлға ретінде қарайтын тәрбиеші педагогтар түрлі мінезі бар балалардың тілін тауып, олармен жүйелі жұмыс жасайды.

Балабақшада тәрбиеленген бала белгілі бір тәртіпке бағына бастайды және оны заңдылық ретінде қабылдап, өзін бейімдейді. Мәселен, бала біріншіден күн тәртібіне бағынады. Уақтылы ас ішу, ойнау, теледидарды өз уақытымен көру, түскі уақытта ұйықтау секілді дүниелерді әдетіне айналдыра бастайды.

Балабақша-тәрбиенің алтын бесігі. Бала өсіп келе жатқан шыбық секілді екені рас. Оған алдыңғы буынның әрбір әрекеті дұрыс дүние секілді көрінеді. Қалай баптайсың, соның жемісі өзіне қайтады. Сол себепті әрбір тәрбиеші –педагог оған үлкен жауапкершілікпен қарау керек.



Мектеп жасына дейінгі балалар үшін кітаптың маңызы

Ашимбаева Тансык, №2«Айсұлу» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Тараз қаласы



«Балаларға кітап беру арқылы біз оларға қанат береміз».

И.Лепман

Мектепке дейінгі балалық шақ – тұлға дамуының айқындаушы кезеңі болып табылады 6 жасқа дейін бала қоршаған әлемді қызығушылықпен танып, әртүрлі әсерлерге губка сияқты қаныққан, басқалардың мінез-құлық нормаларын меңгереді, кітап кейіпкерлеріне еліктейді. Мектеп жасына дейінгі

балаға жан-жақты әлемді көру, осы дүниеге таң қалу және оны түсіну үшін кітап керек.

Мектеп жасына дейінгі балалар – оқырман емес, тыңдаушы, оларға көркем шығарманы тәрбиеші жеткізеді, сондықтан олардың мәнерлеп оқу дағдыларын меңгеруі ерекше маңызға ие. Тәрбиешінің алдында маңызды міндет тұр, әр шығарманы балаларға көркем шығарма ретінде жеткізу, оның мақсатын ашу керек, тыңдаушыға оқылған нәрсеге эмоционалды қатынасты көрсету, кейіпкерлердің сезімі, іс-әрекеті, лирикалық тәжірибелері.

Әдеби шығарманы дұрыс қабылдау, көркем сөздің мазмұны мен элементтерімен қатар шығармашылық қабілеттер өзінен-өзі келе бермейді: оны жастайынан дамытып, тәрбиелеу керек. Осыған байланысты балаларда көркем шығармаларды тыңдау үшін белсенді көркем сөйлемді тыңдау қабілетін қалыптастыру өте маңызды. Осы дағдылардың арқасында бала өзінің бейнелі, түрлі-түсті, грамматикалық тұрғыда дұрыс құрастырылған сөйлеуін қалыптастырады.

Өкінішке орай, біздің ақпараттандыру заманында балалардың кітапқа деген көзқарасы өзгерді, кітап оқуға деген қызығушылық төмендей бастады. Көптеген зерттеулерге сәйкес, мектепке дейінгі жастағы балалар кітаптан гөрі смартфондар мен теледидар, компьютерлік ойындарды көргенді ұнатады. Соның салдарынан балалар оқуды қаламайды.

Бүгінгі таңда бұл мәселені шешудің өзектілігі айқын. Балада оқырманды тәрбиелеу үшін тәрбиешінің өзі кітапқа қызығушылық танытып, оның адам өміріндегі рөлін түсініп, мектеп жасына дейінгі балаларға ұсынылатын кітаптарды білуі керек. Баланы кітап әлемімен кім таныстырады? Бұл ата-аналар мен мектепке дейінгі мекемелердің қызметкерлері айналысады. Мектеп – оқырманды қалыптастырудың бірінші емес, келесі кезеңі.

Осыған сүйене отырып, балалар әдебиеті мен оқу мәселесін ең жақсы білетін адам мектепке дейінгі тәрбиеші болуы керек. Ол балаларды кітаппен таныстыру, олардың оқу процесіне қызығушылығын тудыру және шығарманың мазмұнын терең түсіну міндеттерін ғана емес, сонымен қатар отбасылық оқу бойынша кеңесші, кітапты насихаттаушы, кітапты насихаттаушы қызметін атқарады. Кітап білімі, балалардың кітапқа және оқу процесіне деген көзқарасының өзгеруіне тез және нақты жауап беретін әлеуметтанушы, көркем мәтінді қабылдау мен балаларға әсерін бақылайтын психолог.

Мектепке жасына дейінгі балаларда кітап оқуға деген оң көзқарас, баланың мектепте табысты білім алуының негізі. Ал кітап баланың өмір бойы жақсы досына, кеңесшісіне, көмекшісіне айналады.





Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойын

Бегімбетова Нурила, №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Тараз қаласы



Бала өмірінің мектепке дейінгі кезеңі оның өсіп жетілуіндегі жауапты кезең. Бұл кезде баланың ақыл-ой қабілеті, қасиеттері мен эстетикалық сезімдері қалыптасады. Ойын – тәрбие берудегі ең тиімді тәсілдердің бірі.

Балабақша қызметкерлерінің алдына қойған мақсат-балалардың жас ерекшелігіне қарай бабалар тарихын негізге ала отырып ұлттық тәрбиені, салт-дәстүрімізді бойына сіңіру. Салт-дәстүрімізді насихаттау. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге, жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр.

Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз керек.

Ойын – бала ағзасы үшін өте қажет және балалар үшін өте күрделі әрекет. Халқымыздың ұлттық ойындарының көпшілігі ойлауды қажет етеді. Балабақшада өткізілетін қимылды ойын түрлері баланы ептілікке, зейінділікке, ұқыптылыққа баулиды. Балаларға арналған ұлттық ойын түрлері, мысалы: «Айгөлек», «Ханталапай», «Арқаласпақ», «Бес тас», «Арқан тартыс», «Тақиятастамақ» т.с.с ойындар балалардың дене бітімін ғана емес, ақыл-ойын да жетілдіреді.

Біздің балабақшаның қызметшілері ұлттық үрдістерді түрлі іс-шаралар барысында, серуен уақытында, оқу іс-әрекеті, серуен уақытында, ойын іс-әрекетінде де үнемі пайдаланып, баланы ұлтжанды етіп тәрбиелеуге өз үлестерін қосып келе жатыр. Сол іс-шаралар барысында ұлттық дәстүрлерді дәріптеп, ата-баба тарихын тереңірек тануына мүмкіндік береді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ата-аналармен бірлесе отырып,

іс-шаралар ұйымдастырамыз. Мысалы ұлттық ойынға қажетті асықты ата-аналармен бірлесе жинап, соның нәтижесінде көптеген асықпен ойын түрлері жүргізілді.

Мысалы үшін: «Хан алшы» - ойыны ауыз бірлікке, ептілікке, зейінділікке, достыққа тәрбиелеп, асықтың алшы, бүк, шік, және хан деген ұғымдарын қалыптастырып, есте сақтау қабілетін арттыруға арналған.

«Омпы» - асықты бір сызық бойына тізіп, оны дәл көздеп ата білуге, ептілікке баулу, мергендікті бала бойына дарыту.

«Ханталапай» - «Талапай-ау талапай, табылды ойын алақай!» деп қоржындағы асықты балалардың алдына шашып, «Ханталапай» деп дауыстап асықтарды таласып бөліп алады, хан асығы қолына түскен бала ойынды бастайды. Міне, бұл ойында ептілікке, шапшаңдыққа, мергендікке, достыққа, бәсеке-лестікке баланы баулиды.

Ұлттық ойынның қайсібірі болмасын мазмұны жағынан балаға түсінікті, әсерлі және ықшамды.

Халқымыз «Бала ойынменен өседі» деген өмірлік қорытынды жасап, оны бала тәрбиесінде тиек еткен.

«Балалармен ойнайды,

Ойнап жүріп ол бала,

Кеудеде ақыл ойлайды» – деген өлең жолдары осыған дәлел.

Ұлттық педагогика негіздерімен балаларды оқыту арқылы оларды өз халқын сыйлауға, туған тілін құрметтеуге үйретеді. Балалар бір бірімен қарым-қатынас кезінде өзара кішіпейілдікпен қарауды, әдеп сақтауды, сыпайы сөйлесуді қалыптастырады, нәтижесінде балалардың тіл мәдениеті жетіледі.



«Бала тілі – бал»

Рыспаева Алтынай, №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Тараз қаласы



*Қазақ тілім өз тілім, ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.*

*Қастерлейді ұл - қызың мәңгі сені,
Болашағым, бақытым дара тілім*

Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат – мүддесі біреу, ол – болашақ тәрбиесі.

Сондықтан тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, оған тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, қарастыру әрбір ұжымның іскерлігі мен ізденімпаздығы, тапқырлығы мен шығармашылығын талап етеді. «Адамға ең бірінші тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі», – деген ғұлама ғалым **Әбу Насыр Әл-Фараби**. Міне, сол себепті өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінуі қажет.

Елімізде тілдің даму мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Соңғы жылдары тіл мүкестігі бар балалар санының күрт өскені байқалуда. Бұның әртүрлі себебі болуы мүмкін. Солардың бірі – ата-ананың зиянды әдеттері, баланы шектен тыс еркелету, сөйлеу тілі енді қалыптасып келе жатқан баламен бала тілінде сөйлесу, қос тілділік (орыс-қазақ) және т.б.

Сөйлеу тілінің бұзылуы баланың психикалық дамуына кері әсер етеді: оның мінез-құлқында, іс-әрекетінде, тәртібінде айқын көрініс табады. Ауыр тіл мүкестіктері баланың ақыл-ой дамуына, оның ішінде танымдық қызметтің жоғары деңгейлерінің қалыптасуында ықпалы зор. Сөйлеу тілінің бұзылуы мен қарым-қатынастың шектелуі баланың жан-жақты, әрі толыққанды дамуына кері ықпал жасайды, психикалық тежелулер туғызады, эмоция - ерік саласында спецификалық өзгешеліктер туындатады, мінез-құлқында теріс сапалардың қалыптасуына әкеліп соқтырады (жасықтық, қорқақтық, шешім қабылдауға дәрменсіздік т.б.).

Мұның барлығы өз кезегінде сауат ашу қиындықтарын туғызады, жалпы үлгерімді нашарлатады, болашақта мамандық таңдау бағдарын қиындатады. Сондықтан балаға ата-аналар, дәрігерлер, педагогтар тарапынан жан-жақты көмек беру қажет. Балалардағы тіл мүкестігін түзету тек біржақты процесс емес. Бұл ата-ана – тәрбиеші – логопед арасындағы тығыз байланыспен жүзеге асырылады.

М.М.Кальцова, сөйлеу тілінің дамуы моториканың дамуымен, әсіресе қол саусақтарының ұсақ моторикаларының



Тараз қаласындағы №2 "Айсұлу" бөбекжай-бақшасынан Ясли-сад №2 "Айсұлу" г. Тараз

дамуымен тығыз байланыста болатынын анықтаған. Сондықтан балаларды пирамидалармен, кубиктермен, мозаикалармен айналытуға, яғни ойнатуға тырысу керек.

Негізінен, бала бір жаста 10 сөзге дейін айтуға тиіс. Екі жаста 200-300 сөз білетіндей қабілетке жетеді. 3 жасқа дейін сөйлеу күрделенеді, сәби екі немесе одан да көп сөздерден тұратын тіркестерді қолдана бастайды, активті сөздік 1000 сөзге жетеді. Осы жастан бастап баланың жалпы сөйлеу тілі дамиды және оған тікелей себепкер ата-анасы болады.

Қазіргі күні көп ата-ана баласымен кішкентай кезінен бастап сөйлесе бермейді. Сөйлесетіндері сирек. Сөйлескенімен баланы шектен тыс еркелетіп, кәдімгі түсінікті тілмен емес, баланың былдырлаған тілімен сөйлеседі. Есесіне анасы баласымен түсінікті тілмен сөйлесіп, сөзді дұрыс айтуға үйретуі тиіс. Балаға сәби күнінде «бесік жырының» тигізер көмегі зор. Баланы кішкене күнінен қазақтың салт-дәстүрімен сусындату болып табылады. Ерте кезде қазақта үйде отырып ойнайтын «Ханталапай», «Бес асық», түзде ойнайтын «Шеңбер», «Тигізбекіл», «Үш табан» секілді асық ойындары ойнатылған. Бұлардың барлығы қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамытуға жақсы әсер етеді. Баламен отбасында орысша сөйлесіп, оны қазақ балабақшасына беріп, оны қазақша сөйлеуге мәжбүрлеуден балаға тек зияны тиеді. Тәрбие үйден, отбасынан басталатынын ата-аналар ұмытпауы тиіс. Үйде орысша сөздерге құлағы үйренген баланы бала сыртта қазақ тіліндегі сөздердің мән-мағынасын түсінбейді. Сондықтан, үйде тек баламен ғана емес, өзара қазақша сөйлескен абзал. Неге десеңіз, бала еркін сөйлеу қабілетінен айырылады, бұдан тіл мүкістене бастайды, дыбысталуы ұқсас әріптерді ажырата алмай қалады. Міне, осы себепті бала есейгенше онымен тек бір тілде ғана сөйлесіп, оған қазақша жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер жаттатып, үйрету керек. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті.

Ертегі, әңгімені, өлең-тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай-ақ мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүйуі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі. Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай-ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, ынабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді.

Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Қорыта айтқанда, балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлеу біздің басты міндетіміз. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап, жаңа сөздермен сөздік қорын толықтырып, жұмыс жасау керек.



Балабақшада бала денсаулығын нығайтудың маңызы

Тоюмбекова Элмира, №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Тараз қаласы



Балалардың денсаулығын нығайтуда, спортқа әуестендіріп, күн тәртібі ережелерін сақтай білуге, жаңа инновациялық жолдар арқылы шынықтыру, сауаттылыққа тәрбиелеу мектепке дейінгі мекеменің негізгі мақсаты. Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті.

Организмді шынықтыру бала денсаулығын күшейтудің ең негізгі жолы. Шынықтыру дене тәрбиесінің маңызды бөлігі, ол табиғи факторлардың үйлестірілген әсерлеріне жүйелі түрде жаттығулар арқылы орындалады.

Шынықтыру шаралары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Ұзу немесе тоқтату салдарынан организмді шынықтыру барысында қалыптасқан бейімделу реакциялары жойылады. Сондықтан да, шынықтырудың жүйелілігі, яғни шынықтыру әрекеттері күнделікті кез келген мезгілде жүргізілуі тиіс. Шыныққан бала аз ауырады, тәбеті мен ұйқысы жақсы, бітімі үйлесімді, әрі сымбатты келеді және ауа-райының кез келген жағдайында жеткілікті дәрежеде серуендей алады. Денсаулық табиғаттың

берген құнды байлығы, оны бастапқы күйде сақтау ол адамның жеке салауатты өмір сүруіне байланысты екенін есте сақтай отырып, шынықтыру жұмыстары жергілікті жердің климаттық жағдайларына сай жүргізілуі керек. Баланың дене құрылысын шынықтырушы іс-шаралар балаға ұнап, жақсы эмоция тудыруы мүмкін.

Балабақша педагогтары Кичко М.Е., Берикова Н., Логинова О.В. жасөспірімдердің денсаулығын инновациялық жолдар арқылы нығайтуда «Балабақшаға денсаулық үшін!» бағдарламасын өңдеп, іске асырады. Бағдарламаның алға қойған мақсаты: денені жан-жақты дамыту, дене құрылысын шынықтыру, іскерліктерін қалыптастыру, денсаулық сақтайтын технологияларды жүзеге асыру.

Жаңа инновациялық технологиялар бойынша балалар Порфирий Ивановтың төмендегідей әдістерін күнделікті шынықтыру шараларында пайдаланды.

Балаларға жалаң аяқ тұзды суға салынған алаша бойымен жүріп өту.

Жалаңаяқ жүру.

Қабырғалы тақтай үстімен және қиыршық тастар үстімен жүріп өту.



Тараз қаласындағы №2 "Айсұлу" бөбекжай-бақшасынан Ясли-сад №2 "Айсұлу" г. Тараз

Ашық су қоймаларында шомылдыру.
Денеді ылғалды сүлгімен ысқылап сүрту.
Біздің педагогтар бағдарламада
«Тыныс алу жаттығуы»
«Кинезиолог»
«Артикуляция»

«Фитбол» жаттығулары балаларға тиімді жолдар арқылы ұйымдастырылды. Сондай-ақ қаламыздағы «Дельфин» атты жаздық бассейніне шынықтыру саяхаты ұйымдастырылды.

Педагогтардың кешенді жұмыс бағдарламасының құрылымына енетін қосымша материалдар баланың дене бітіміне, денсаулығына әсер етіп жан-жақты дамытып, баланы еңбексүйгіштікке, ептілікке тәрбелейтіні сөзсіз.

«Дені сау болса – дәулет сол» демекші балдырған балаларымыздың дендері сау, дене бұлшық еттері қалыптасқан, батыл болып өсуіне ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс жүргізілсе баланың қызығушылығы артады. Осы бағытта балабақша «Шынықсаң шымыр боласың» насихат сөзіне сүйене отырып:

- Эстафеталық ойындар
- Өртүрлі кеңестер
- Практикалық тәжірибе
- Дамытушы жаттығулар
- Психожаттығулар тиімді және жоғары деңгейде өтеді.

Балабақшада емдік-сауықтыру жұмыстары әртүрлі шаралар арқылы өткізіледі:

- Фитотерапия
- Кислород коктейлдер
- Нүкте массажы
- Табиғи факторлармен шынықтыру.

Жылдың барлық мезгілдерінде балалардың денсаулығына рационалды тамақтануына ерекше көңіл бөлінуде. Балабақшада баланың денсаулығын нығайтуға барлық жағдай жасалынған, материалдық техникалық базасы жоғары деңгейде.

Бүгінгі таңда, педагогтар мен тәрбиешілерде тәрбиенің тәсілдері мен әдістері, сондай-ақ бүкіл тәрбие бағдарламаларын саралауын, оған белгілі бір жаңалықтар енгізудің мүмкіндіктері мол.

Ертеде шығыс ғұламалары айтқандай, “10 жылдығын ойлаған тал өсіреді, 100 жылдығын ойлаған бала өсіреді”, - осындай жұмыстардың жүйелі жүргізілуінің барысында жасөспірімдердің денсаулығы жан-жақты дамыған, салауатты өмірді насихаттаушы, әнұранымызды шырақатып, көк байрақты желбірететін салауатты өмір салтына лайық, талабы мен жүрегіңде оты бар балалардың үмітіне дәнекер болып жатсақ қана, Егеменді еліміздің ертеңі болар жас ұрпақ тәрбиелей аламыз.



Бейнелеу өнеріндегі дәстүрден тыс әдістер

Ашимбаева Сауле, №2«Айсұлу» бөбекжай-бақшасының жоғары санатты бейнелеу өнері мұғалімі
Тараз қаласы



Бейнелеу өнері- мектепке дейінгі балалардың қызығушылықпен айналысатын іс-әрекеттерінің бірі. Бала бейнелеу өнерінің қай түрімен айналысса да өз көңіл күйін білдіреді.

Бейнелеу өнері-эстетикалық тәрбиенің негізгі құралы. Бұл көзқарасты философтар, педагогтар, психологтар қолдайды. Ежелгі гректер сурет салуға үйрету- қол еңбегін дамыту мен тәрбиелеудің негізгі құралы санаған. Ежелгі көзқарастың дұрыстығына көзіміз жеткендей, себебі грек мәдениеті суретпен дамыды және осы заманға дейін сақталған.

Н.К.Крупскаяның ойы бойынша, бейнелеу өнерінде балалардың еңбекке, еңбектенуге деген көзқарасы қалыптасады. Сурет салу еңбек сияқты құралмен жұмыс жасауды талап етеді. В.А. Сухомлинский сурет салуды қол еңбегінің үлкен зор құралы деп санаған.

Шығармашылық жұмыс жасауда жетістіктерге жету үшін қолданылатын әрбір әдіс-тәсілдер арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің түрленіп өтуі, баланың жан-жақты тәрбиеленуіне ықпалын тигізеді. Бейнелеу техникасының алуан түрлерін меңгеру қол қимылдарын дамытып, балаларға бейнелеуде өздерінің шығармашылық ойларын еркін бейнелеп көрсетуіне, қызықты әсерлі суреттер жасауға мүмкіндік береді.

Осы шығармашылық жұмыстың мақсаты- баланың қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай бейнелеу өнерінің ерекшеліктеріне машықтандыру. Әрекетті таңдауға мүмкіндік туғызу, әр бала өзін шығармашыл тұлға ретінде сезініп, бірлескен әрекет пен қарым қатынастан қанағат сезіміне ие болуына көмектесу. Ба-

лалардың көркемдік әсемдігін дамытуға жәрдемдесу.

Осы мақсаттарды шешу үшін баланың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыруда сурет салудың дәстүрден тыс практикалық әдістерін де енгізу тиімді. Шығармашылық жұмысында алынған тақырыптар балалардың жас шамасына лайықты түрде, жүйемен топтастырылады.

Шығармашылық жұмыстың үлгісі мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауға арналған.

Бейнелеу әрекеті үстінде балалар бірқатар іскерліктер мен дағдыларды меңгереді, заттар мен қоршаған әлем құбылысын талдауға үйренеді. Негізгі міндеттер: әрекетті таңдауға мүмкіндік туғызу, әр бала өзін жеке шығармашыл тұлға ретінде сезініп, бірлескен әрекет пен қарым-қатынастан қанағат сезіміне ие болуы тиіс.

Салт дәстүріміздің дәстүрлі асық ойынын жан жақты дамыту мақсатында бейнелеу іс-әрекетінде қолдануға болады. Асықтан берілген затты ою-өрнек элементтерімен сәндеуге (құрас-тырады, түстерді ажырату ойындарына, бастыру әдісі арқылы сурет салуға) балалар қуана, қызығушылықпен қолданады.

Дәстүрден тыс әдіспен сурет салуды үйренген бала, өз бетінше бастыру құралдарын іздеп тауып көрсетеді. Бұл баланың өмірге шығармашылықпен қарауының, кез келген затты әртүрлі мақсатта қолдана білу іскерлігін дамытудың алғы шарты болып табылады.

Сурет салу әдістері:

«**Бастыру әдісі**»: Әртүрлі заттармен бастыру арқылы сурет салу балабақша дәстүріне айналып келеді. Аталмыш техника арқылы жұмыс істеу балаларда жағымды эмоция тудырады, та-



ныс тұрмыстық заттарды көркем сурет салуға қолдану мүмкіншілігін ашады.

Бастыру үшін әртүрлі заттарды қолдануға болады. Мысалы: Асық, жапырақ, түрлі өсімдіктер, поролон, көкөністер, жүн, алақан, қарындаштың теріс бөлігі, жіп. Балалар бастырма көмегімен салынған бейнеге ерекше қызығушылық танытады. Әсіресе көкөніс қалдығынан балалардың көз алдында даярланған штамптар даяр сатып алғандарға қарағанда қызығушылықты үдете түседі. Картоп, сәбіз, асқабақ қабығынан, және қызылшадан түрлі пішіндер жасауға болады.

Мысалы: шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш даярлау; картоп немесе өзге көкөніс қиығында контур жасап, артығын кесу; штампты гуашка батыру немесе оған қылқалам көмегімен субояу жағу; қағаз немесе мата бетіне ойлаған сурет шығатындай етіп бастыру; штамптар көмегімен мата, кілем үлгілерінің оюын жасауға немесе ұлттық ою-өрнектерден сәндік композициялар құрастыруға болады. Жұмысқа ұлттық нақыш беру үшін жеке суреттермен ұжымдық жұмыстарды әшекейлеуде ұлттық ою-өрнектерді жүйелі қолдану өте маңызды.

Балалар ою-өрнекті бейнелеу арқылы кеңістікті бағдарлауға үйренеді және олардың аттарын атап есіне сақтайды.

«Саусақпен сурет салу әдісі»: Саусақпен сурет салу-алақанмен, саусақпен, табанмен бейнелеудің тағы бір тамаша әдісі. Бұл әдіс гуашь, майлы бояудың қасиетін (қанықтық, жұмсақтық) сезінуге көмектеседі. Балаларға алақан немесе саусаққа әр түсті бояу жағу арқылы заттың суретін салу ұсынылады, сондай-ақ таяқша, мақта, мата, поролонды қолдануға болады.

Қолдану ережесі:

- бояуды жайпақ табаққа, суды кішкентай ыдысқа құю, ал алақанмен сурет салғанда бояуды табаққа құйған жөн;

- әр саусақты бір түсті бояуға батыру, қағазға түсіріп болған соң ыдыстағы суға жуып, қағаз сүлгімен немесе ылғал шүберекпен сүрту керек.

Ағаштың суретін салғанда саусақпен діңі мен бұтақтарын бейнелейді, содан кейін алақанға сары, жасыл және қызыл сары бояуды жағып, жапырақтардың суретін салады.

Үлкен ақ қағазда (ұжымдық жұмысқа ыңғайлы) күннің суретін үлкен етіп салып, ал шуақтарды шеңбер бойымен балалар өз алақандарын бастыру арқылы түсірсе өте әдемі сурет шығады.

«Нүктелер арқылы сурет салу»: Нүктелер арқылы сурет салу (нүктелі сурет) дәстүрден тыс әдіске жатады. Сурет көптеген жекеленген нүктелер арқылы бейнеленсе, онда бұл сурет салу техникасы пуантилизм деп аталады. Нүктелер саусақ немесе қылқалам ұшымен тықылдату әдісі арқылы түсіріледі, нүктелердің көлемдері әртүрлі болуы мүмкін.

Нүктелер арқылы салынған сурет мозаика сияқты болады. Педагог контур нүктелерді қойып суреттің сызбасын даярлайды. Балаға нүктелерді сызықтармен қосу ұсынылады. Пайда болған бейнені аяқтауға, бояуға, сюжет ойластыруға және ат қоюға болады. Жұмысты аяқтаған соң балалар ашық түстерді немесе суық және жылы түстерді көп қолданған суреттерді топтастырады.

«Құммен сурет салу әдісі»: Балаларға құммен сурет салу өте қызықты болмақ, өйткені олар құммен ойнағанды қатты ұнататыны сөзсіз.

Қолдану ережесі: - ақ қағаз бетіне суреттің пішіні сызылып алынады;

- ПВА желімін сызылған сызық бойымен қылқаламмен жағып шығамыз;

- Жағылған желімнің үстіне ыдыстағы құмды себелеп шығамыз.

ПВА желімін қырыну көбігімен қосып трафареттің бетіне түсіне сай жағып шықса да ерекше бейне шығады.

Тік төртбұрышты губкалар арқылы үйдің пішінін, вагондар басқа да көліктер(баланың қиялына қарай) бейнелеп, өз ойын бенелеу үшін көп жеңілдіктер тигізеді.

Табиғаттың сұлу көрінісін бейнелеу балалар үшін қуанышты, әсерлі сәт.

Табиғат көрінісін бейнелеу үшін, қағазды умаждап бояуға салып бастыру, губкамен, мақта оралған таяқшамен бастыру арқылы оларға табиғаттан алған әсерін бейнелеуге көп әсерін тигізеді.

Мектепке дейінгі түрлі жастағы топтарда бейнелеу өнерінің өткізілуі сабақтарда балалар шығармашылығын дамыту үшін оқып үйретудің сан-алуан әдістері және ең алдымен балалар дербестігін, белсенділігін, өмір құбылысын көркемдік тұрғысынан қабылдау әрқашанда дара, әрі таңдамалы.

1) Асықтармен берілген пішінге (текемет, сырмақ, ұлттық ыдыстар және киімдер т.с.с.) ою-өрнектер құрастыру немесе асықпен бастыру әдісі арқылы түсін сәйкестендіре отырып өрнектермен әшекейлеу.

2) Шишаның бетіне бояу (гуашь) тамызып, оның бетіне таза қағазды басу. Шыққан дақтардан неге ұқсайтынын ойлап сурет етіп аяқтау.

3) Бастырма арқылы салғызу. Өшіргіштен, пенопласт, картоп, сәбізден бастырма жасау. Бояудың бетіне манка, опилка себу.

4) Үрлеу тәсілі. Сұйық бояуды қағаз бетіне тамызып оны үрлеу, одан шыққан бейне неге ұқсайтынын айту және аяқтау.

5) Үшкір затпен сурет салу. Шимен, үшкірленген ағаш, конус етіп оралған қағаздың ұшымен.

6) Саусақпен сурет салу. (Паралонға сия құйып, оған саусақты батырып сурет салу).

7) Кляксография. Қағаз бетіне қылқаламмен тамызылған тамшы неге ұқсағанын ойлап тауып, салу.

8) Нүктелеп салу. Қылқаламмен, мақталы таяқшамен нүктелеп салу.

9) Жіп графикасы. Жіптен әртүрлі заттардың бейнесін келтіру.

10) Балауыздармен сурет салып, оны су бояумен бояу.

11) Монотипия әдісі: шишаға салынған суретті қағазға бастыру.

12) Көбікпен сурет салу: көбікке ПВА желімін және оған қалаған түсті қосып бейнелеу.

13) Трафаретпен бастыру. Ойып салынған трафареттің бетіне бояу жағу.

Қағазды екіге бүктеу, 1-бетіне салынған суретті 2-бетіне бастыру (алма, көбелек т.с.с.)

Бейнелеу өнерінің бұл әдістерін үйрену барысында балалар өздері ойлап, өздерін шығармашыл ретінде сезінеді. Сонда балалар өз қабілеттерін көрсетуге толық мүмкіндік ала отырып, жұмыстарының нәтижесін көріп, қол жеткізген жетістіктерін сезінеді.

Көзделіп отырған білім, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру баланың жан жақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ең алдымен баланың дене және эмоциялық саулығын нығайту, дара ерекшелігін дамыту, өз бетімен білім алу жолдарын игеру үшін жағдай туғызуға бағыттталып отыр.





«Көңілді ойындар»

Демеукулова Жанар, №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Тараз қаласы



Мақсаты: Балаларға заттарды дөңгелек пішініне, түсіне қарай топтастырып ажыратуға, заттарды бір-біріне жұптастыруға, жабайы аңдардың баласын таба білуге үйрету.

Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін дамыту, өздігімен жұмыс істеуге машыктандыру.

Балаларды қамқорлыққа, ұқыптылыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.

Қолданылған материалдар: пойыз, дөңгелектер, тікенекті доптар, түрлі-түсті асықтар, жабайы аңдар мен олардың балалары, жабайы аңдардың жейтін тағамдары, сәбіз, қоян.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн. Өйткені бізге қонақтар келді. Бәріміз амандасып алайық.

- Сәлеметсіз бе!

- Балалар дөңгеленіп тұрады. Қонақтармен амандасады.

Амансың ба, алтын күн!

Амансың ба, көк аспан!

Амансың ба, достарым!

Сендерді көрсем қуанам.

Интерактивті тақтамен жұмыс

-Балалар жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілі

-Көктемде қандай өзгерістер болады?

-Жаңбыр жауады, күн жылынады т.б.

-Жарайсыңдар балалар!

Тәрбиеші: балалар тыңдайықшы, бұл ненің даусы екен?

Қане, мен барып көрейін. Ой, балалар мұнда хат бар екен.

Мен сендерге оны оқып берейін. Хатты қоян жазыпты, ол барлығымызды қонаққа шақырады. Ол бізбен бірге көңілді, қызықты ойындар ойнағысы келеді. Олай болса орманға қалай барамыз?

-Пойызбен барамыз.

Барсақ барайық.

-Балалар қараңдаршы пойыздың дөңгелегі бұзылып тұр екен, пойыздың дөңгелектерін орналастырайық.

Ойын: «Дөңгелектерді орналастыр».

Мақсаты: Балаларға дөңгелектерді жұп-жұбымен орналастыра білуге үйрету.

Шарты: Балалар дөңгелектерді жұп-жұбымен орналастырады.

Тәрбиеші: Балалар поездға отырмас бұрын, поезддың қандай дыбыс шығаратынын айтайықшы.

-Пух, чик-чик

-Балалар енді пойыз іске қосылады, абай болыңдар.

Аудио дыбыс

(пойыздың дауысы)

- Анау алыстан секіріп келе жатқан не болды екен?

- Қоян

-Қоянмен амандасайық.

Қоян: Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен сендерді көргеніме сондай қуаныштымын.

Алақай, алақай мен сендермен ойнайтын болдым. Келгендерін қандай жақсы болды.

Тәрбиеші: Бізде қарап тұрмайық,

Қызықты ойын бастайық.

Тікенекті допты алайық,

Қолымызды сиқырлап алайық.

«Тікенекті доп»

Мақсаты: Қол моторикасын дамыту.

Добым, добым домалақ

Қайда кеттің домалап.

Үстел үстің бүлдірдің

Тәрелкені сындырдың!

Тәрбиеші: Балалар мынау не зат болды екен?

Дұрыс айтасындар бұл асықтар оны бізге түсіне қарай ажырату керек екен.

Асық терапиясы

Дидактикалық ойын: «Түсіне қарай ажырат»

Мақсаты: Түстерді ажыратып, ұяшыққа орналастыруға үйрету.

Шарты: Балалар төрт түсті асықтарды түсіне қарай ұяшыққа орналастыру.

Дидактикалық ойын: «Аңдардың баласын тап!»

Мақсаты: Балаларға жабайы аңдардың атын атай білуге үйрету. Ойлау қабілетін арттыру.

Шарты: Жабайы аңдардың баласын орындарына апарып орналастырып қою.

Аю- қонжық, қасқыр - бөлтірік, қоян - көжек, түлкі – мышан.

«Аңдар немен қоректенеді?»

Мақсаты: жанашырлық,мейірімділік сезімдерін ояту, аңдарға қамқорлықпен қарауға баулу.

Шарты: Алжапқышқа аңдардың жейтін азықтарын жапсыру. Балмен, етпен, сәбізбен, балықпен қоректенеді.

Тәрбиеші: *Қоян өзің қандайсың,*

Бір ойынға тоймайсың.

Секіріп-секіріп,

Артымыздан қалмайсың.

Дидактикалық ойын: «Қоянды қоректендіреміз»

Мақсаты: Балаларға үлкен – кішіні сәбізді ажырата білуге үйрету.

Шарты: Балалар сәбіздермен қояндарды қоректендіру.

Қоян: Балалар сендерге көп рахмет менің көжектерімді қоректендірдіңдер, сендермен бірге көп ойын үйрендім. Балалар менің де сендерге арналған сыйлығым бар. Менің сиқырланған сәбізім бар, ол сендерге пайдалы дәрумені бар тәттілер береді.

Тәрбиеші: Балалар пойызымызға отырайық, бақшамызға қайтайық. Қоянмен қоштасайық.

(пойыздың аудио дыбысын қосылады)

Қоян: Сау болыңдар балақайлар, жолдарың болсын!

Қорытынды: Лэпбук бойынша сұраққа жауап береді. Сары, қызыл, жасыл, көк түстерді ажыратады; **дөңгелек** пішіндерді орналастыруды, ұсақ моториканы жетілдіруге қатысты жаттығуларды орындай алады; жабайы аңдарды, фетрден дайындалған материалдармен жұмыс жасауды біледі

Ал енді, балалар, бәріміз қонақтармен қоштасайық.

Қол ұстасып тұрайық,

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау-саламат болайық!





«Дәрігер»

Аралбаева Гаухар, №2 «Айсұлу» бөбекжай -бақшасының тәрбиешісі
Тараз қаласы



Максаты: Баланың сөздік қорын молайту, бір - біріне деген жағымды қарым - қатынас жасау, ой - қиялын одан әрі дамыту. Ойын арқылы балаларға қоршаған өмір жайлы кең білім қолдана отырып тәрбиелеу. Ойын кезінде ақ халатты абзал жандардың игі еңбегіне деген балалардың сүйіспеншілігін арттыру. Дәрігердің сезімталдығы мен кішіпейілділігі, қамқорлығы сияқты жақсы қасиеттерін жеткізе білуге

тәрбиелеу.

Құрал - жабдықтар: Ақ халат, ойыншықтар, медициналық ойыншықтар, құрал - жабдықтар, ноутбук ойыншық, қуыршақ, дәріхананың макеті.

Тәрбиеші: Балалар бізге көп қонақтар келген екен амандасайық.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме?

Шаттық шеңбер

Аспанымыз ашық болсын,

Еліміз тыныш болсын.

Деніміз сау болсын,

Достарымыз аман болсын!

Тәрбиеші: Балалар сендер қандай мазмұндық ойындар білесіңдер?

Балаларға сұрақ қоя отырып, мазмұндық ойындарды еске түсіріп жауаптарын алу.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар балалар. Енді сендер қандай мазмұндық ойын ойнағыларың келеді.

Балалар: «Дәрігер» ойынын ойнағымыз келеді.

Тәрбиеші: Балалар біз ауырсақ қайда барамыз?

Балалар: Дәрігерге

Тәрбиеші: Дәрігер қайда жұмыс жасайды?

Балалар: Ауруханада, емханада.

Тәрбиеші: Балалар біз ауырмау үшін, тамақтарымызды тауысып ішіп, дәрумедері көп көкөністер мен жемістерді көбірек жеуіміз керек. Сонымен қатар дәрігерге қаралуға барғанда дәрігерден қорықпай ауырған жерімізді емдетіп алғанымыз дұрыс.

Тәрбиеші: «Дәрігер» ойынын ойнаймыз. Ең алдымен дәрігер туралы кім тақпақ айтады?

Аяла: *Иш ауырса, тіс ауырса.*

Мамам дәрі береді.

Барлық ана, барлық бала.

Оны жақсы көреді.

Айлин: *Әжеме тіс саламын.*

Көзіне әйнек тағамын

Сондықтан да өскенде

Мен дәрігер боламын

Жанерке: *Ақ халатты киемін*

Аппақ болып жүремін

Аппақ болып жүргенді.

Өзім жақсы көремін

Тәрбиеші: Ендеше бүгін біз Аурухана ойынын рөлге бөліп ойнайық. Кәне кім дәрігер, кім медбике, кім ана, кім ата, кім апа, кім қабылдау бөлімі, кім дәріханашы болғысы келеді.

Қабылдау бөлімі: қоңырау соғылады, сәлематсыз ба?

Ана: кызым ауырып қызу көтеріліп тұр.

Қабылдау бөлімі: сағат 2-ге келіңіз.

Ата: мен дәрігерге қаралайын деп ем.

Қабылдау бөлім: сіз сағат 3-ке келіңіз

Ата: жарайды, рахмет.

Ана: Сәлеметсіз бе? дәрігер

Дәрігер: Сәлеметсіз?

Ана: Менің балам түнімен ауырып шықты, қарап жіберіңізші.

Дәрігер: Қашаннан бері аурады?

Ана: Кешеден бері.

Дәрігер: Ендеше қызуын өлшейін. Қызуы жок, енді аузыңды аша ғой тамағыңды қарап жіберейін. Тамағы қызармаған, жақсы. Енді өкпесін тыңдайын. Балаңызға салқын тиген өкпесінде сырылы бар, емдеу керек. Мына дәріні дәріханадан алып, балаңызға ішкізіңіз.

Ана: Рахмет дәрігер, сау болыңыз.

Ана: Саламатсыз ба?

Дәріханашы: Саламатсыз ба?

Ана: Маған мына дәріні беріңізші?

Дәріханашы: Қағазыңыз бар ма? Мына дәріні 2 мезгіл беріңіз.

Ана: Рахмет. Сау болыңыз.

Дәріханашы: Сау болыңыз

Ата: Амансың ба қызым.

Дәрігер: сәлематсыз ба? Келіңіз, отырыңыз. Қай жеріңіз ауырады? Аяғым. Ана жерге жатыңыз. Мына аяғыңыз ауыра ма.

Ата: ия

Дәрігер: екінші аяғыңызды тексерейін, тұрыңыз. Медбике ханым мына дәріні жазып беріңіз.

Медбике: Ата мына жақпа май, мынау дәрі

Ата: рахмет сау болыңдар.

Дәрігер: ауырмаңыз, сау болыңыз.

Медбике: ата кіріңіз.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар келіндер сендерді таныстырып өтейін.

Бас бала дәрігер: Айлин, Шах-Төре.

Медбике: Іңкәр, Фатима

Дәріханашы: Жания

Ана: Айкөркем.

Тосын сый

Осы кезде есік қағылып ішке Қуыршақ Айша келеді. Қолында дәрігердің сөмкесі бар. Ол дәрігер қорапшасындағы дәрігердің заттарын ажыратып беруін өтініп, көмек сұрады.

Д/ойын: «Не артық»

О/шарты: Балаларға дәрігер құралдарының ішінен артығын алып тастау керек. Айша балаларға ризашылығын білдіріп, қоштасты.

Тәрбиеші: Балалар сендер қандай ойын ойнадыңдар?

Балалар: сюжетті рөлдік Дәріхана, емхана ойынын.

Тәрбиеші: дәрігерге кімдер емделуге келді?

Балалардың жауабы.

Тәрбиеші: өте жақсы ойынды ойнадыңдар барлығың балалар. Қонақтарға сау болыңыз дейміз. Әрқашан ауырмай деніміз сау болсын!





«Ақ анам» кіші тобына арналған 8-наурыз ертеңгілік сценарийі



Ералиева Гульнара, №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының педагог-модератор, тәрбиешісі
Тараз қаласы

Мақсаты: балаларға 8-наурыз мерекесі туралы түсінік беру, аналарды сыйлауға, ренжітпеуге үйрету. Мерекелік көңіл күй сыйлау, достық қарым-қатынас туғызу.

Музыка залы мерекеге сай безендірілген. «Анажаным» әнімен балалар музыка залына кіреді.

Тәрбиеші: Ардақты ана, аяулы ана қымбаттым
Тәтті ұйқыңды бөліп талай ұн қаттың.
Өміріме нәрін берді, ақ сүтін
Кең шуағын аясындай гүл бақтың.

Қымбатты аналар, әжелер, ұстаздар! Сіздерді 8-наурыз әйелдер мерекесімен құттықтаймыз! Құттықтай отыра, «Қызғалдақ» тобы балаларының дайындаған

«Ақ анам» атты ертеңгілігін тамашалауға шақырамыз. Балалардың орындауында әсем әнді қабыл алыңыздар.

Хор: «Айтайықшы өлеңді»

Тәрбиеші: Бәрімізге анасың,
Біз үшін күн боп жанасың.
Құтты болсын мерекең,
Құттықтаймын анашым! — деп, балалар өздерінің жылы лебіздерін айтпақшы.

Айбар: Анашым анам
Ризамын саған.
Тіліңді алам,
Ақылды болам.

Айсана: Анам болса қасымда,
Басқа бақыт не керек.
Аналардың тірегі,
Мейірімді гой керемет.

Аңсар: Мен анамды сүйемін,
Құшағына енемін.
Мәпелеген анамды,
Қуантсам деп келемін.

Айым: Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз.
Балаларды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Тәрбиеші: Сегізінші наурыз келді,
Шаттық сезім, ой келді.
Қуанышты күні енді,
Құттықтаймыз сіздерді!

Би: «Қуыршақтар биі»

Тәрбиеші: Құтты болсын ақ анам,
8-наурыздың!
Тілейді бақыт бір саған,
Әлтештеген ұл-қызың — деп, кезекті

балалардың жыр-шумақтарына береміз.

Азиз: Анашым анам,
Ризамын саған.
Тіліңді алам,
Ақылды болам.

Раяна: Алтын анам ол менің,
Мені жақсы көреді.
Үйретеді өлеңді,
Ертегі айтып береді.

Сезім: Мен анамды сүйемін,
Құшағына енемін.
Мәпелеген анамды,
Қуантсам деп келемін.

Амина: Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз.

Музыка әуенімен Қызыл телпек кіреді.

Қызыл телпек: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер мені таныдыңдар ма?

Тәрбиеші: Сәлеметсің бе, Қызыл телпек! Сен мұнда қайдан жүрсің?

Қызыл телпек: Мен анамның пісірген бауырсағын әжеме алып барамын.

Тәрбиеші: Мұның дұрыс екен, әжені әрқашан сыйлау керек.

Қызыл телпек: Ал, мұнда не болып жатыр? Балалардың бәрі әдемі болып кетіпті.

Тәрбиеші: Бізде аналар мерекесі болып жатыр. Балалар мерекеге өз өнерлерін дайындады.

Қызыл телпек: Мен де балалардың өнерлерін тамашаласам бола ма?

Тәрбиеші: Әрине. Төрлет Қызыл телпек! Бүгінгі мерекеге әжелеріміз де келіпті. Қыздар әжелерін құттықтап, тапқақтарын айтып берсін.

Аяна: Қабағым қараған,
Айналайын ақ әжем.
Тентек болсам кешірген,
Ауырмашы ақ әжем.

Инжу: Шай қайнатып келейін,
Шекер салып берейін.
Өзім құйып берейін,
Балдай тәтті бал әжем.

Айкөркем: Менің әжем, ақ әжем
Айтқан сөзі дәл әжем.
Аман болса көреді,
Қызығымды әлі әжем.

Айзере: Таусылмайды өлеңі,
Күнде айтып береді.
Барған сайын бір жаққа,
Кәмпіт алып келеді.

Тәрбиеші: Қызыл телпек, балалардың тапқақтары саған ұнады ма?

Қызыл телпек: Әрине ұнады.
Музыка әуенімен Қасқыр кіреді.

Қасқыр: Оу, Қызыл телпек, сені де көретін күн болады екен-ау! Әдемі болып кетіпсің! Құпия болмаса қайда бара жатырсың?

Қызыл телпек: Мен әжеме бара жатырмын.

Қасқыр: Қызыл телпек, мына балалар да сенімен бара жатыр ма?

Тәрбиеші: Жок, Қасеке. Біздің балалар аналар мерекесін тойлап жатыр.

Қасқыр: Солай ма? Ендеше аналар мерекелеріңіз құтты болсын!

Тәрбиеші: Ана — біздің гүліміз,
Ана біздің күніміз.
Аналарды құттықтап,
Әсем әнге саламыз!

Хор: «Біз бақытты баламыз»

Қызыл телпек: Қасеке, балалар сондай өнерлі екен! Балалармен ойын ойнайық, бір серігіп қалсын.

Ойын: «Гүл құрастыру»

Тәрбиеші: Ойының қызық екен, балалар бір серігіп қалды.

Қасқыр: Қызыл телпек, сендер мерекені тойлай беріңдер, ал мен асығыспын. Сау болыңдар!

Тәрбиеші: Қызыл телпек, сен қалай ойлайсың, Қасқыр асығып сенің әжеңе кеткен жоқ па?

Қызыл телпек: Дұрыс айтасыз. Мен барып әжемді құтқарайын. Сау болыңдар, балалар!

Музыка әуенімен Көктем аруы кіреді.

Көктем аруы: Мен — көгілдір көктеммін,
Быттыр келіп кеткенмін.
Көзін ашып бұлақтың,
Түбіне тал еккенмін.

Амансыңдар ма, балалар! Амансыздар ма, асыл аналар! Мерекелеріңіз құтты болсын!



Тараз қаласындағы №2 "Айсұлу" бөбекжай-бақшасынан Ясли-сад №2 "Айсұлу" г. Тараз

Тәрбиеші: Көктем аруы, мерекемізге қош келдіңіз! Төрлетіңіз!
Сізге асыға күттік. Сізге арналған балалардың әні бар, қабыл алыңыз.
Хор: «Көктем»

Көктем аруы: Балалар, әндерің қандай керемет! Мен сендерге ойын ала келдім.

Ойын: «Күн мен жаңбыр»

Жүргізуші: *Барлық бала бірігіп,
Көтерейік көңілді.
Аналарды құттықтап,*

Би билейік шаттанып.

Би: «Микки Маус биі»

Жүргізуші: *Құтты болсын осы шаттық күніңіз,
Бақытты да, ұзақ өмір сүріңіз.
Қуанышты жүзіңізбен әрдайым,*

*Бұл өмірде күліп қана жүріңіз – деп, бүгінгі
мерекемізді осымен аяқтаймыз. Келесі кездескенше сау болыңыз-
дар!!!*



«Математика әлемі»

Әшірәлиева Айгул, №2 «Айсұлу» бөбекжай -бақшасының тәрбиешісі
Тараз қаласы



Мақсаты: 5-ке дейінгі сандарды тура және кері санау, пішіндер туралы ұғымдарын тиянақтау, оларды ажыратуды үйрету, кеңістікте бағдарлау қабілетін қалыптастыру, түстерді ажыратуға баулу.

Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, іс-әрекет дағдыларын, қарым-қатынас, көмек көрсету, сыйластықты қалыптастыру.

Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

– Жарайсыңдар, балалар! Бүгінгі күніміз сәтті өтсін, орнымызға отырайық.

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі біздің іс-әрекетіміз ерекше болмақ. Біз өзіміздің білімімізді, тапқырлығымызды көрсете білуіміз керек. Ол үшін біз мұқият тыңдауымыз қажет!

Ал, олай болса айтыңдаршы, қазір жылдың қай мезгілі?

Көктем айларын атайықшы.

Ал бір аптада неше күн бар?

Көктемде ауа райында қандай өзгерістер болады?

Көктем– весна.

– Наурыз, сәуір, мамыр

– Бір аптада 7 күн бар. Атап береді.

Балалар жарыса отырып сурет арқылы сұрақтарға жауап береді.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар!

Балалар, бүгін біз математика негіздері іс-әрекетін өтеміз. іс-әрекетін тақырыбы: «Математика әлемі».

Тәрбиеші: Балалар, сендер нешеге дейін санай аласыңдар?

Олай болса, санайықшы!

1,2,3,4,5!

Ал енді кері санаймыз!

5, 4, 3, 2,1!

Жарайсыңдар, балалар!

ҒАЖАЙЫП СӘТ:

СМС келеді. Аудио арқылы дауыс естіледі.

«Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен білім ханшайымы боламын. Мен сендердің білімдеріңді тексеремін деп, өздеріңе тапсырмалар жібердім. Тапсырмаларымды дұрыс орындасандар, менің сендерге сыйлығым бар!»

Балалар, білім ханшайымының тапсырмаларын дұрыс орындап, сыйлық аламыз ба?

Олай болса бірінші тапсырмаға назар аударайық!

1 санының тапсырмасына назар аударайық!

Дидактикалық ойын: «Жемістерді санау».

Тәрбиеші: Балалар, енді екінші тапсырманы орындайық!

2-тапсырма: «Дидактикалық ойын: Заттар мен сандарды теңестіру» Ал екінші тапсырмада сендер заттар мен сандарды теңестіріп, белгілейсіңдер.

3 санының тапсырмасы: Бұл тапсырмада балалар, сендер, қоянға бір қап сәбізге жету үшін, сандарды дұрыс орналастырып,

көмектесесіңдер. Тапсырманы дұрыс орындадыңдар, жарайсыңдар!

Сергіту сәті:

Мынау – менің жүрегім,

Бәрі осыдан басталған

Мынау – басым ақылды,

Бәрін осы басқарған.

Мынау – менің оң қолым

Мынау – мынау менің сол қолым

Барлық істі басқарған.

Кел, балалар, ойнайық!

Ойнайық та, ойнайық!

Қандай есеп болса да

Шешпей оны қоймайық!

4 санының тапсырмасы: «Пішіндерді суреттермен сәйкестендірі!»

Тәрбиеші: Балалар, төртінші тапсырманың шарты бойынша алдарыңдағы әр суретті кілемшедегі сәйкес пішіннің қатарына орналастыру қажет!

Тәрбиеші: *Балалар, тамаша!*

Енді бір сергін алайық!

5 санының тапсырмасы:

Тәрбиеші: Енді, балалар,

5-тапсырманы слайд арқылы орындайық. Логикалық есептер слайдта көрсетіледі.

Бес алманың үшеуін

Досың сұрап алады.

Айтшы, сонда нешеуі

Өз қолыңда қалады? (екі)

Үш алманы бақтағы

Кіріп алып жинады.

Ең әдемі біреуін

Ақ тиінге сыйлады

Ыдыстағы алманың

Санап көрші қалғанын? (екі)

Жарайсыңдар, балалар!

Әуен ойналып, «білім ханшайымы» кіріп, балалармен амандасады.

Білім ханшайымы: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер менің тапсырмаларымды дұрыс орындадыңдар! Уәде еткендей сендерге сыйлығымды алып келдім, Енді балалар, сендерді көңілді биге шақырамын!

Сұрақтар қою арқылы, оқу қызметін қорытындылау.

– Балалар, біз бүгін қандай оқу қызметін өттік?

– Білім ханшайымының қандай тапсырмаларын орындадыңдар?

– Сендерге қандай тапсырма ұнады?

Мадақтау.

Топ балаларын жалпы мадақтау.

Жарайсыңдар, балалар, бәріміз келген қонақтармен қоштасайық.

Көріскенше күн жақсы, сау саламат болайық.



С-Ш дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде ажырату

Раисова Елмира, №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының логопеді
Тараз қаласы



Мақсаты: С-Ш дыбыстарының артикуляциясын нақтылау, дыбыстарды буында, сөзде, сөйлем ішінде ажырату, дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, фонематикалық қабылдауын, байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын арттыру.

Түзете дамыту мақсаты: Ойлау, зейін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын

дамыту.

Тәрбиелік мақсаты: Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: айна, шар, су, қауырсындар, марблс тастары, суреттер т.б.

Әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрнекілік, ойындар, суреттер.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Логопедтің іс-әрекеті балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық қозғау

I. Ұйымдастыру.

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілі.

-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?

-Күн суытады. Ағаштардың жапырақтары сарғайып, жерге түседі. Құстар жылы жаққа ұшады. Жаңбыр жиі жауады. т.б.

Күз мезгілі туралы әңгімелейді.

II. Тыныс алу жаттығуын жасау.

Қауырсындарды ұшыру

Шарды үру. Суды үрлеу.

-Балалар, біз не үрледік?

-Шар және су.

-Шар сөзі қандай дыбыстан басталады?

-Су сөзі қандай дыбыстан басталады?

-Өте жақсы. Біздің бүгінгі тақырыбымыз с-ш дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде ажырату.

III. Артикуляциялық жаттығулар жасау.

1. «Айтқанға көнбеген тілді жазалау»

Мақсаты: тілді босансыту.

Бала тілін төменгі ерінге қойып, жоғары ернімен «пя-пя-пя» деп тигізіп айтады, содан кейін тілді жалпақ күйге келтіріп, созып шығару, 1-ден 10-ға дейін санағанша ұстау.

2. «Тісті тазалау»

Мақсаты: тілдің ұшы тістің сыртында ұстап тұруды үйрету.

Баланы жымитып, тілдің ұшымен төменгі және жоғарғы тістердің ішкі жағын тазалаймыз.

3. «Тәтті тосап»

Мақсаты: тілдің алдыңғы жағының қимылын дамыту

Күлеміз, аузымызды ашамыз, жалпақ тілмен жоғары және төменгі ерінді жалаймыз.

4. «Кесе»

Мақсаты: тілдің «шәшке» түріне келтіре алуын қадағалау.

Ауыз кең ашық. Жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп, 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеу керек.

IV. С дыбысының артикуляциясын еске түсіру.

Ерін жымиып, күлімсіреп тұрады. Тістердің арасы 1 мм ашық. Тілдің ұшы төменгі тістерге тіреліп тұрады. Тілдің ортасы көтеріңкі, ауа ағыны суық, еркін өтеді. Тілдің бүйір жақтаулары жоғары азу тістерге тііп тұрады. Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрынға баратын ауа жолын жабады, дыбыс перделері ашылады.

С дыбысы ысқырық дауыссыз дыбыстарға жатады. С қатаң дауыссыз дыбыс.

V. Ш дыбысының артикуляциясын еске түсіру.

Ерніміз дөңгеленеді. Тістердің арасында 1-2 мм саңылау болады. Тілдің ұшы таңдайдың алдыңғы жағына көтеріліп тұрады, бірақ таңдайға тимейді. Тілдің бүйірлері азуларға тиеді. Тыныс тілдің арасынан бірқалыпты шығады: алақанды ауызға жақындатса, жылы ауа сезіледі. Ш дыбысы ызың дауыссыздарға жатады. Ш қатаң дауыссыз дыбыс.

VI. «Ашық буынды, жабық буынға алмастыр» ойыны

Са-ас, ша-аш, шо-ош, се-ес, шу-уш, су-ус, ше-еш, си-ис, ши-иш.

VII. Фонематикалық қабылдауын дамыту

Бірнеше сөздер айту, С дыбысы бар сөздерді айтқанда қызыл түсті көтеру,

Ш дыбысын айтқанда көк түсті көтеру.

Шана, сана, сабақ, шабақ, шаш, лас, аласа, алаша, мысық, қысық, кеше, кесе, су, шу.

VIII. Суретпен жұмыс. Балаларға суреттерді үлестіру. Сол суреттер арқылы С, Ш дыбыстарын ажырату.

IX. «Күзгі ағашты сәндеу». Ұсақ моторикаға арналған жаттығу орындау.



X. Тіл ұстарту жаттығулары

Ша-ша-ша

Балалық шақ тамаша

Шу-шу-шу

Әжем шашты шашу

Шы-шы-шы

Қойды бақты қойшы

Аш-аш-аш

Қарағай, шырыша-ағаш.

Са-са-са – би билейді жараса

Іс – іс – іс – піседі жеміс.

XI. «Жемістер мен көкөністер». Себетке дұрыс орналастыр және ата.

XII. Логоритмика

Марблс тастарымен жұмыс. Суретті безендір.



С, Ш дыбыстарын ажыратады.

Суретпен жұмыс жүргізеді.

Ұсақ моторикаға арналған жаттығуды орындайды.

Тіл ұстарту жаттығуларын орындайды

Логоритмика орындайды

Рефлексивті түзетушілік

Бүгін қандай дыбыстарды өттік?

С-Ш дыбыстары қандай дыбыс?

С, Ш дыбыстарын айтып көрші?

С, Ш дыбыстарына сөздер ойла

Қойылған сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: С-ш дыбысын ажыратуды, дұрыс айтуды;

Игереді: С-Ш дыбыстарын, және сөздерді буынға бөлуді;

Қолдана алады: Суреттерді атауды, артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жасауды.



«САНА» роботының қызықты тапсырмалары

Сармантаева Данагуль, №2 Айсұлу бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Тараз қаласы



Мақсаты: Көрнекі-бейнелік ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыта отырып 5-ке дейінгі реттік санау және пішіндерді ажырату дағдыларын қалыптастыру.

Керекті құрал-жабдықтар: Ішінде жарығы бар аудио жазбалары алдын ала жазылған робот көрнекі құралы, үлестірмелі материалдар, түрлі-түсті асықтар.

Алдын ала жүргізілетін жұмыстар: Бірнеше күн бұрын топқа робот қонақ болып келетінін айтып, балалар, қызығушылығын

ояту.

Тәрбиеші: Балалар, сендерге бейсенбі күні қонаққа кім келеді деп едім?

Балалар: Робот.

Тәрбиеші: Қараңдаршы балалар, бүгін бізге қонаққа өз уәдесінде тұрып, робот келіпті.

Тәрбиеші ұялы телефонының блютуз құрылғысы арқылы аудиоларды басып, роботты сөйлетеді. Робот қуаты сөнетіндей дыбыс қатады.

Робот:Сәлем достар, менің атым САНА. Мен электронды роботпын.

Балалар амандасады.

Тәрбиеші: Балалар роботтың жарықтары жарқырап тұрушы еді, дауысы да өзгеріп тұр. Сана, неге сенің көңіл-күйің жоқ?

Робот: Достарым, менің қуатым сөніп тұр. Қуатымды толтыруға көмек беріңдерші. Ол үшін менімен бірге қызықты ойындар ойнаймыз. Сонда менің энергиям тасып, қуатым толады. Егер маған көмек берсеңдер, сендерге дайындап қойған сыйым бар. Көмектесесіңдер ме, балалар?

Балалар: Көмек береміз!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Сұраған жанға мейірімділік танытып көмек беру жақсы адамның ісі.

Балалармен бірге: *Әрқашан тілектес,
Досыңа сен көмектес.*

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар!Робот, ойын, ойнайық! Біздің балалар көмек беруге дайын.

Робот әр тапсырманың шартын айтып отырады, балалар тапсырмаларды орындайды.

Робот:Бірінші ойын «Көңілді қыстырғыштар» деп аталады.

«Көңілді қыстырғыштар» ойыны**Мақсаты:** Заттарды зерттеу барысында оның түсін, пішінін, санын айтып, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауын және қол моторикасын дамыту.

Шарты: Саусақтар арқылы сандар бейнеленген түрлі-түсті шеңберге санына және түсіне сәйкес қыстырғыштарды қыстырады. Түстерді атайды, қыстырғыштарды санайды.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Жылдам әрі дұрыс орындадыңдар!

Робот: Тамаша!

«Кім жылдам?» ойыны

Мақсаты: Ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Шарты: Балалар ұлдар және қыздар тобына бөлініп жарысады.

Ұлдарға көк түсті асықтары бар көк қоржын, қыздарға қызыл түсті асықтары бар қызыл қоржын беріледі. Жайылған ақ кілемшенің ортасына сандар орналастырады. Топқа бөлінген балалар сандарға сәйкес асықтарды жылдам қойып шығады. Ұлдар көк асықтарды сандардың оң жағына, қыздар қызыл асықтарды сандардың сол жағына орналастырады.

Бірінші болып шыққан бала қоржыннан асықтарды алып санға сәйкес орналастырады, екінші бала асықтарды жинап шығады. Үшінші бала асықтарды санға сәйкес қайта қойып шығады. Осылай

топ мүшелері аяқталғанша ойын жалғасады. Қай топ ойынды бірінші аяқтаса, сол топ жеңімпаз атанады.

Маңызды: Ойын басталмас бұрын топ мүшелеріне ережені мұқият түсіндіру керек. Топ мүшелеріне ұран айтқызу.

Ойын соңынан жеңімпаздарды мадақтау. Ұл мен қыз болып тек ойында жарысуға болатынын, ал өмірде бір-бірін сыйлау керектігі туралы түсіндіру.

Ұлдар ұраны: *Төзімдіміз, мықтымыз,
Әрқашанда күштіміз.
1,2,3!*

Жігіттерде алып күш!

Қыздар ұраны: *Сол қолымда білезік,
Оң қолымда сақина,
Ойнамаймыз машина!
1,2,3!*

Біз нәзік қыздармыз!

Робот: Жарайсыңдар, балалар! Менің қуатым толып келеді. Енді келесі ойын шартына назар аударыңдар!

«Ретін тап» ойыны

Мақсаты: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту.

Шарты: Берілген үлестірмелі материалдағы1-ден 5-ке дейінгі сандарды ретімен қою.

Ретімен қойылған сандарды тура және кері санау.

Тәрбиеші: Робот САНА, біздің балалар өте зерек, алғыр. Айтқан тапсырмаларыңды ойнай отырып оп-оңай орындап отыр. Қуатың толайын деді ме?

Робот: Жарайсыңдар, достарым! Қуатым толып келеді. Тағы бір ойын ойнайық!

«Көңілді пішіндер»

Мақсаты: Фигуралардың бұрыштарын санау арқылы реттік санау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды геометриялық фигураларды танып, атай білуге үйрету.

Шарты: Үлестірмелі материалдардағы бейнеленген түрлі-түсті пішіндердің бұрыштарына сәйкес түстегі асықтарды қою, оларды санау. Мысалы, үшбұрыштың түсі сары, сары түстегі асықтарды үш бұрышына орналастырып, бұл фигураның үшбұрышы бар екенін балаға айтқызу.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар!

Тәрбиеші роботтың көздері мен денесіндегі жарықтарын қосады.

Робот: Алақай, менің қуатым толды! Қараңдаршы, жарықтарым жанды.

Енді сендерге тағы бір қызықты ойын көрсеткім келіп тұр. Қараңдар!

«Ненің көлеңкесі!»

Мақсаты: Пішіндерді ерекше етіп көру арқылы заттар тобын салыстыруды үйрету.

Шарты: Балалар А3 форматындағы ақ парақты жарыққа апарып, көлеңкесі арқылы қай пішін екенін анықтайды. Үлкен немесе кіші екенін ажыратады. Пішіндердің бұрыштарын санайды.

Робот: Достарым, сендер өте алғыр, зерек, ақылды екенсіңдер. Міне сендерге дайындаған сыйлығым.

Тәрбиеші роботтың суреті бар үлкен қорапы алып шығады.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Бүгін сендер Санаға көмектесіп, сыйлық алдыңдар. Ашып ішінде не бар екенін көрейік!

Балаларға қол моторикасын дамытуға арналған түрлі-түспен жанытын кішкентай доптар беріледі.

Балалар өте қызығып ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

5 көлемінде тура және кері санай алады, сандарды ретімен атайды, түстерді және пішіндерді ажыратады.



«Әжемнің аңыз әңгімесі»

Сарсенбаева Гүлвира, №2 «Айсұлу» бөбекжай -бақшасының тәрбиешісі
Тараз қаласы



Мақсаты: Қазақ халқының мәдениеті мен салт дәстүрімен таныстыру арқылы ауыз-екі байланыстырып сөйлеуді үйрету. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналарға қатыса отырып, еркін қарым-қатынас жасай білуге дағдыландыру.

Алдын ала жұмыс

Қойылым: Әжемнің аңыз әңгімесі

Балалармен әңгіме: -асық туралы білгің келе ма?

Қатысатындар: тәрбиеші, тәрбиеленушілер,Әже, хан,уәзір саққұлақ, бала

Іс-әрекет барысы:

Әже: Ерте, ерте, ертеде бір хан болыпты. Оның жалғыз ұлы болыпты.Ұлы үнемі көңілсіз жүреді екен. Хан баласының көңілсіз жүргенін көріп уайымдапты. Хан ойлана келе уәзірін шақырыпты.

Хан: Шақырындар уәзірді маған!

Уәзір: Сәлем бердік ханием! Шақырдыңыз ба ханием!

Хан: Ия шақырттым, хан сарайы халқына хабарла, кімде кім баламның көңілін көтеретін болса, соған атбасындай алтын беретінімді жеткіз.

Уәзір: құп болады ханием.

-Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, Сұлтан ханның жарлығын тыңдаңыздар! Кімде кім Сұлтан ханның ұлы Еркерейдің көңілін көтеретін болса, соған ат басындай алтын бермекші. Тездетіп барлық халыққа жеткізіндер!

Әже: Сол кезде бұл жарлықты бірінші болып Саққұлақ естіп ханға келіпті.

Саққұлақ: Сәлем бердік ханием, сіздің жарлығыңызды естіп балаңыздың көңілін көтеретін мына асықты жілікті ала келдім.

Хан: Бұл сүйекті неге әкелдің?

Саққұлақ: -Ханием, бұл жәй сүйек емес, бұл сүйекте асық бар. Осы асықпен ойнағанда балаңыздың көңілі көтеріледі.

Хан: Қане, мына сүйектен асықты алыңдар!-деп хан бұйырыпты. Сөйтіп асықты шығарып балаға берсе, бала қызығып асықпен ойнай бастапты.

Бала: Алақай, алақай мен ойынымды таптым, келіндер достарым асықпен «Ханталапай» ойынын ойнайық. Сөйтіп, асық ойыны «Ханталапай» қазақ халқының ұлттық ойыны болып кетіпті



Көліктер тұрағы

Темирова Гульназ, №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Тараз қаласы



Мақсаты: Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыра отырып, логикалық ойлауын дамыту.

Алдын ала жүргізілетін жұмыстар: көлік түрлерін бақылау, оларды санау, түстерін ажырату, жолда жүру ережесіне байланысты әңгіме немесе дидактикалық ойын ұйымдастыру.

Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс мезгілі
- Қыс мезгілінде неше ай бар?
- Үш ай бар,
- Қыс айларын атайықшы?
- Желтоқсан, қаңтар, ақпан
- Қыс мезгілінде күн қандай болады?
- Салқын, суық, аязды, қарлы, боранды болады.

Жарайсындар балалар, күнсуық, ал сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіндер?

Балалар өз жауаптарын айтады.

Тәрбиеші: Жарайсындар!

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын ал сендер тауып көріңдер?

Жүргізуші жүргізеді,

Төрт аяқты батырды . (Жеңіл көлік)

Жарайсындар балалар, недеген тапқыр балалар едіңдер?!

Тәрбиеші: Біз бүгін көліктер тұрағына (гаражға) барамыз.

Көліктер тұрағы алыста, сол үш біз онда автобуспен барайық!

Зу, зу, зу біз кеттік,

Жүрісті үдеттік.

Гу - гу, гу - гу гуілде,

Қалып қойма біріңде.

Тәрбиеші: балалар, біз көліктер тұрағына келіп жеттік. Бөлмедегі «тұрақта» әртүрлі машина түрлері орналасқан. Балалар көріп қызығады. Тәрбиеші тұрақтағы көліктерді, олардың түстерін сұрайды. Балалар тәрбиеші сұрағына жауап береді. Осыдан кейін тәрбиеші көліктер жайлы түсінігін бекіту үшін дидактикалық ойындарды ойнатады.

1) «Өз пішінін таңда».

Тәрбиеші: Балалар, мына үстел үстінен әрқайсың өздеріңе ұнаған пішін таңдап алыңдар!

Тәрбиеші: Бір-бір пішінін таңдап алады.

Тәрбиеші: Енді біз сендермен «өз тұрағыңды тап» деген ойын ойнаймыз.

«Өз тұрағыңды тап». Балалар көңілді әуенге шеңбер бойымен жүреді. Әуен тоқтап қалғанда қолындағы пішіндеріне сәйкес машина жанына барып тұрады.

«Жүкті өз көлігіне орналастыр» Қолдарындағы пішіндерді түсіне сәйкес жүк көлігіне орналастырады.

Орнымыздан тұрамыз,

Қанатымызды жаямыз.

Ұшақ боп самғап ұшамыз,

Орнымызға қонамыз.

Д/о: «Жер, су, әуе» Балаларға көлік түрлері көрсетіледі, ал олар оны . классификациясын жерге отырып суреттерді әуеге, жерге, суға қою арқылы көрсетеді.

Д/о: «Ретімен қой.» Балалардың алдына үш сурет қойылады. Ал, балалар сандарды, қол саусақтары мен көліктерді ретімен санына сәйкес қойып шығады.

Күтілетін нәтиже:



Тараз қаласындағы №2 "Айсұлу" бөбекжай-бақшасынан Ясли-сад №2 "Айсұлу" г. Тараз

Немі біледі: көлік түрлерін, жүк тасуға арналған көліктер мен олардың адамдарды таситын көлік түрлерінен айырмашылығын, көліктің құрылысын.

Қандай түсініктерді игерді: көліктердің түсін, түрін ажыратуды, үйренгендерін күнделікті ойын кезінде түсініп қолдануды.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: көліктерді санай алады, көліктің құрылысы оның жүгінің сипаты мен мағынасына, автотұрақтардың көлік түрлері мен көлеміне байланысты болатындығын.



«Төрт түлік»

Утебаева Алтынай, №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Тараз қаласы



Мақсаты: Төрт түліктің төлдері, оларды бағатын адамдардың кәсіпшілік атаулары жайында балаларға түсінік беру. Төрт түлік жайлы түсініктерін кеңейту, ұғымдарын толықтыру, байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастыру, сөздік қорын байыту. Ойынның көрнекілігі: төрт түлік пен олардың төлдері бейнеленген үлестірмелі материалдар, олардың мүсіндері, суретті

плакаттар,

Тәрбиеші:

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

- Далада ауа-райы қандай?

- Ауа райы салқын.

- Көктем мезгілінің ерекшелігі қандай?

- Қар, мұз ериді, жаңбыр жиі жауады.

- Жазды сағындындар ма?

-Ия, сағындық. Олай болса бәріміз жайлауға аттанайық.

Ендеше, балалар бәріміз біріміздің артымыздан біріміз тұрып пойызға мініп, жайлауға барайықшы. Пойыз боп жүргенде түзу, әдепті болып жүру керек екен. Кәнеки, жайлауға жеткенше «Пойыз» өлеңін айтып барайық.

Ал, паравоз, баста ал,

Бәрімізді басқар да!

«Пи-пи,пи-пи!» - біз кеттік,

Жүрісті біз үдеттік.

Гу-гу, гу-гу, гүілде

Қалып қойма біріңде,

«Пи-пи, пи-пи!» - біз кеттік,

Жүрісті біз үдеттік.

Міне, балалар, жайлауға да жетіп қалдық.

Тәрбиеші: Балалар сендер үй жануарларын білесіңдер ме?

- Үйлеріңде қандай жануарлар бар?

- Сиыр, қой, ешкі, жылқы, түйелер жатады екен.

- Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз?

- Себебі олар адамның көмегімен үйде өсіріледі.

- Олар немен қоректенеді;

- Шөп, жем, сумен қоректенеді;

- Түйе, жылқы, сиыр, қой туралы не білесіңдер?

- Олардың бізге берер пайдасы бар ма?

Әрине, біз олардың сүтін,етін, жүнін пайдаланамыз.

Енді балалар мына жайлауға қараңдаршы.Не көріп отырымыз?

Балалар: Түйе, сиыр, қой, жылқы.

Тәрбиеші: Мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр Ойнайсыңдар ма?

Балалар: Ойнаймыз.

«Қай жануар қалай дыбыстайды» ойыны.

Тәрбиеші: Кәне қай жануар қалай дыбыстайтынын айтып жіберейікші!

• Сиыр мөңірейді;

• Жылқы кісінейді;

• Түйе боздайды;

• Қой, ешкі маңырайды.

«Төрт түлікті қалай шақырамыз?»

Тәрбиеші: Енді балалар осы жануарларды қалай шақырады екенбіз, кім айтады?

• Сиырды-аухау-аухау дейміз.

• Түйені-көс-көс дейміз.

• Жылқыны-қырау-қырау дейміз.

• Қойды-пұшайт-пұшайт

• Ешкіні-шөре-шөре дейміз.

«Төлдерін тап» ойыны.

Ойын шарты: Балалар үлестірмелі материалдың арасынан төрт түліктің төлдерін тауып қасына қояды.

Тәрбиеші: Балалар, осы жануарлардың төлдерін қалай атайды екенбіз, кім айтады?

• Сиырдың төлін – бұзау дейміз.

• Түйенің төлін – бота дейміз.

• Жылқының төлін – құлын дейміз.

• Қойдың төлін – қозы дейміз.

• Ешкінің төлін – лақ дейміз.

Дидактикалық ойын: «Қай төл не береді?»

Ойын шарты: Балалар үлестірмелі материал арқылы қай төлдің адамға қандай пайдасы бар екенін айта отырып, әр төлдің қасына не беретінін қойып шығады.

Мысалы: ет, сүт, жүн, тері т.б.

«Не артық?» ойыны

Ойын шарты: Төлдерге қатысы жоқ заттарды алып тастайды. (кәмпіт, балық, қағаз т.б.)

Тәрбиеші: Енді балалар мен сендерге жұмбақ жасырып көрейінші,кім тез табады екен?

1. *Кішкене ғана тоны бар,*

Айландырып киген тоны бар (Қозы).

2. *Кезікті бір жануар,*

Үстінде екі тауы бар. (Түйе)

Ал, енді балалар пойызымызға отырып балабақшамызға оралайық.

Қорыту:

Венн диаграмасы: Енді балалар мына үй жануарларымен жабайы аңдарды салыстырайық.

Үй жануарлары Айырмашылығы Жабайы жануарлар

-Балалар, сендерге ойын ұнады ма?

Үй жануарларына нелер жатады екен?

Төрт түліктің төлдерін қалай атаймыз?

Жануарлар қалай дыбыстайды?

Жануарларды қандай ертегілерден кездестіруге болады?

Мадақтау. Қоштасу.



«Ардақты анашым» мектепалды тобына арналған ертеңгілік сценарийі

Оразбаева Айнура, №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының
педагог-сарапшы музыка жетекшісі
Тараз қаласы



Мақсаты: 8-наурыз мерекесіне байланысты көңіл күйді сезінуге үйрету, анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, ананы сыйлауға тәрбиелеу, балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту.

Музыка залы мерекеге сай гүлдермен, түрлі түсті шарлармен безендірілген.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, қадірлі ұстаздар! Сіздерді 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтаймыз! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз! Құттықтай отыра, «Ботақан» тобының «Ардақты анашым» атты ертеңгілігін тамашалауға шақырамыз.

«Ана» әнімен қыздар қолдарына орамалдар ұстап кіріп билейді, ұлдар жүрекшелер ұстап кіріп жарты шеңберге тұрып билейді.

Ж.Нұрали: Құрметті қонақтар!

Нұрасыл: Ару аналар!

Б.Нұрали: Асыл әжелер!

Омар: Сұлу қыздар!

Барлығы: Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтаймыз!

Жүргізуші: *Бәрімізге анасың,
Біз үшін күн боп жанасың.
Құтты болсын мерекең,
Құттықтаймын анашым!*

Хор: «Ана деп ән салам»

(Әннен кейін балалар орындарына отырады)

Жүргізуші: *Әлтеңітеген, аялаған*

Ақ сүт беріп өсірген.

Аналарды мейрамымен,

Құттықтайды балалар! – деп, балалардың

таппақтарын қабыл алыңыздар!

Б.Нұрали: *Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым
Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың.*

Өміріме нәрін берді ақ сүтін,

Кең құшағың, аясындай гүл бақтың.

Фатима: *Ардақты әжелерім, аяулы аналарым,*

Мейірбан аппақ көңіл даналарым.

Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен,

Құттықтайды сіздерді балаларың.

Омар: *Ер жеткізіп елге берген баласын,*

Ақылдысың, ардақтысың, данасың.

Қарайтыным қас-қабағың бір сенің.

Қайратыңнан қайта көрме, анашым.

Рамазан: *Аяулы да, алтын нұрлы анашым,*

Жүрегіммен мәңгі бірге боласың.

Сен – асқарсың, сен – аспансың, биіксің,

Сен – дархансың, сен – жомартсың, данасың.

Аяла: *Анам менің – өмірдегі тірегім,*

Анам менің – кеудемдегі жүрегім.

Егер менің қасымда сен болмасаң,

Бұл өмірде қалай ғана жүремін.

Алинұр: *Алтын анам жасымнан аялаған,*

Мен үшін жақсылықты аямаған.

Бақшадан үйге келгенімде,

Бал сөзің «Жаным» деген сая маған.

Жүргізуші: *Мың бұралған ақ қайыңдай,*

Биіктер шықсын ортаға.

Ал, ендеше қол соғайық,

Қошеметтен шаттана.

Би: «Шығыс биі»

Жүргізуші: *Ана біздің күніміз*

Біз ананың гүліміз.

Балаңды ана қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз.

Ән: «Анам – алтын» Нұрасыл

Музыка ойналып, қолында алтын кілті бар Буратино кіріп би билейді де, балалардың артына тығылады.

Жүргізуші: Балалар, бұл кім екен?

Балалар: Буратино.

Жүргізуші: Буратино, саған не болды? Кімнен қашып келесің?

Буратино: Мен мына алтын кілтпен көктемді ұйқысынан оятайын деп бара жатыр едім, алдымнан Карабас шыға келіп, көктемді мен оятамын, кілтті маған бер деп қуалай жөнелді. Содан міне қашып келе жатырмын.

Жүргізуші: Қорықпа, Буратино. Біз сені Карабасқа бермейміз. Көгілдір көктемді сенімен бірге іздейміз.

Буратино: Ракмет сіздерге. Ал, мұнда не болып жатыр? Балалардың барлығы сондай әдемі киініп алыпты.

Жүргізуші: Сен бүгін қандай мереке екенін білмейсің бе? Бүгін аналар мерекесі. Балалар аналарын құттықтап, ән салып, би билеп жатыр.

Буратино: Менің де балалармен ән салып, би билегім келеді.

Жүргізуші: Ендеше төрлет, Буратино. Қонағымыз бол, балалардың орыс тіліндегі әсем әнін қабыл ал.

Хор: «Добрая, милая мама!»

Қазына: *Ақылшым менің анашым,
Мен үшін сен данасың.*

Үлгі боп сен ояттың

Қызыңның бар санасың.

Инжу: *Сеніміңді ақтайды,*

Еркелеткен баламын.

Аман жүріп әрқашан,

Мұңаймайы анашым.

Саят: *Бізді өсіріп баптаған,*

Жақсы болсаң шаттанған.

Алтыным деп мақтаған,

Айналайын ақ мамам.

Б.Санжар: *Анам менің – өмірдегі тірегім,*

Анам менің – кеудемдегі жүрегім.

Егер менің қасымда сен болмасаң,

Бұл өмірде қалай ғана жүремін.

Мансұр: *Айналайын анашым,*

Асқар таудай панасың.

Күн көзіндей күлімдеп,

Құшағыңа аласың.

Қорқынышты әуен ойналып, Карабас кіріп келеді.

Карабас: Буратино, сен осындамысың? Бер маған кілтті.

Буратино: Кілт менікі, бермеймін. (Карабас қуады, Буратино қашады)

Жүргізуші: Амансыз ба, Карабас! Бұл қуаласпақты доғарыңыз.

Карабас: Алдымен Буратино маған алтын кілтті берсін.

Жүргізуші: Карабас, алтын кілтті қайтесіз?

Карабас: Ол алтын кілтпен мен көктемді оятып, ормандағы барлық аңдардың алғысын аламын.

Буратино: Жоқ бермеймін. Алтын кілт менікі.

Карабас: Жоқ, менікі.

Жүргізуші: Карабас, Буратино мына дауласқандарың жарамас. Карабас, алтын кілт Буратинонікі. Біреудің затын рұқсатсыз алуға болмайды. Одан да балалардың биін тамашаландар.

Би: «Жігіттер биі»

Жүргізуші: Карабас, Буратино балалардың биі сендерге ұнады ма?

Карабас: Әрине ұнады. Буратино, балалармен ойын ойнайық. Мен ойын ойнағанды жақсы көрем.

Ойын: «Әріптерден сөз құрау»

Жүргізуші: Ойындарың қызық екен. Буратино, Карабас сендер достасқан сияқтысыңдар ғой. Ендеше көктемді бірге ертіп келіндер.



Тараз қаласындағы №2 "Айсұлу" бөбекжай-бақшасынан Ясли-сад №2 "Айсұлу" г. Тараз

Карабас, Буратино: Жарайды. (шығып кетеді)

Жүргізуші: Айналдым ана деген атыңыздан,
Мәпелеп өсірдіңіз жасымыздан.
Ұзақ болып өміріңіз жүре бергін

Әрқашан табылыңыз қасымыздан.

Ән: «Мама будь всегда со мною рядом» Зере
Музыка әуенімен Карабас пен Буратино Көктемді ертіп келеді

Көктем аруы: Наурыз айы көктеммін,
Күлімдеп күмбез көкте күн.
Жайқалған жасыл шапанға,
Жылулық нұрын төккенмін.

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Көктем! Мерекемізге қош келдіңіз!

Төрлетіңіз!

Көктем аруы: Өздеріңе әрең дегенде жеттім-ау! Ал, маған көрсететін қандай өнерлерің бар?

Жүргізуші: Көктем, өзіңізге арналған балалардың әнін қабыл алыңыз.

Хор: «Наурыз көктем»

Әннен кейін Карабас пен Буратино қоштасып кетеді.

Жүргізуші: Көктем, біздің балалардың тақпақтарын тыңдап көріңіз.

Аяна: Жамандықтан сақтандырып,

Жақсы ісімді мақтан қылып.

Мәпелеген ақ мамады,

Жүрсем деймін шаттандырып.

Нұрасыл: Ұрпаққа бақыт сыйлаған,

Тілейтұғын сырттай жүріп бақ саған.

Тіріліктің тынысы мен ажары,

Ақ анашым әрқашан да бол аман!

Зере: Бала, бала, бала деп

Түнде шошып оянган.

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Түнде бесік таянған.

Асылбек: Ер жеткізіп елге берген баласын,
Ақылдысың, ардақтысың, данасың!
Қарайтыным қас-қабағың бір сенің
Қайратыңнан қайта көрме, анашым.

Көктем аруы: Не деген өнерлі балалар!

Жүргізуші: Жарқын жүзді жан анам,
Сендей болсын бар адам.
Сендей болса бар адам,
Шаттық кетпес баладан.

Ән: «Анашым» Айлин

Жүргізуші: Мың бұралып билеген,
Қыздарды кім сүймеген.
Күміс көмей қыздарға,
Кімдер басын имеген.

Би: «Гүлдер бий»

Жүргізуші: Құтты болсын осы шаттық күніңіз,
Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз.
Қуанышты жүзіңізбен әрдайым,
Бұл өмірде күліп қана жүріңіз – деп, құрметті қонақтар бүгінгі ертеңгілігімізді осымен аяқтаймыз. Келесі кездескенше сау болыңыздар!



Фитбол жаттығуы

Мауленкулова А.С. №2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасы МКҚК-нің дене шынықтыру нұсқаушысы
Тараз қаласы



Мақсаты: Берілген тапсырмаларды зейін қойып орындауға үйрету. Жаттығу арқылы балалардың қимыл іс-әрекетін дамыту. Тұлға бітімдерімен аяқ, қол, кеуде бұлшық еттерін жетілдіру. Балаларды ептілікке шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Керекті құралдар: Гимнастикалық орындық, фитбол доп, шар, шығыршық.

Балалар әуен ырғағымен залға кіреді. Сәлемдеседі.

Балалар бізде бүгін ашық оқу қызметінің тақырыбы «Фитбол жаттығуы» олай болса осы фитбол добымен денемізді қыздырып жаттығып алайық,

1. Допты алға созып аяқ ұшымен адымдап жүру.
2. Допты жоғары көтеріп аяқ ұшымен жүру.
3. Допты алға созып тізелерін көтеріп допқа тигізіп жүру.
4. Допты алға домалатып жүру.

Шеңбермен тоқтап допты оңға, солға тербету.

-Балалар енді жалпы дамыту жаттығуын жасайық. (фитбол добының үстіне отырып жасау)

Жалпы дамыту жаттығуы

1. Доптың үстіне отырып қолдары белде екі жаққа созу, қолды қайта белге қойып, қайта түсіріп допты ұру. 4-5 рет
2. Доптың үстінде отырып қолдары белде, екі қолды жанына созып оңға, солға иілу. 4-5 рет.
3. Доптың үстінде отырып қолдарын белге қойып, оң және сол аяқты созу. 4-5 рет.
4. «Отыру» Тізелерін қосып жерге отырып, допты алға домалатып созылу, қайта қалпына келу. 4-5 рет.
5. «Отыру» тізелерін жартылай бүгіп отырып, допты жоғары көтеріп, оң жаққа қою, допты жоғары көтеріп сол жаққа қою. Б.қ. 4-5 рет.
6. «Отыру» аяқтарын алға созып допты аяқ үстімен домалатып аяқ башпайына апарып, қайта домалатып алып келу, допты жоғары көтеру. 4-5 рет.
7. «Отыру» Аяқты алшақ ашып допты оң аяқтан сол аяққа созыла отырып домалату. 4-5 рет.

8. «Отыру» Тіземен отырып допты алға алып, қолды доп үстіне қойып, ішпен допқа жатып қол шынтағын бүгіп басты төмен жоғары еңкейту, аяқты түзу ұстап басты жоғары көтеру. 4-5 рет.

9. Шеңбермен тұру. Орындарында тұрып, қолдарында доп айналып жүру, допты жоғары, төмен сермеп секіру. 4-5 рет.

Түзу тұрып допты аяқ ұшымен жоғары созып терең дем алу.

-Балалар фитбол добымен негізгі қимыл жаттығуын көрсетейік.

Негізгі қимыл жаттығуы.

Қатарға тұру. (қауіпсіздік ережесімен таныстыру, билингвалды сыңарын атап өту.)

Қ. Е: орындық үстімен допты домалатқанда түзу домалатуды, қос аяқтап секіргенде батыл, епті асықпай секіру, гимнастикалық орындық үстімен жүргенде тепе-теңдікті сақтап құлап кетпеулерін ескерту.

Б.С: гимнастикалық орындық-гимнастический скамейка, фитбол доп-фитболный мяч, шығыршық- обруч

1. Фитбол добын гимнастикалық орындық үстімен домалату.

2. Фитбол добы қолдарында шығыршықтан шығыршыққа қос аяқтап секіру.

3. Фитбол добын жоғары көтеріп гимнастикалық орындық үстімен жүру.

Шеңбермен жүріп фитбол добын қою. Шеңбер жасау.

-Балалар жаттығу жасап шаршаған боларсындар ойын ойнайық.

Қимылды ойын: «Түстерді ажырату» (шармен түрлі- түсті)

Шарты: Балалар шеңбермен тұрып қолдарында түрлі –түсті шар, нұсқаушы шар түстерін атап айтқанда балалар өз түстерін ажыратып ортаға шығады. (орыс тілінде, қазақ тілінде түстерді атау, қызыл-красный, желттей-сары, злэный-жасыл, көк-синий) 2-рет ойнайды

Шеңбермен шарды жоғары көтеріп аяқ ұшымен жүру, терең тыныс алу.

Қорытындылау. Балалар біз қандай доппен жаттығу жасадық? Фитбол добы. Қандай қимылды ойын ойнадық?

- «Түстерді ажырату». Балалар сендер оқу қызметіне жақсы қатыстындар, келген қонақтармен қоштасып, қолымыздағы шарымызды сыйға берейік.



Форт-Шевченко қаласындағы МКҚК "Құлыншақ" бөбекжайынан Ясли-сад "Құлыншақ" г. Форт-Шевченко

«Мамандығым – мақтанышым»



Калиева Анар, МКҚК «Құлыншақ» бөбекжайының II-санатты тәрбиешісі
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы

«Тәрбиеші өн бойына, өз ісіне балаларына деген сүйіспеншілікті жинақтаса ғана ол-нағыз ұстаз»

Л.Н.Толстой

Тәуелсіздіктің ұраны көгімізде шарықтағалы бірі Елбасымыздың әр жыл сайынғы жолдауы халыққа қарай жол тартады. Елбасымыздың жуырда жарыққа шығып, «Қазақстан-2050» стратегиясын

іске асыру мақсатында жазылған «Рухани жаңғыру» атты мақаласы, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын әдеттегідей әлденше рет оқып, мұқият танысып шықтым. Оқи отырып болашақ ұрпаққа ұстаздық етуші ретінде ерекше әсерде қалып, бірнеше ой түйдім.

Елбасымыз ең алдымен бәсекелестікке қабілетті болу мәселесіне айрықша көңіл бөледі. Елбасымыздың жас мамандарға қойып отырған жаңа талабы да – адалдық, өз мамандығына, өз ісіне беріктік, шыншылдық. Шындықтың шамы дарияның астында жанады. «**Абай атамның** «Адалдыққа еш нәрсе жетпейді» – деп айтқан сөзі бар еді. Қандай да бір халық адал жүріп, адал тұрса байлық пен табысқа сол кенеледі дейді. Ендеше Елбасымыздың бізге айтып отырғаны да осы-өз ісіне адалдық жас мамандардың өз білімі мен тәжірибесін жетілдірудегі еңбеккерлігі, себебі, біз жас мамандар – Қазақстанның ертеңіміз, болашақ біздің қолымызда. Елбасымыз бұл мақаласында білім саласына да ерекше мән берген. Оның ішінде жас мамандардың еңбеккерлігі нағыз маман болудағы алғы шарттарды да атап өтеді.

Мен тәрбиешімін – қиындығы мен қызығы мол осы мамандықты бала күнінен армандадым. Қазір жас маманмын-болашақта ұлағатты ұстаз болу, өскелең ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу басты арманым. Біліктілігі жоғары тәрбиешілер қатарын толықтыратын мен секілді жас мамандар да талмай үнемі ізденіс үстінде болып, әр оқу қызметін биік деңгейде, сапалы етіп өткізсе шығар асуымыз алыс емес деп ойлаймын.

Кестелі сөз, кесек ойлары көрініс тапқан жолдауында

Президентіміз елес идеологияларға ермей, заманға сай амал етуге үндейді. Сондықтан қарқынды дамып келе жатқан жаңа технологияларға сай, озықойлы, жауапкершілікті тереңінен сезінетін, еліміздің қорғалып нығайта түсетін маман болу. Әрине жас маман бола тұра, ата-бабаларымыздан келе жатқан құндылықтарымызды сақтай алмасақ келер ұрпаққа деген өнегеміздің болмағандығы деп санаймын.

Елімізде, әсіресе, жас мамандарға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдесіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Ендеше, мен де осындай маңызы зор мүмкіндікті пайдалана отырып, рухани жаңғырудың жарқын үлгісін көрсеткім келеді.

Менің балабақшадағы балалардың күнделікті өмірін қызыққа толы етіп өткізу менің басты міндетім. Егерде, біздің балабақша ауласынан ашылғалы тұрған жылыжайдың жұмысы өз ретімен жасалатын болса мен экологиялық тәрбиені алғы шарттарының бірі етер едім. Себебі, балалар күнделікті жаңа өнім көкөніс пен жемістен жейді, өздері сол көкөніс пен жемісті баптайды, суарады. Ол балаға өте қызық. Олар ерте жастан еңбекке араласады. Тіпті баламен жеке жұмыс жасаудың бірден-бір тиімді жолы. Ол жерде бала өзін еркін ұстайды. Жылдың қай мезгілінде де жылыжай жұмысын тоқтатпайды. Ондағы қызметкерлердің жұмысы балаларға өте қызық. Қорытындылай келе мен бала болашағына үмітім зор.

Бала өмірінде ерекше орын алатын балабақша, тек балалық шақтың бір белгісі емес, сонымен қатар білімнің алғаш баспалдағы. Олардың сол жерден алған білімін өмірлеріне азық болып жиналады. Экологиялық тәрбиені бойларына сіңіре отырып, жылыжайдың маңыздылығын ұғындыруымыз керек. Ол «тірі көрнекілік». Ол үшін оқу қызметі мен серуен, еңбек кездерінде сабақтастық құрайды.

Біздің қанымызда бар қасиет білімді болуға ұмтылу. Табысты болудың басты факторы – білім. Жыл өткен сайын біз жүрісі жылдам дамыған дәуірге аяқ басып келеміз. Сондықтан, құндылықты жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт биік табыстарға жетеді. Бүгінгі ұрпақта мол сенім артады. Ол сенім біз бен сіздің жұмыстарымыздың жемісі.



«Ойыншықтар әлемі»

Тулеева Рахат, МКҚК «Құлыншақ» бөбекжайының логопед маманы
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы

Мақсаты: Сөзді түсінуін арттыру, сөздік қорын толықтыру. Сұраққа жауап беруге үйрету. Фонематикалық есту қабілетін және ұсақ моторикасын жетілдіру.

Керекті құралдар: ойыншықтар (қуыршақ, көкөніс, көлік, доп т.б.), сиқырлы дорба, кубик, пирамида.

Жүру барысы:

1. Ұйымдастырылған оқу қызметі

-Сәлеметсіздер ме, балалар. Жаңа маған менің жолбарыс досым хабарлама жіберіпті. Ол бізге келе жатып, жолдан адасып кетіпті.

Ұнтаспа тындау.

Жолбарыс: Балалар мен жолдан адасып қалдым. Сіздерге «Ж» дыбысын дұрыс айта алғандар ғана бара алады. Маған өз достарыма жетуге көмектесіндерші.

Балалар, біз «Ж» дыбысын дұрыс айту үшін тілімізді жаттықтырып алайық.

Айна алдында орындалады.

«Жымию»

«Түтікше»

«Күрекше» қолмен көрсету

«Тіс тазалау»

«Сылақшы» қолмен көрсету

«Саңырауқұлақ»

«Тәтті тосап»

«Кесе» қолмен көрсету

-Тілімізді жаттықтырдық, енді «Ж» дыбысын жолбарысқа айтуға көмектесейік. Бәріміз бірге «ж-ж-ж» деп айтайық.

2. Негізгі бөлім:

Қонағымыз бізге жеткенше жаттығулар жасап алайық.

Ұсақ моторикаға жаттығу.

Қоңыр аю баласы (бас бармақ пен ортан теректі біріктіреді)

Апаң сен қарашы (біріктірген саусақты өзіне қарату)

Ойынның жоқ керегі (шайқап, қозғау)



Форт-Шевченко қаласындағы МКҚК "Құлыншақ" бөбекжайынан Ясли-сад "Құлыншақ" г. Форт-Шевченко

Бал жегісі келеді (біріктірген саусақтың аузын ашу) (2 рет қайталады)

Логопед: Балалар, жолбарыс бізге сыйлықтар, ойындар ала келіпті.

Мына ғажайып дорбада керемет сыйлықтар бар.

Саусақтарыңды біріктір де, алып қарап айтшы неге керек екенін?

Балалар кезекпен ойыншықтарды ала бастайды.

Логопед: Бұл не?

Балалар: Бұл Зырылдауық.

Логопед: Зырылдауық?! Қалай зырылдайды, көрсетші?

Балалар көрсетеді.

Логопед кезекпен кезек ойыншықтарды көрсетеді.

«Көкөністі тураймыз» Ой, мынау көкөніс қой, қане салат дайындайықшы.

Үрмелі аспап – сырнайды үреді, допты лақтырып ойнайды.

Ойыншықтармен көп ойнасақ, біз білгіш боламыз. Оларды сындыруға болмайды. Ойыншықтар ағаштан, пластмастан, резенкеден жасалған алуан түрлі болады. Тіпті музыкалық ойыншықтар да болады.

Логопед: қазір сергіту жаттығуынан кейін ойыншықтармен ойнымызды жалғастырамыз.

3.Сергіту жаттығуы:

Күнде аспанға қараймын (қолды жоғарыға көтеру)

Қайтқан құсты санаймын (қанатын қағу)

Үшбұрыш боп тырналар (қолдарын артқа қайыру)

Көк жүзінде сырғанар (қолдарын жоғары-төмен қозғау)

4.Дидактикалық ойын: «Не өзгерді»?

Логопед үстел үстіне кубик, көпіршік, пирамида ойыншықтарын қатар қойып, неден жасалғанын айтып түсіндіреді.

Ойыншықтар қатарынан біреуін жасырып, не жоғалғанын сұрайды.

Логопед: Міне балалар бұларда ойыншықтар. Айырмашылығы музыкалық ойыншықтар. Ойыншықтармен ойнаймыз. Ойыншықтар көп нәрсеге үйретеді.

6. Қорытынды: Баланы мадақтау, үйде осылай ойыншықтармен ойнау ұсынылады.



Жемістер

Нысанова Ақниет, МКҚК «Құлыншақ» бөбекжайының дефектолог маманы
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы

Білімділік: Балалардың жеміс-жидектер туралы білімдерін арттыру.

Түзетушілік: Фонематикалық есту қабілетін дамыту, кеңістікте бағдарлауын, есте сақтауын, көріп қабылдауын, ойлау қабілетін дамыту. Ұсақ қол моторикасын, тыныс алуын, сөйлеу мүшелерінің қимыл-қозғалысын дамыту.

Тәрбиелік: Тазалыққа, денсаулығын да күте білуге тәрбиелеу.

Керекті құрал-жабдықтар: жемістердің суреті (алма, ал-мұрт, ананас, банан т.б.) сикырлы себет, жұлдызшалар

Сабақ барысы

Ұйымдастыру кезеңі.

-Сәлеметсің бе, балалар!

-Қане, мына суреттерден өздеріңнің көңіл-күйлеріңді көрсетші.

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінің айларын маған кім атап береді?

-Ал, аптаның қай күні?

-Жарайсыңдар балалар!

Балалардың оқу іс-әрекетіне даярлығын қадағалау.

Ауызбен дем алу - мұрынмен дем шығару(2 рет)

Ауызбен дем алу - ауызбен дем шығару (2 рет)

Мұрынмен дем алу- ауызбен дем шығару (2 рет)

Мұрынмен дем алу - мұрынмен дем шығару (2 рет)

1)Өткен тақырыпқа шолу.

Сұрақ - жауап арқылы өткен тақырыпты еске түсіру.

Жаңа оқу іс - әрекеті:

Дефектолог: Қандай жемістерді білесіңдер? (Балалар өздері білетін жеміс - жидектерді атай бастайды)

Дефектолог: Ендеше осы жемістердің адамға пайдасы бар-ма? (Балалар өз түсініктері бойынша жауап береді, әңгімелейді).

Дефектолог: Ия, балалар, жеміс-жидектерде дәрумендер өте көп болады екен. Олар адам дамуына, денсаулығына пайдалы.

Сондықтан жеміс-жидектерді адамдар көп пайдаланады және жақсы көреді. Олардың дәмдері де әртүрлі. Бірақ осы жеміс - жидектерді орынсыз көп жесең немесе жумай жесең, ауырып қалуың да мүмкін.

1-тапсырма: Жемістердің атауларын тауып, торкөзге орналастыр.

2-тапсырма: «Қайда өседі?» ойыны.

Дефектолог жеміс-жидектердің қайда өсетінін айтып отырады. Егер дұрыс жауап болмаса, балалар аяқтарымен жерді соғып, бастарын шайқайды, егер жауап дұрыс болса, қолдарын шапалақтап,бастарын изейді.

Қауын қайда өседі?

Қауын тауда өседі (жерді аяқтарымен соғады).

Қарбыз қайда өседі?

Қарбыз бауда өседі (қол шапалақтайды).

Алма қайда өседі?

Алма сайда өседі (жерді аяқтарымен соғады).

Алмұрт қайда өседі?

Алмұрт бақта өседі (қол шапалақтайды).

Жүзім қайда өседі?

Жағажайда өседі (жерді аяқтарымен соғады).

Қызанақ қайда өседі?

Қызанақ жерде өседі (қол шапалақтайды).

Сәбіз қайда өседі?

Сәбіз талда өседі (жерді аяқтарымен соғады).

Сергіту сәті:

Алма ағашы өседі (балалар ақырындап орнынан тұрады),

Тіпті биік деседі (балалар қолдарын көкке созып, аяғының ұшымен тұрады).

Содан кейін гүлдейді (балалар саусақтарының арасын ашып, онды - солды шайқала бастайды),

Мұны «Жас дос, білі!» – дейді (балалар орындарына отырады).



Форт-Шевченко қаласындағы МКҚК "Құлыншақ" бөбекжайынан Ясли-сад "Құлыншақ" г. Форт-Шевченко



3- тапсырма: Балалар суреттегі жеміс - жидектерді атап, артық затты табады.

Жеміс-жидектерді сиқырлы себетке салу арқылы тапсырма орындалады.

Қорытындылау:

*Кіп-кішкентай қызанақ,
Бақшада өсер домалап.
Кішкентайсың әлі өсе ғой,
Өскесін оны жесе ғой.
Қызанақты жегендер:
«Қандай дәмді!» – десе ғой.*

Үй тапсырмасы.

Жеміс-жидектерді үй жағдайында дәмін көріп, үйден қайталау.

Бағалау.

-Бүгінгі сабаққа қатысқандарың маған ұнады. Қане, санайық кімде неше жұлдызша болды.

-Жарайсыңдар балалар!

- Сау болыңыздар!



«Тәуелсіз елдің ұланымыз!»

Балғабаева Гүлнұр, МКҚК «Құлыншақ» бөбекжайының тәрбиешісі
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу. Мақал-мәтел, тақпақтар арқылы ой-өрісін кеңейту, сөздік қорларын молайтып, тілдерінің дамуына ықпал ету.

Көрнекіліктер: ҚР Рәміздерінің суреттері, елбасымыздың суреті.

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

ҰОҚ барысы: Шеңберге тұрып «Шаттық шеңберін» ұйымдастыру.

*Армысың, алтын күн,
Армысың, жер Ана.
Армысың, көкаспан,
Армысыңдар, достарым!*

Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі:

Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметімізді Қазақстан Республикасының гимнімен бастайық. ҚР Гимн орындалады.

Сұрақ-жауап: Жыл ерекшеліктері:

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

-3 ай бар

-Қыс айларын атайық?

Желтоқсан, қаңтар, ақпан

-Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?

-Салқын, боран, аяз

-Үстімізге қандай киім киеміз?

-Жылы киім киеміз

-Қандай ойындар ойнаймыз?

-Сырғанақ тебеміз, аққала жасаймыз

-Жарайсыңдар, балалар!

Біз аспаны ашық, сәулелі, кең, байтақ елде тұрамыз. Ол ел – Қазақстан.

Біздің еліміз қалай аталады?

-Тәуелсіз Қазақстан Республикасы

-Дұрыс, еліміз, Отанымыз, жеріміз Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталады екен. Осы жыл ішінде біздің еліміз Қазақстан көптеген жетістіктерге жетті. Күні бүгінде Қазақстан Республикасын бүкіл әлем мойындады. Әр адамның өз Отаны,

ата жұрты, мекені, қонысы болады екен. Ал, біздің Отанымыз Қазақстан деп аталады екен.

Балалар Отан туралы қандай тақпақтар білесіңдер?

Еркеназ: *Тәуелсіздік таңы атты
Барлық әлем жаңарып.
Осы тұрған халқыма
Бейбітшілік орнады.*

Ахмад: *Отан деген – атамекен
Отанымды сүйемін мен
Отан жерім, Отан елім
Міне, менің Қазақ жерім.*

Айтұмар: *Біз бақытты баламыз,
Тәуелсіз елдің ұланы.
Мәңгі жасап, гүлденеміз,
Ұлы елдің қыраны.*

-Елімізді басқарып отырған елбасымыз кім?

-Қасым-Жомарт Тоқаев.

-Дұрыс айтасыңдар балалар .

-Қазақстан Республикасының рәміздеріне не жатады?

-Ту, елтаңба, гимн.

-Тудың түсі қандай? Туда ненің белгісі бар?

-Тудың түсі көк, шетінде ою-өрнек, ортасында күн және қыран құс.

-Ел таңбамызда ненің бейнесі бар?

-Елтаңба алтын және көгілдір түсті. Әлемнің тұтастығын, ошақтың амандығын білдіреді. Тұлпар биік арманның қайраттың нышаны. Жұлдыз – жұлдызымыз жарық болсын дегенді білдіреді.

Ту, Елтаңба туралы тақпақтарымызды еске түсірейік

Жаннұр: *Айнымайды аспаннан
Біздің тудың бояуы,
Оны халқым қашанда
Биікке іліп қояды*

Мансұр: *Құт, береке шаңырақ
Орын алған ол төрден.
Қанатты қос арғымақ
Екі жақтан көмкерген*

Отан туралы мақал-мәтелдерді еске түсірейікші.

Айжан: Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.



Форт-Шевченко қаласындағы МКҚК "Құлыншақ" бөбекжайынан Ясли-сад "Құлыншақ" г. Форт-Шевченко

Аделя: Отан оттан да ыстық.
Санжар: Отан от басынан басталады.
Зейнеп: Ел іші – алтын бесік.
-Бүгінгі ашық оқу қызметіміз ұнады ма?
-Ия ұнады.
-Рәміздерді еске түсірейік
-Ту, елтаңба, гимн

-Тәуелсіздікке неше жыл толды?
-Тәуелсіздігімізге 30 жыл
Сонымен, біздің бүгінгі ашық оқу қызметіміз аяқталды.
Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!
«Тәуелсіз елдің – ұланымыз!» ашық оқу қызметінен көріністер.



«Төрт түлігім – ырысым!»

Таганова Гулшат, МКҚК «Құлыншақ» бөбекжайының тәрбиеші
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы

Сабақтың мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету. Үй жануарларының төлдерін ажыратып айтуға, олардың қалай дыбыстайтынын меңгерту. Төрт түліктің пайдасы, олардан алынатын өнімдерімен таныстыру. Сабақ барысында сөздік қорын байыту, ойлау қабілеттерін дамыту. Өз бетімен жұмыс істеуге машықтандыру. Ұлтжандылық сезімін ояту. Үй жануарларын күтуге, қамқор болуға, ересек адамдардың еңбегін құрметтеуге үйрету.

Көрнекіліктер: Төрт түлікке байланысты суреттер, сүт өнімдері.

Сабақтың барысы:
Ұйымдастыру бөлімі.
Шаттық шеңбері:

*Арайлап таң атты
Алтын сәуле таратты
Қайырлы таң
Қайырлы күн*

*Күліп шықты күн бүгін!
Сәлеметсіздер ме, балалар!*

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын, шешуін дұрыс тапсаңдар бүгінгі оқу-қызметіміздің тақырыбы ашылады.

*Кезекті бір жануар
Үстінде екі тауы бар (түйе)
Кішкене гана бойы бар
Айналдырып киген тоны бар (қозы)*

-Жарайсыңдар!

-Балалар, бүгін біз сендермен саяхатқа шығамыз. Қане көздеріңді жұмыңдаршы, енді ашайық. Балалар, біз жайлауға келдік. Қане қалай демаламыз. Бәріміз таза ауамен дем алайықшы. Қараңдаршы жайлауда не жайылып жүр екен? (Осы кезде өрісте жүрген малдардың дыбысы естіледі.)

Балалар: Қойлар, сиырлар, ешкілер, түйелер, жылқылар

Тәрбиеші: Осы үй жануарлары сендердің үйлеріңде бар ма?

-Олар қайда жайылып жүр?

Балалар, қазір «Малдар қалай дыбыстайды?» деген ойын ойнаймыз.

Ойынның шарты: Мен сендерге төрт түліктің дыбыстарын қосқанда, ненің дыбысы екенін тауып алып, сол түлікті көрсету керек.

Сергіту сәті: *Қошақаны қойдың
Қайда қалып қойдың*

*Бұлтиып тұр бүйірің
Қай өрістен тойдың.*

Ендеше, балалар төрт түлігіміздің бабаларын атап көрейікші.

Мынау түйе, түйенің төлін не деп атайды:

Балалар:

1-бала: *Түйенің төлі - Бота
Түйе атасын - Ойсыл қара дейді*
2-бала: *Сиырдың төлі-бұзау
Сиырдың атасын - Зеңгі баба дейді*
3-бала: *Жылқының төлі - құлын
Жылқы атасын - Қамбар ата дейді*
4-бала: *Ешкінің төлі - лақ
Ешкі атасын - Сексек ата дейді*
5-бала: *Қойдың төлі - қозы
Қой атасын - Шопан ата дейді*

Тәрбиеші: Балалар, тағы да көзімізді жұмып, көрмеге саяхатқа шығайық.

- Біз көрмеге келдік, көрмеде төрт түлігіміздің өнімдерін көріп тұрмыз.

Үй жануарларынан алған өнімдер табиғи өнімдер деп аталады. Қандай өнімдер аламыз.

-Сүт, жүн, ет

Көрмедегі өнімдерді және олардың не жасалатынын атап айту, көрсетіп, дәмін алу.

-Жарайсыңдар!

Ендеше мал шаруашылығына саяхат жасайық.

Ендігі кезекті шаруашылыққа берейік.

Бастамас бұрын, саусақ жаттығуын жасап алайық.

Саусақ ойыны:

*Сен тұр қойыңа бар
Сен тұр сиырыңа бар
Сен тұр жылқыңа бар
Қуыр, қуыр, қуырмаш
Балапанға бидай шаш*

Мында үй жануарларының төлдері жүр екен, оларға бір нәрсе жетіспейтін сияқты, төлдерге саусақпен жүндерін бейнелейік.

Балалар жұмысқа кіріседі.

-Енді сол төлдерді аналарының жанына апарайық.

Қорытынды: Балар сендерге саяхат ұнады ма?

Біз бүгін саяхатқа қайда бардық.

Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатыстыңыздар. Көп рахмет!





«Нептун күні»

Жайлиева Ұлмекен, МКҚК «Құлыншақ» бөбекжайының тәрбиеші
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы

Мақсаты: Балаларға су тіршілік көзі екенін үйрету. Сумен ойнайтын ойындардың ережесін сақтай отырып, балалардың қиын-қозғалысын, икемділігін, шапшаңдығын арттыру. Достыққа және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Патшаның киім үлгісі, су құятын ыдыстар, сүзгі, су тапаншас сабынды көпіршіктер, шелектер, жасанды бассейн. Көңілді әуенімен балалар алаңға шығады.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, балалар!

Балалар: Сәлеметсіз бе?

Жаз мезгіліндегі сауықтыру, дене шынықтыру жаттығуларына арналған мерекелік шара.

Күн күлімдеп жаз келді,

Бақшада мереке.

Шақырамыз Нептунды

Құттықтаймыз бәріңді !

Жүргізуші: Балалар, бүгін қандай мереке?

Балалар: Нептун күні.

Жүргізуші: Ия Нептун күні. Сендер Нептунның кім екенін білесіңдер ме?

Балалар: Ол теңіз патшасы. Жазда күн ыстығында су әкеледі.

Жүргізуші: Олай болса Нептун- теңіз патшасын ортаға шақырайық.

Бәрі: Нептун, Нептун, тезірек кел!

Теңіз патшасы: Сәлеметсіздер ме балалар, сендер мені шақырдыңдар ма?

Балалар: Сәлеметсіз бе, ия.

Нептун: Бұл мереке менің құрметіме арналған екен. Мен теңіз патшасы Нептун, келіп тұрмын. Мен сумен ойындарды, сайыстарды ойнағанды жақсы көремін. Олай болса ойындарыңызды тамашалап, сендермен бірге ойнайын.

Жүргізуші: Бүгінгі ойынымызға «Жұлдызша» тобы және «Аққу» тобы балалары қатысады.

Қатысушыларды ортаға шақырамыз. Балалар, ойынымызды бастамас бұрын денемізді қыздырып алайық.

Дайындық: «Балықтарша билейміз»

1-ойын: «Су тасушылар».

Шарты: Балалар бос шелегімен мәреге барады.

Шелегін суға толтырып, келесі балаға шелегін береді. Келесі бала суды мәредегі ыдысқа төгеді.

2-ойын: «Кімжылдам?»

Шарты: Қолында сүзгі ыдыстарға суда тіршілік ететін балықтарды аулап алу.

Теңіз қарақшысы келеді: Мен болдыртпаймын менің ұйқыман ояттыңдар шуылдап, ойыншық тапаншаны алып су шашады.

Жүргізуші: Ой, сабыр етіңіз не болды шу шығарып, бұл жерде балалар өте көңілді сайыс өтіп жатыр қаласаң сенде ойна.

Теңіз қарақшысы: Ендеше менде тапанша бар, бірге ойын ойнайық.

3-ойын: «Мергендер»

Шарты: Екі топ су тапаншасынан бос ыдысты дәлдеп су шашады.

4-ойын: «Суда жүзушілер»

Шарты: Әр топтан 2 баладан жүзуге арналған шеңберлі киіп, мәреге құмдағы ізбен қайтады.

Жүргізуші: Теңіз патшасы сізге балаларымыздың ойындары ұнады ма?

Теңіз патшасы: Әрине ұнады. Өте тамаша, қызықты сумен ойындар ойнадыңдар. Менің де сендерге сыйлығым бар. Міне сендерге сабынды көпіршіктер. Сендер сабынды көпіршіктерді үрлеп көңілді көпіршіктерді тамашаландар.

5-ойын: «Көпіршіктер»

Би: «Флешмоб»

Балалар: Рахмет, теңіз патшайымы, теңіз қарақшысы!

Теңіз қарақшысы:

- Балалар сендердің мерекелерінің шырқын бұзғым келген үшін кешірім сұраймын!

Балаларды мақтау, марапаттау, рахмет айту.



«Берекелі – алтын күз!»

Қожбан Тазагүл, МКҚК «Құлыншақ» бөбекжайының тәрбиешісі
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы

Мақсаты: Балаларды күз әлемімен таныстыру. Күз мезгілінде болатын ерекшеліктерді сахналандыру. Балаларды күз байлықтарымен, күзгі еңбекпен таныстыру. Табиғатты сүю, қорғауға тәрбиелеу.

Музыка ойнап, әсем безендірілген залға балалар келіп кіреді.

Жүргізуші: *Қуандырып біздерді*

Мерекелі күз келді

Кел, жемісті алтын күз

Кемелденсін халқымыз!

Армысыздар ата-аналар мен қадірлі қонақтар! «Берекелі алтын күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Балалар, айтыңдаршы бүгін біздің балабақшада қандай мереке болып жатыр?

Балалар: Күз мерекесі !

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар! Балалар, тыңдандаршы, бұл нешу?

Осы кезде әдемі әуенмен Күз ханшайымы келеді.

Күз ханшайымы: Амансыңдар ма, балалар! Сендерді көргеніме қуаныштымын. Қандай әдемі болып кеткенсіңдер, жарқырап алтын күз секілді. Мен сендерге қонаққа, мерекеге арналған өнерлеріңді тамашалауға келдім.

Балалар: Сәлеметсіз бе!

Жүргізуші: Алтын күз, біздің балалар күз туралы өлең, тақпақтар біледі. Сіз жайланып отырып, балалардың өнерін тамашалаңыз. Кезекті әнге берейік.

Ән: «Күзгі вальс»

Жүргізуші: Енді балаларымыздың тақпақтарын тыңдайық:

Айша: *Берекесін сыйлауға*

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді.

Гүлсезім: *Көктемде егін егетін*



Форт-Шевченко қаласындағы МКҚК "Құлыншақ" бөбекжайынан Ясли-сад "Құлыншақ" г. Форт-Шевченко

Рысжан: Күзде жинап беретін
Біздің дала - бай дала
Астық толды қамбаға.
Өзім шебер – жүзіммен
Толып-пісіп, үзілдім
Бақшасында бағбанның
Моншақ болып үзілдім.

Медиана: Топырақты нұрайлы
Өскен қызыл шырайлы
Мен қызанақ боламын
Барлығына ұнаймын

Жүргізуші:

Би: «Бақшаға барайық»

(Билеп болғаннан кейін қыздар жемістерді жерге шашып кетеді. Оларды ұлдар жинайды. Көп жинаған бала жеңімпаз болып есептеледі)

Ойын: «Кім жылдам»

Мариям: Күзім-ау, күзім-ау
Мінезің бұзық-ау
Жаңбырың сіркіреп
Келгенің қызық-ау

Ән: «Жаңбыр»

Күз ханшайымы: (Балаларды мақтап ,мадақтайды.)


Балаларға риза болып рахметтерін айтып «Күз ханшайымы қолындағы жемістерді балаларға таратып береді қоштасып шығып кетеді.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата-аналар! бүгінгі «Берекелі алтын күз» атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықты болсын демекпіз. Берекелі бақ дәулет, арта түссін тойланып. Сау болыңыздар қонақтар келгенше жыл айналып.



«Жаңа жылда, жаңа нұр»

Аманова Назгүл, МКҚК «Құлыншақ» бөбекжайының тәрбиешісі
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы



Жүргізуші:

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін
Бәрімізге мына жыл арайлы!
Құтты болсын ағайын!

Бүгінгі «Өркен» тобының өткізгелі отырған жаңа жылдық ертеңгілікке қош келдіңіздер. (балалар келіп шыршаны айналып тұрады) (музыка қосылады Сикыршы шыр айналып кіреді)

Сикыршы: Жаңа жыл келді
Азаймасын ән мен жыр
Ел көңілін көтерсін
Құтты болсын жаңа жыл!
Құттықтаймыз сіздерді!
Тезірек, тездетіп мұнда жиналыңдар
Басталады Жаңа Жылдық карнавал

Сикыршы: Карандаршы, айнала неткен керемет, әсем мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бәрімізде әп-әдемі жаңа жылдық киімдерімізді киіп жиналып қаппыз. Бірақ,... шыршамыз көңілсіз, қане менің сикырлы таяғымның көмегімен, сендердің әдемі сөздеріңмен шамын жағайық!

Бәрі: Қуант, бізді, таңыркат

Шамдарыңды жарқырат! 3 рет

(Шырша шамы жанады, «Алақайлап» қол соғады)

Жүргізуші: Міне, керемет, қол ұстасып әнімізді шырқайық.

Ән: «Шырша жыры»

Жүргізуші: Ендеше, шыршамызға тапқақтарымызды айтайық.

Жансерік: Жасыл желек жамылған
Асыл моншақ тағылған
Міне сұлу шыршамыз

Көптен күтіп сағынған
Кел балалар келіңдер
Тамашаны көріңдер
Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

Әбілмансұр: Шыршамызда қанишама
Түрлі - түсті шырақтар
Күлгін түсті тоқаштар
Жарқыраған алтын бар.

Бағлан: Безендіріп шыршаны
Жыл қуантты баршаны.
Той - маскарад басталды,
Аяз оны басқарды.

Анар: Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай әсем шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз!

Рауан: Әкелсін жыл, ырыс, құт
Әлемде болсын тыныштық
Ән салайық жаңаша
Жаңа жылым тамаша!

Жүргізуші: Балалар, жарайсындар. Айтындаршы жылда Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді?

(Балалардың жауабы)

Жүргізуші: Кәнекей, ендеше бәріміз бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар Ау - у - у - у!
3 - рет

Бәрі. Аяз ата, ақшақар 3 - рет (әуенмен бірге Аяз ата, ақшақар келеді, шанамен ескі жыл келеді)

Аяз Ата: Құтты болсын, балалар
Келген Жаңа жылдарың
Алаңдамай өсіңдер
Еркелеп қыз, ұлдарым



Форт-Шевченко қаласындағы МКҚК "Құлыншақ" бөбекжайынан Ясли-сад "Құлыншақ" г. Форт-Шевченко

*Өткен жылы келіп ем
Бәріңді де көріп ем
Жыл өткізіп келем деп
Уәдемді беріп ем
Ойларың мен бойларың да*

Бірдей өсіп қалдыңдар ма?

Ал, мен кіммін айтыңдаршы

Мені тани алдыңдар ма?

Балалар: Аяз ата!

Ақшақар: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды

Ақшақармын арайлы

Жалт - жұлт еткен жүзімнен

Күміс сәуле тарайды.

Ақшақармын аппақпын

Қалай тыныш жатпақпын

Менсіз қыстың сәні жоқ

Әнім, жырмын, тақпақпын.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер, баршаңызда, алыс жолдан келдіңіздер.

Әсем әні де, биі де бар

Отыр ата, сәл дем ал

Ақшақармен «Ұлпақарлар» биі

Бүлдіршіндеріміздің тақпақтарын тамашалайық

Дана: *Ақ қырауға малынған*

Сақалы да, мұрты да

Аяз ата сағынған

Сәлем берді жұртына.

Бекасыл: *Жаңа жылға сәніміз*

Біздің айтар әніміз

Келдің бе аман алыстан

Сәлем, Аяз атамыз.

Гауһар: *Киіндік ұл мен қыз*

Аң болып, жан болып

Танымай тұрсын деп

Досымыз таң болып.

Саят: *Шыршамыз да керемет*

Ойыншықтар тағылған

Алыс жақтан келіп тұр

Аяз ата сағынған.

Жүргізуші: *Әуеледі әніміз*

Жаңа кірді сәніміз

Ақшақарды ортаға алып

Ойын ойнайық бәріміз.

Аяз ата: Жарайсыңдар, өнерлі екенсіңдер!

Ойын: «Хоккей»

Ескі жыл: Ата, ақшақар - Жаңа жылымыз қайда?

Шыршаның артынан қоянды іздеп табады, Бірақ қоян менің қорегім жоқ, қарным ашып тұр, бара алмаймын – дейді.

Барыс: Мен, саған азық әкелемін,

Сол кезде әуенмен аяз аталар,

Шана үстінде үлкен сәбізді алып кіреді.

«Аяз ата» биі

Барыс: Рамазан

Бір жыл бойы сендермен

Бірге жүрдім ойнадым

Енді міне балалар

Кезек келді қоштасар.

Барыс: Қоянға үлкен сәбізді беріп, шанамен шыршаны айналып алып келеді.

Қоян - Жасмин

Мен жаңа жылмын

Мен жаңа нұрмын

Нұрымды да себейін

Жырымды да себейін

- Ау, барысжан сенімен де қоштасатын кез келді.

Жүргізуші: Шыныменен, балалар, біз бір жасқа үлкейдік. Ескі жыл Жаңа жылға орнын сыйлағысы келіп тұр, олай болса, сау болыңыз, біз сізге ризамыз!

Бәрі. Қош, қош, Ескі жыл!

Жүргізуші: Балалар, бір дыбыс шығатын сияқты, кімдер екен.

Біздерге қонақтар келе жатыр.

Аңдармен флешмоб биі

Жүргізуші: Тақпақтарға кезек берейік.

Айару: *Жаңа жылда жаңаша*

Тақпақ айтамыз.

Болсын риза балаша,

Әппақ Аяз атамыз.

Әділет: *Жаңа жыл, жаңа жыл*

Сені күттім елеңдеп

Өзіңменен ілесіп

Аяз ата келер деп.

Өркен: *Той, мереке, салтанат*

Думандатты шар тарап

Келді, міне жаңа жыл

Тартуларын арқалап.

Мансур: *Қандай әсем шартарап*

Шаттық күйге бөлеп тұр

Кәмпіштерін арқалап

Аяз ата келіп тұр.

Шұғыла: *Ақ қырауға малынған*

Сақалы да, мұрты да

Аяз ата, сағынған

Сәлем берді жұртына

Би: қыздар: До-ре-ми

Ата-аналармен ойын:

Аяз-Ата: Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуанытып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер. Қане енді Баладардың мамаларымен бір ойын ойнасақ қайтеді. Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар! (қолдарын бұлғап шығып кетеді.)

Балалар: Сау болыңыздар! Рақмет сіздерге!

Кезекті әнге берейік: Аппақ-аппақ әні

Бәрі.

Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты

Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты

Жүргізуші: Ата-аналарды марапаттау

Құрметті қонақтар, балалар! «Қош келдің, Жаңа жыл!» жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген ата - аналар, әріптестерім сіздерге де мың алғыс!

Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!



«Денсаулық еліне саяхат»

Искакова Актолкаын, МКҚК «Құлыншақ» бөбекжайының дене шынықтыру нұсқаушысы
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы



Мақсаты: Балалардың денесін шынықтыруға, денсаулығын нығайтуға, дұрыс өсіп қалыптасуға үйрету. Қызықты, көңілді ойындарды пайдалану арқылы балалардың ұйымдастырылған оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру.

Әдіс-тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ

– жауап.

Құрал-жабдықтар: гимнастикалық орындық, баулы жіптер, асықтар, доға, денсаулық жолдары, ағаш ат.

I. Кіріспе бөлім. Балалар музыка ырғағымен, бір қатармен спорт залға кіреді.

Нұсқаушы: Түзел! Тік тұрыңдар!

- Сәлеметсіздер ме? (балалар үш тілде амандасады)
Балалар бүгінгі оқу қызметіміз өте қызықты болмақ. Біз денемізді шынықтыру үшін, нығайту үшін денсаулық еліне саяхат жасаймыз. Ол үшін балалар біз денсаулық жолымен жүреміз. (жәй жүріс, қол белде, аяқтың ұшымен, өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, жүгіру, тыныс алу)

Нұсқаушы: Міне балалар біз денсаулық еліне де келіп жеттік. (Денсаулық елінде Желаяқ жүгіріп жүреді)

Желаяқ: Сендер кімсіңдер?

Нұсқаушы: Біз балалармен денсаулық еліне денемізді шынықтыру үшін арнайы саяхаттап келдік. Ал, сіз кімсіз?

Желаяқ: Мен Желаяқпын. Денсаулық еліне қош келдіңіздер! Менің денсаулығым мықты, жүгіргенде шаршамаймын. Көрсіндерме балалар, менің қалай тез жүгіретінімді?

Нұсқаушы: Желаяқ, олай болса бізге денемізді шынықтыруға, денсаулығымызды нығайтуға көмектесіңіз.

Желаяқ: Жарайды балалар, алдымен біз жаттығу жасап алайық, жаттығуды біздің денсаулық елінде сиқырлы баулар бар, солармен жасаймыз. (нұсқаушы балаларды үш қатарға тұрғызады, балалар кезекпен баулы жіптерді алады)

II. Негізгі бөлім.

1. Жалпы дамыту жаттығулары: (баулы жіптермен) 4 рет

Б.к. - аяқ сәл алшақ, қолда баулы жіп. Қолды алдыға созып қойып, мойын жаттығуларын жасау

Б.к. – аяқ иық деңгейінде, баулы жіп қолда, төменде. Бауды жоғары көтеру, отыру, орнымыздан тұру. Б.к. оралу

Б.к. – аяқ сәл алшақ, қолдағы баулы жіпті артқа жасырып, иілу жаттығуын жасап, арттағы қолды жоғары көтеру. Б.к. оралу.

Б.к. – аяқ қосулы, баулы жіп жерде, жіптен алға-артқа секіру жаттығуларын жасау. Б.к. оралу.

Тыныс алу жаттығуы (көбелекпен)

2. Негізгі қимыл – қозғалыс.

Тепе – теңдікті сақтау – Балалар гимнастикалық орындық үстімен жүріп, қос аяқпен секіріп түсіп, өткелдердің астынан еңбектеп өтеді, асықтан жасалған іздермен жүру.

Нұсқаушы: Жарайсыңдар балалар саппен қатарға тұрамыз. (тыныс алу жаттығулары орындалады)

Желаяқ: Жарайсыңдар балалар, өте тәртіпті, шымыр балалар екенсіңдер! Енді балалар ойын ойнағыларың келе ме?

Ойын: «Қамшы»

Шарты: Ойынға қатысушылар шеңберге қол ұстасып тұрады. Бастаушы балаларға санамақ айтып, ортада жүретін ойыншыны шығарып алады. Музыка жіберіледі де ортаға бір ойыншы қолына қамшысын ұстап, музыка ырғағымен шеңбер

ішінде жүгіріп айналады. Музыка тоқтаған кезде, келген орындағы екі баланың қолының ортасына қамшыны ұстайды. Сол кезде екі бала қарама-қарсы бағытта екі жаққа жүгіріп кетеді, қай ойыншы бұрын келсе, сол бастапқы орында қамшыны жоғары көтеріп тұрған ойыншының қолындағы қамшыны алады. Сол ойыншы ойынды ары қарай жалғастырады.

Желаяқ: Жарайсыңдар балалар! Ойын сендерге ұнады ма?

Ойын: «Асық алу»

Шарты: Балалар шеңбер жасап кілемге жайғасып отырады. Ойынға бірнеше ойыншы қатынасады. Бір бала шығып, қолына асықты ұстап, мына өлең жолын айтады:

Аспайын, саспайын!

Шеңберді айнала бастайын!

Біреудің тұсына келгенде,

Білдірмей асықты тастаймын!

Асық артына қойылған бала, асықты алып қаша жөнеледі, жүргізушіні қуып жетуі керек, асық алған бала ұстатпай өз орнына келіп отырады. Қолындағы асығы бар бала келесі ойынды жалғастырады. Егерде, орнына жете алмай ұсталып қалса, жүргізуші ойынды қайта жалғастырады.

Нұсқаушы: Желаяқ көрдіңіз бе біздің балаларымыз қандай жүйрік.

Желаяқ: Өте жақсы, жарайсыңдар балалар! Сендерде мен сияқты желмен жарысқан, жүйткіген желаяқ болдыңдар. Ендеше, күштеріңді сынап қарайық.

Ойын: Ұлттық ойын «Арқан тартыс»

Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналатын ойын бір түрі. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ өз жағына алып, келсе сол топ жеңіске жетеді.

Желаяқ: Өте жақсы, жарайсыңдар балалар!

Нұсқаушы: Қане балалар, біз желаяққа денсаулық туралы қандай мақал-мәтел білетінімізді айтып берейікші. (балалар қол көтеріп, мақал-мәтел айтады)

Желаяқ: Өте жақсы, жарайсыңдар балалар! Сендер тәртіпті, ақылды, шымыр, сонымен қатар өте білімді екенсіңдер. Балалар менің сендерге арнаған сыйлығым бар. Жеміс-жидектер сендердің денсаулықтарыңа өте пайдалы. Құрамында көптеген дәрумендер бар. Жемістерді көп жесеңдер бойларың тез өседі, дені сау үлкен азамат болып өресіндер.

Нұсқаушы: Көп рахмет, Желаяқ сен бізге көптеген жаттығулар жасаттың, ойындар ойнаттың. Енді біздің балабақшамызға қайтуымыз керек. Біз тағы да міндетті түрде денсаулық еліне саяхаттап келеміз.

Желаяқ: Олай болса балалар, келегендеріңе рахмет! Сендермен танысып, жаттығу жасап, ойын ойнағаныма менде қуаныштымын! Сау болыңдар!

Қорытынды бөлім:

Нұсқаушы: Балалар бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма?

- Біз қай жерге саяхат жасадық?

- Ненің үстімен жүрдік?

- Денсаулық елінде кімді көрдік?

- Қандай жаттығулар жасадық, немен жасадық?

- Қандай ойын ойнадық? (балалар жауап береді)

Бағалау

Нұсқаушы: Түзел! Тік тұрыңдар! Сау болыңдар! (балалар үш тілде қоштасады)

Балалар музыка ырғағымен, бір қатар саппен шығып кетеді.



«Менің отбасым»



Байнияз Кенжегүл, №41 «Балбөбек» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі
Шымкент қаласы

Мақсаты: балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Әдістер: Әңгімелеу, жұмбақ, тапқар айту, ойын, сұрақ - жауап, сергіту, шаттық шеңбері.

Көрнекіліктер: отбасы суреттері,

қуыршақтың киімдері, макеті.

Сабақтың барысы

Шаттық шеңбері:

*Көтеріліп шаңырақ,
Уықтары шаңшылар.*

Кергелер керіліп,

Өрімдей боп өрілер.

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй болып көрінер.

- Балалар, біз қандай заттың бейнесін жасадық?

- Ал, киіз үйде кімдер тұрады?

- Оларды бір сөзбен қалай атаймыз?

- Дұрыс айтасыздар.

Бүгінгі біздің тақырыбымыз өз отбасымыз туралы болмақ.

Балалар, айналамызға қарасақ, көптеген үйлерді көреміз.

Ол үйлерде кімдер тұрады деп ойлайсындар?

- Ия, балалар, барлық үйдің өз отбасы болады олар бір - бірімен тату - тәтті тұрады.

- Қане, балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көрейік.

Жұмбақ:

Онсыз қызық жоқ маған, онсыз бақыт жоқ маған.

Ол әр баланың панасы, ол не екен, балалар? (отбасы)

- Міне балалар, бұл жұмбақтың шешуі отбасы екен

- Олай болса бәріміз тақтаға назар аударайықшы.

Бұл суретте кімдердің суретін көріп тұрсындар?

- Ия, бұл суретте сүйіспеншілігі мол, бір-біріне ыстық ықыласпен, аялы сезіммен қарап отырған дастархан басындағы отбасы мүшелерін көріп отырымыз.

Отбасы туралы әңгімелеу.

Ойын: «Мынау кім?»

Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа, есте сақтау қабілетін дамытуға баулу.

Шарты: отбасындағы мүшелердің атын атап, жасырынған отбасы мүшесін табу.

Сергіту жаттығуы:

Атамның алып күрегін,

Аулаңның қарын күредім.

Әжеме мен құдықтан,

Су әкеліп беремін.

Еденді де жуамын,

Шаң - тозаңды қуамын.

Ойын сұрақ: «Көңілді доп»

- Отбасы мүшесін ата.

- Отбасында кімді жақсы көресің?

- Отбасында кімге сыйлық жасайсың?

- Анаңа қалай көмектесесің?

- Үйге қонақ келгенді ұнатасың ба?

- Дастархан басында өзіңді қалай ұстайсың?

- Үйдегі ініңе, қарындасыңа қалай көмектесесің?

- Жарайсындар, балалар, өте жақсы.

Үстел үсті ойыны: «Қуыршақты киіндіреміз»

Мақсаты: балаларды адамгершілікке, сыйластыққа, мейірімділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Шарты: қатты қағаздан қиылған қуыршақ макетін киім үлгісімен киіндіру.

Балалардың жұмысын мадақтау.

- Балалар, қуыршаққа өте жақсы киімдерін киіндіре білдіңіздер, адамгершілік, мейірімділік қасиеттеріңізді көрсете білдіңіздер.

- Өте жақсы балалар.

Қорытынды: Біз бүгін өзімізге ең жақын, ең қымбат отбасымыз туралы әңгімеледік. Біз оларды жақсы көруді, сыйлауды, көмектесуді үйрендік. Отбасы ең жақын адамдардың ошағы екенін білдік. Ойындар ойнадық. Бүгінгі сабаққа өте жақсы қатысып, сұрақтарға жауап бере білдіңдер. Бәріміз бірге отбасымызға тілек сөздер айтып, бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз!



«Мамандықтың бәрі жақсы»



Калабаева Жамбылнур, «Бәйтерек» бөбекжайының тәрбиешісі
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы

Мақсаты: Балаларды ойын арқылы әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру.

Шаттық шеңбер

Қайырлы таң, көк аспан!

Қайырлы таң, алтын күн!

Қайырлы таң, жер ана!

Қайырлы таң, достарым!

Қайырлы таң, қонақтар!

Балалар мына сөздерді естіп қандай мамандықтар иесі сөйлеп тұрғанын айтыңдаршы?

1.Балмұздақ сатамын балмұздақ.

Балалар: Дүкенші

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыздар!

2.Қай жерлеріңіз ауырып тұр? Қазір ыстығыңызды өлшеймін

Балалар: Дәрігер

3.Шашыңызды қандай үлгіде киіп берейін?

Балалар: Шаптараз

4.Мен манти жасап жатырмын, қазір дайын болып қалады.

Балалар: Аспазшы

5.Мен сіздерге көйлек тігіп берейін.

Балалар: Тігінші

6. Балалар бүгін мен сендермен қыс мезгілі туралы әңгімелесемін.

Балалар: Мұғалім.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар!

(көңілді музыкамен Сайқымазақ келеді)

-Балалар мен мамандық иесі Сайқымазақ боламын. Мен сендерге сиқырлы сандықпен сыйлықтар алып келдім.

Балалар: Саламатсыз ба!

Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе, Сайқымазақ. Балалар Сайқымазақ сендерге сиқырлы сандықпен сыйлықтар алып келіпті.

Сайқымазақ: Сиқырлы сандық ашылмайды

Тәрбиеші: Олай болса балалар сиқырлы сандықты ашу үшін Сайқымазаққа көмектесеміз бе?

Балалар: Ия көмектесеміз

Тәрбиеші: Біздің арамызда мамандықтар иесі бар ма?

Балалар: Ия

Тәрбиеші: Қандай мамандықтар иесі бар?

Балалар: Дүкенші, дәрігер, шаштараз, аспазшы, тігінші, мұғалім, ғарышкер, құрылысшы, футболшы.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыздар! Мамандықтар туралы кім тақпақ айтады?

Ерсұлтан: Мен суретші боламын,

Бәріңді де саламын

Марапатқа ие боп

Бірінші орын аламын.

Рауан:

Мен дәрігер боламын,

Бәрін емдеп жазамын.

Адамдарды құрметтеп,

Бәріне ие боламын

Адина:

Бір тамақты пісіріп,

Бір тамақты түсіріп,

Анам ылғи жүреді.

Дәмді емес кім деді.

Он жетіге толамын,

Мен аспазшы боламын.

Уәлихан:

Мен ғарышкер боламын,

Жұлдызға ұшып барамын.

Жолын қуам атақты

Тоқтар сынды ағаның.

Тәрбиеші: Ендеше «Футбол» ойынын ойнайық

Шарты: Жерде шашылып жатқан әртүрлі пішінді доптарды, пішіндеріне қарай қақпадағы шеңберлерге допты салу.

Сайқымазақ: Балалар, сиқырлы сандық ашылмайды.

Тәрбиеші: Балалар сиқырлы сандық ашылмады, ендеше ойынды жалғастырайық.

«Мұғалімдер» ойыны Шарты: үш бала мұғалім болып ортаға шығады.

Мұғалімдерге сұрақ қойылады.

1-сұрақ: Жыл мезгілдерін сұрау. 2-сұрақ: 5 ұй жануарларын ата.

3-сұрақ: 3 пішіндерді атаң

Балалар: Бір жылда төрт мезгіл бар. Қыс, көктем, жаз, күз. Қазір жылдың қыс мезгілі. Ұй жануарлары түйе, жылқы, қой, ешкі, сиыр. Пішіндер шаршы, үшбұрыш, шеңбер.

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар!

(Сайқымазақ сиқырлы сандықты ашылмады)

Тәрбиеші: Балалар сиқырлы сандықты ашу үшін «Дүкенші» ойынын ойнайық.

Ойын шарты: Бір бала дүкенші болады. Үш бала дүкеншіге бару үшін кедергі пішіндерден секіріп өтіп керекті заттарын дүкеншіден сатып алады.

(Сайқымазақ сиқырлы сандығын әрі – бері тартқылап ашылмайды)

Тәрбиеші: Сиқырлы сандықты ашу үшін ойынымызды жалғастырамыз.

«Аспазшы» ойыны.

Ойын шарты: Үш аспазшы үш топқа бөлініп, бірінші аспазшы жемістерден кампот қайнатады. Екінші аспазшы жемістерден тосап қайнатады. Үшінші аспазшы көкөністерден орамжапырақ сорпасын пісіреді. Балалардың мойнында жіпке өткізілген жемістер мен көкөністер ілінген. Әр аспазшы өздеріне керекті жемістер мен көкөністерді жинап алу керек.

Сайқымазақ: Балалар сиқырлы сандық ашылмайды.

Тәрбиеші: Олай болса дәрігерді шақырайық.

Дәрігер балаларға кеңес береді. Балалар жемістер мен көкөністерді жуып жеу керек. Үнемі далаға серуенге шығу керек. Тістерімізді күнде таңертең жуып тұруымыз керек. Мен сендермен бірге тыныс алу жаттығуын жасаймын. Балалар екі топқа бөлініп, бассейн ішіндегі түрлі-түсті қайықтарды түтікше арқылы үрлейміз.

(Сайқымазақ сиқырлы сандықты ашылмайды) - Балалар менімен бірге ән айтқыларыңыз келе ме?

Балалар: Ия

Тәрбиеші: Олай болса бәріміз музыкалық аспаптармен өлең айтайық. Ән «Біз өмірдің гүліміз»

Сайқымазақ: алақай, сиқырлы сандығым ашылды. Сендер сиқырлы сандықтың ішінде не бар деп ойлайсындар? Мен сендерге тәттілер алып келдім. Тәттілерді апайларыңа беремін, апайларың сендерге таратып береді. Балалар мен жұмысқа баруым керек. Сендер өте білімді, өнерлі балалар екенсіңдер. Сау болыңыздар!

Балалар: Сау болыңыз!

Тәрбиеші: Балалар бізге қонаққа кім келді?

Балалар: Сайқымазақ

Тәрбиеші: Сайқымазақ бізге не алып келді?

Балалар: Сиқырлы сандық пен тәттілер алып келді.

Тәрбиеші: Сиқырлы сандықты ашу үшін қандай ойындар ойнадық?

Балалар: Футболшы, мұғалім, дүкенші, аспазшы, дәрігер және ән айттық.

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар! Мен сендерге риза болдым. Сау болыңыздар!

«Орман тұрғындарының іздері»

Куренбаева Кулзира, №41 «Балбөбек» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі
Шымкент қаласы

Мақсаты: Балаларға «кең» мен «тар» ұғымдарын түсіндіру, «сол жақ» пен «оң жақ» ұғымдарын тиянақтау; жабайы аңдар мен қытайтын құстардың қысқы ормандағы тіршілігі туралы білімдерін жетілдіру. Балаларға екі карама-қарсы затты ені бойынша тұтастырып салыстыру дағдыларын жетілдіру, нәтижесін сөзбен жеткізуді үйрету; оң жақпен сол жақты ажырату қабілетін дамыту, бірнеше геометриялық пішіндерден биіктігі екі түрлі қарапайым бейнелерді құрастыру дағдысын жаттықтыру; еске сақтау, ақыл-ой, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балаларды жабайы аңдардың қысқы тіршілігіне қызығушылықтарын ояту, байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Зерттеу жаттығуларында балалардың сөйлеу тілін: «кең жолақ көк түсті», «тар жолақ сұр түсті», «құстардың іздері», «аңдардың іздері», «сол жақта аласа шырша», «оң жақта биік шырша» сөз тіркестерін айтқызу арқылы жетілдіру

Әдіс-тәсілдер: Суретті көрсету, көркемсөз, зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар: 1. көрнекілік материалдар қысқы ормандағы аңдардың тіршілігі туралы мазмұнды сурет: түлкі қарды иіскеп келеді, аю апанда ұйықтап жатыр, қоян бұта астында тығылып отыр. Аңдар мен құстардың ормандағы қардың үстінде жатқан іздерінің суреті.

Көрнекіліктерге панно, көрсеткіш. Ені әртүрлі екі жолақ: көк - кең жолақ, сұр - тар жолақ; жолақтардың ұзындықтары бірдей. 1 Аңдар салған кең жолақтың сызбалы суреті. Құстар салған тар жолақтың сызбалы суреті. Аңдар мен құстардың іздері қасқырмен қыстайтын құстың кескіндеріне әкеледі.

Ырғақтары әртүрлі №9, 14 (үзінділер) аудио жазбалары.

Үлестірілген материалдар: Әрбір балаға тіке сызықпен сол және оң жаққа бөлінген карточка. Табақшада жасыл түсті үшбұрыштар кескіндер

Барыс: Қысқы ормандағы аңдардың тіршілігі туралы мазмұнды сурет көрсетіледі: түлкі қарды иіскеп келеді, аю апанда ұйықтап жатыр, қоян бұта астында тығылып

Балалар, тыңдап тұрсыңдар ма? Қандай тыныштық ... Біз қысқы орманға келдік.

Көркемсөз.

Шуламайық орманда,

Орманда көп аңдар бар.

Тығылып жүр аяңдап,

Асығып жүр бұраңдап.

Бұнда қандай аңдар мекендейді? Педагог балалардың жауаптарын тыңдайды.

Жарайсыңдар!

Суретті көрсету. Ормандағы қар үстінде жатқан аң мен құстың іздері көрсетіледі.



- Балалар, орман тұрғындарын жылдам таба алмаймыз. Олар жасырынады. Бірақ іздерге жіңішке не жуан жолдар салып қарасак, бәрінің иесін тауып аламыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Панно алдында зерттеу жаттығуы. «Орман тұрғындарының 2 жолдары».

Панноға ені әртүрлі жолақтар жапсырылады. Көк - кең жолақ, сұр - тар жолақ. Жолақтардың ұзындықтары бірдей.



Омар, бері шығып мына жолақтың бірінің түсін айта ғой. Түсі қандай?

Түсі көк ... Жаксы!

Осы көк жолақты сол жаққа жоғарыға көлденеңінен сал. Жарайсың!

Енді қандай түсті жолақ қалды?

Ия. Сұр жолақ. Сұр жолақты көк жолақтан төмен тұастастырып сал. Педагог жолақтардың сол жақтағы шеттерін реттеп, бір деңгейге түзейді.

Жарайсың!

2.1.2.

- Балалар, осы жолақтардың қайсы кең? (Көк жолақ кеңірек.) Жарайсың! Ал сұр жолақ қандай? (Сұр жолақ тар.) Тамаша! Отыра ғой. Педагог балаларға аңдар салған кең жолақ пен құстар салған тар жолақты көрсетеді.



Балалар, менің қолымда әртүрлі аңдар мен құстардың іздерінің суреттері бар. Осы іздерді жолақтарға дұрыстап бөліп салайықшы.


Аңдардың іздері салынған кең жолақ және құстардың іздері салынған тар жолақ беріледі.

Айлин, мына іздері бар жолақтардың қайсын қай жолақтың үстіне саласың? Педагог баланың тапсырманы дұрыс орындауын қадағалайды.

- Айлин аңдардың жолдары тар ма? Аңдардың жолдары кең. Қайталаймыз.

Құстардың жолдары қандай? Кең бе? Құстардың жолдары тар. Жарайсыңдар, балалар! Айлин, отыра ғой.

Суретті көрсету.



Мінекей, балалар, біз орман тұрғындарын іздеріне қарап тауып алдық. Жарайсыңдар!

Сергіту сәті. «Түлкішек», «Қоян».

Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы. «Пішіндерден сурет салайық».

2.3.1.

Балалардың әрқайсына тіке сызықпен сол және оң жаққа бөлінген карточкаберіледі.

Табақшаларда жасыл түсті үшбұрыштардың кескіндері жатады.



Балалар, орманда ағаштар көп. Орманда адасып кетпеу үшін қай жерде, қандай шыршалар өсетінін осы жаттығу арқылы білесіңдер.

Балалар, карточкалар мен табақшаларды өздеріңе қарай жақын тартып, мені мұқият тыңдаңдар.

Мансұр, табақшада не жатыр?

Ия. Үшбұрыштар жатыр. Жарайсың!

Түсі қандай?

Түсі жасыл. Жаксы.

Балалар, карточкалардағы оң жақты көрсетіндерші. Жарайсыңдар! Карточканың сол жағын көрсетіндер. Жаксы!

2.3.2.

Балалар, үшбұрыштарды оң жақ бағанға төменнен жоғары тізіп биік шырша құрастырыңдар ...

Педагог балалардың тапсырманы дұрыс орындауын тексереді. Тапсырманы дұрыс орындаған балаға сұрақ қояды:

Шыршаны қай жаққа салдың?

Жарайсыңдар! Балалар, енді карточканың сол жағына аласа шыршаны салыңдар ...

Үшбұрыштарды көп саласыңдар ма? Аз саламыз. Жарайсыңдар! Педагог балалардың тапсырманы дұрыс орындағанын тексереді. Тапсырманы дұрыс орындаған кез келген баламен төмендегідей диалог жүргізіледі:

Шыршаны қай жаққа салып жатырсың?

Балалар, шыршалардың биіктігі бірдей ме?

Бірдей емес.

Сол жақтағы шырша биік пе?

Сол жақта шырша аласа.

Оң жақтағы шырша қандай?

Оң жақтағы шаршы биік.

Жарайсыңдар, балалар!

Балаларға пішіндерді табақшаға қайта жинатып, тағы бір тапсырманы 5 орындатуға болады. Балаларда бұндай тапсырмаларды шапшаң орындау дағдылары қалыптасқан болуы тиіс.

Жаттығу орындалғаннан кейін пішіндерді орындарына жинатқызу, үстелдің үстін тазалықта ұстауға дағдыландыру педагогтің сабақ үстіндегі орындауы тиіс міндеттерінің бірі.

Қорытынды

Мақтау, ұйымдастырылған ойын – іс-әрекетін пысықтау.

Балалар, бүгін қайда бардық?

Орманға бардық.

Орманда нені көрдік?

Аңдар мен құстардың іздерін көрдік.

Ол іздер қандай аң мен құстың ізі екенін қалай білдік?

Ия. Кең және тар жолақтарды таптық.


Ормандағы шыршалардың биіктігі қандай болды? (Биік және аласа шыршалар.) Тамаша!

Балалар, сендер қысқы ормандағы тыныштықты бұзбадыңдар. Осындай әдепті, зерек болғандарың үшін алғысымды білдіремін. Жарайсыңдар! Оқу қызметіміз аяқталды, сау болыңдар



«Алтын сақа»

Азирбаева Мейрамгул, «Бәйтерек» бөбекжайының тәрбиешісі
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылы



Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Сөздік қорларын дамыту, ой-өрісін кеңейту. Қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру арқылы қызығушылықтарын арттыру. Қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу.

Құрал жабдықтар: түрлі-түсті асықтар, пішіндер, қуыршақ театры, қоржын, ою-өрнектер.

Шаттық шеңбері:

Достар бері келіңдер

Қолдарыңды беріңдер

Шаттық толы шеңберге

Қуанышпен еніңдер

Ғажайып сәт: Қуыршақ театры

Бала: Ата, ата мен алтын сақамды таппай жатырмын. Менің алтын сақам жоқ.

Ата: Ой, балам ау ол қайда кетті екен. Атасы қоржынның ішінен алтын сақаны іздей бастайды. Таба алмайды.

Тәрбиеші: Сәлеметсізбе ата, Ата не іздеп жатырсыз?

Балалар амандасады.

Ата: Амансыңдар ма балаларым. Менің немереме жинаған асықтарым бар еді. Соның ішіндегі алтын сақасы жоғалып кетті. Соны іздеп табуға сендердің көмектерің керек. Көмектесесіңдер ме?

Балалар: Ия көмектесеміз

Тәрбиеші: Жарайды ата, біз сізге алтын сақаны тауып беруге көмектесеміз. Балалар ендеше біз жолға шығайық.

Балалар түрлі жолдармен кедергілерден өтеді.

Тәрбиеші: Балалар біз дұрыс жолда келе жатырған сияқтымыз. Балалар қараңдаршы, мына жерде түрлі түсті асықтар жатыр екен. Қане балалар бұл асықтарды түсіне қарай бөліп қорапшаларға жинайық.

1-тапсырма: «Асықты түсіне қарай қорапшаға сал»

Мақсаты: Қоржыннан төгілген түрлі түсті асықтарды өз түстеріне қарай ажыратып, қорапшаға орналастыру. Түстерді атай білуге, ажырата білуге үйрету. Баланың танымын қалыптастыру.

Балалар біздің іздеп жүрген алтын сақамыз нешеу?

Балалар: Біреу

Тәрбиеші: Ал мына жинаған асықтарымыз нешеу

Балалар: Көп.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар. Дұрыс айтасыңдар. Біз алтын сақаны іздеуді жалғастырайық. Ой, балалар қа-

раңдаршы мына жерде бір асық жатыр екен. Бұл асықта да бізге тапсырма берілген екен. Бұл тапсырмада тіл ұстарту жаттығуын жасаймыз. Қанеки балалар қайталайықшы.

Са-са-са

Тауып алдым сақа

Шы-шы-шы

Асық түсті алыш

Қа-қа-қа

Атам өрді қамшы

Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы алдымызда көлшік, енді қалай өтсек екен. Көлшіктен өту үшін балалар біз көпір жасауымыз керек. Көпірді жасау үшін мына тұрған пішіндердің ішінен қай пішінді аламыз?

Балалар: Шаршы.

Тәрбиеші: Олай болса балалар маған мына тұрған пішіндердің ішінен шаршыны тауып әкеле қойыңдар.

Балалар шаршыдан көпір жасап көлшіктен өтеді.

Тәрбиеші: Балалар біз көлшіктен өттік, алтын сақаны әлі таппадық. Қане балалар біз іздеуді әрі қарай жалғастырайық.

Балалар алтын сақаны тауып алады.

Тәрбиеші: Мінеки балалар, алтын сақа әрең таптық-ау. Алақай, балалар біз атамен кішкентай досымызды қуантатын болдық. Балалар енді бұл алтын сақа мен асықтар жоғалып қалмас үшін атаға қоржын жасап береміз бе?

Балалар: Жасаймыз.

Балалар бұл алтын сақаны салу үшін қоржынды әшекейлейміз.

3-тапсырма: Қоржынды ою өрнектермен әшекейлеп жапсырады.

Тәрбиеші: Ата, немереңіздің алтын сақасын балалармен бірге іздеп әрең дегенде таптық, алтын сақаны салатын біздің балалар осындай әсем қоржын да жасап, әшекейледі.

Ата: Жарайсыңдар, балаларым, Сендер үлкенді құрметтейтін, кішіге көмек қолын созатын білімді, еңбекқор балалар екенсіңдер. Асық ойыны баланың жастайынан ой-қабілетін шыңдап, дәлдікке, ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа, сыйластыққа тәрбиелеген. Сендер өте ширақ, епті болып өссін деп сендерге сыйлыққа асық беремін.

Қорытынды:

-Балалар біз қайда бардық.

-Кімдермен кездестік.

-Атасы мен немересіне қандай көмек көрсеттік.

-Жолда біз қандай тапсырмалар орындадық.

Жарайсыңдар, балалар! мен сендерге риза болдым. Сендер бүгін алтын сақаны тауып, атаға көмектестіңдер, Мен, Сендермен мақтанамын.





Қоңыр күз

Елтаева Гулзира, МКҚК №41 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі
Шымкент қаласы

Мақсаты: Күз мезгілімен табиғаттағы маусымдық өзгерістермен (бұлтты, суық) таныстыру.

Міндеттері: Күз келбетін сипаттап, күз айларын атай білуге үйрету. Сөз қорларын байытып, ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Табиғатты аялауға, сүйеге, қорғауға тәрбиелеу.

Сабақтың әдістері: көрсету, тақпақтар, ойындар, сұрақ-жауап.

Сабақтың көрнекіліктері: суреттер, дәндер, жапырақтың үгітілген үзіндісі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу: *Біз тәртіпті баламыз
Айтқан тілді аламыз
Үлкендерді көргенде
Сәлеметсіздер ме деп
Сәлемдесіп аламыз.*

Тәрбиеші: Қазір қай жыл мезгілі?

Балалар: Қазір күз мезгілі.

Тәрбиеші: Қандай күз айлары бар?

Балалар: Қыркүйек, қазан, қараша

Тақпақ: Алтын күз - хормен

Сары алтындай сары күз

Қамбадағы дәніміз.

Жайдары күз, жарқын күз,

Аяулы күз, алтын күз.

Мейірі күз, мырза күз,

Сыйлығыңа ырзамыз.

Сергіту сәт: *Қыс – құнар береді,
Көктем – дән себеді,
Жаз – бастап, өсірсе
Күз – жинап береді.*

Тәрбиеші: Олай болса балалар сендерге бүгінгі ұйымдастырылып отырған ойын қызметіміз қызықты болу үшін 6 столға бөліп балаларды әр үстелге әртүрлі шығармашылық жұмыс дайындап қойдым.

1-үстелге Анаастың суретін қойып бетіне кленка жапсырылған сол кленканы бояу сары түспен.



2-үстелге Алманың суретін қойып (түсі қандай болады балалар? қызыл) алманың бетіне кленка жапсырылған соны қызыл түспен бояу.



3-үстелде Бұлттың суреті соған тамшының белгісін бейнелеу.



4-үстелде Талдың суреті алдын ала дайындалып қойылған соған желімді жағып жапырақты қиып етіп үгітіп себу.



5-үстелде асқабақтың суретінің бетіне желімдеуді жағып сары түспен боялған дәнді себу.



6-үстелге жүгерінің суреті сол жүгерінің бетіне желімдеуді жағып жүгері дәнін себу.



Осылайша балалар түрлі шығармашылық жұмыстарды қызыға орындады.

Тәрбиеші: Балаларға көп-көп рахмет айтып, ашық оқу қызметіне жақсы қатысқаны үшін смайликтер таратып береді.



«Көңілді көліктер»



Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: Жұбымен келісе отырып сезім ырғағы мен қозғалыс үйлесімін сақтау, сахнада бағдарлау. Көліктер туралы мағлұмат бере отырып, таныстыру.

Көрнекілігі: Көліктердің суреттері

Әдіс –тәсілдері: түсіндіру, көрсету, үйрету, сұрақ-жауап.

Шаттық шеңбері:

Сәлем саған алтын күн,

Сәлем саған көк аспан.

Сәлем саған жер ана,

Сәлем саған достарым,

Сәлеметсіздерме қонақтар.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, күн суық, ал сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер?

-Көлік дегеніміз не?

-Көліктің қандай түрлері бар?

- Көліктерге не жатады?

-Көліктердің қандай пайдасы?

Тәрбиеші: Міне, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде күнде көріп жүрген, мініп жүрген көліктер туралы өтетін боламыз.

Экрандағы суреттерге назар аударайықшы.

«Көңілді көліктер»

Балалар көліктердің өзі төртке бөлінеді:

Әуеде жүретін көліктер - Ұшақ, Тікұшақ, зымыран

Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық

Темір жол көліктері – Поезд

Жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен. Олар жеңіл және ауыр көліктер. Мысалы автобус, жедел жәрдем көлігі, жүк көлігі, өрт сөндіру көлігі т.б.

Тәрбиеші: Көлік бізге не үшін керек?

Балалар: Өз ойларын айтады.

Тәрбиеші: Яғни көліктер бір жерден екінші жерге тез жету үшін керек. (ауылдан-қалаға, үйден-дүкенге, т.б.)

Демек бізге көліктердің көп көмегі бар екен.

Балалар қарандаршы бізге қонақ келді сендер оны білесіңдер ме?



Бағдаршам: Сәлеметсіңдер ме балалар! Балалар менің шамдарым сынып қалды, мен енді көліктерге қалай бағыт бағдар беремін? Егер шамдарымды қалпына тезірек келтірмесем, онда көшеде көлік кептелісі көп болады.

Сатқанбаева Ардақ, «Бәйтерек» бөбекжайының тәрбиешісі
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылы

Көліктер бір-біріне соғып кетуі мүмкін. Менің шамдарымды қалпына келтіруге көмектесесіңдер ме?

Балалардың жауабы



Тәрбиеші: Олай болса, шығармашылық алаңына барайық, сол жерден бағдаршамның көзін қалпына келтіруге көмектесейік.

(Көңілді әуен үнімен балалар шығармашылық алаңына барады. Шығармашылық алаңында жұмыстар жүргізіледі)

Бағдаршам: Рахмет балалар, сендер маған көп көмектестіңдер. Сендердің көмектеріңнің арқасында жолда енді көлік кептелісі де, көліктердің бір-біріне соғып кету қаупі де болмайды. Көліктерім мені күтіп қалған болар. Мен өз орныма бармас бұрын сендермен бір сергіп алғым келеді.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз,

Қанатымызды жаямыз.

Әуеде самғап ұшамыз,

Орнымызға қонамыз.

Дидактикалық ойын: «Көліктерді құрастыр»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, есте сақтау қабілетін арттыру, байқампаздыққа баулу.

Қорытынды:

Балалар, бүгін біз не туралы өттік? (көліктер)

Көліктердің қандай түрлері болады екен? (ауа, жер, су көліктері. Ауа көліктеріне: ұшақ, тік ұшақ, су көліктеріне: қайық, кеме жатады екен. Ал, жер көліктерінің өзі екіге бөлінеді екен, ауыр және жеңіл көліктер)

Көліктердің қандай пайдасы бар? (бір орыннан екінші орынға тез жету үшін, ауыр жүктерді тасу үшін т.б.)

Бүгінгі іс-әрекетіміз ұнады ма?

Балалар: Ия

Маған сендердің шығармашылық алаңында бағдаршамның көзін қалпына келтірген сәттерің ұнады.

Тағы да кімге қай бөлімі ұнады?

Балалар: Жауаптары тыңдалады.

Бүгінгі іс-әрекетіміз аяқталды. Назар салып, белсене қатысқандарың үшін рахмет, сау болыңыздар.



«Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы»

Адильханова Анаргүль, «Бәйтерек» бөбекжайының дене шынықтыру нұсқаушысы
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылы



Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындары «Атқаума», «Өгіз тартыс», «Жамбы ату» ойындары арқылы балаларға қазақтың салт-дәстүрі, әдет – ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

Міндеттері:

1. Балаларды қазақтың ұмытылып бара жатырған ұлттық ойындары мен таныстыра отырып ойын шартын дұрыс бұз-

бай ойнауға үйрету.

2. Ойынды ойнау барысында балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін ойын кезінде саусақ қол моторикасын дамыту.

3. Қазақтың ұлттық ойындарын ойнай білуге тәрбиелеу.

4. Қажетті құралдар: садақ, арқан, найза, қалқан, гимнастикалық матрас.

Балалардың сәлемдесуі:

Шенбер болып тұрайық

*Алақанды ашайық
Күннің нұрын алайық
Жылыңған жүрек жылуын
Қонақтарға ашайық*

Балалар: Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

Дене шынықтыру нұсқаушысы:

*Жалқаулықты тастаймыз,
Шынығамыз жастай біз
Босқа тұрмай кәнекей
Жаттығуды бастаймыз.*

-Ал, балалар қолдарыңды белге қойып, сап құрып, шенбер бойымен жүреміз, аяқ ұшымен, өкшемен, жеңіл жүгіреміз.

Жүру түрлерін аяқтың ұшымен, өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру, қаздарша, жәй жүру, жүгіру.

Жүріп келе жатып бірқатарға тұру.

(Музыка әуенімен Толағай келеді) Ғажайып сәт.

-Сәлеметсіздер ме, балалар. Мен Сендерге ертегілер елінен келдім, осы бөбекжайда ең мықты, шапшаң, жүйрік балалар бар деп естідім.

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Сәлеметсің бе, Толағай, қош келдіңіз! Дұрыс айтасыз расымен де біздің бөбекжайда ең мықты балалар бар, өткені олар күнделікті денелерін шынықтырып түрлі сауықтыру жаттығуларын жасайды.

Толағай: Бәрекелді, балалар! Ал, Сендер қандай ұлттық ойын түрлерін білесіңдер?!

-Балалардың жауаптары

Толағай: Жарайсыңдар, ұлттық ойындарды біледі екенсіңдер, Мен, Сендерге ұмытылып бара жатырған ұлттық ойындарды ойнауға шақырамын.

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Балалар, Толағаймен ойын ойнаймыз ба?

-Балалар жауабы

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Жарайды.

«Өгіз тарту»

Ойын ережесі: Бір-бірлерінің арқа тұсымен арқан ішінде тұрып, теке тіресу арқылы бағанаға қол тигізу. Қай бала бағанаға бірінші қол тигізсе сол бала жеңіске жетеді.

«Жамбы ату»

Ойын ережесі: 1 метр қашықтықта орналасқан биіктігі 1-1,5 метр келетін бағанаға жамбы орналастырылады. Әр ойыншы аттың үстінде шауып келе жатып көздейді.

Әр ойыншы нысанаға дәлдеп тигізуі керек.

«Атқаума»

Ойын ережесі:

Атқаума. Бір топ бала алаңға немесе дене шынықтыру залына жиналады да, ортаға екі бала шығады. Бірінші бала өзінің сол қолымен оң қолының білегінен мықтап ұстайды, екінші бала да осылай істейді. Бұдан соң екі бала бос тұрған оң қолдарымен бірінің білегінен бірі ұстап, айқасқан 4 қолдың басынан «орындық» жасайды да, соған үшінші баланы аяғын салбыратып отырғызады.

Атқаума, атқаума,

Арқар атқан қай тауда? – деп оны көтеріп алып жүреді де, бір жұмсақтау жер кездескенде:

Атқаума, атқаума,

Арқар атқан ақ тау ма?

Көк тау ма?

Көк тау болса,

Көп тау ма?

Ал тастадық бұл тауға, – деп қол үстінде отырған баланы жерге тастап жібереді. Отырған бала жығылмай, ептілікпен ғана тез ыршып түсу үшін әрқашан сақ және жинақы отыруы керек. Жығылып қалса, ұпай тартады, жығылмай кетсе, қолдың үстіне әлгі екі баланың бірі отырады. Ойын осы тәртіппен жүре береді. Қолдың үстінде отырған ойыншыны «Лақтырып» тастауға, әдейілеп жығуға болмайды. Мұнда шапшаңдық пен ептілік керек.

Толағай: Жарайсыңдар, қандай керемет, мықты, епті балаларсыңдар. Менің әкелген осы ұлттық ойындарымды алдағы уақытта да ойнап, достарыңа да үйретіндер.

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады демекші, барлығыңызды халқымыздың осындай ұмытылып бара жатырған ұлттық ойын түрлерін мектепке дейінгі ұйымдарда қолдануға шақырамын.

«Бестемше» ұлттық ойыны

Мақсаты: Әлемдік мәдениетінің озық үлгілері мен бой теңестіре алатын рухани ойын, қисындық ойлау өнері. Балабақшамыздың рухани жаңғыру аясында жаңа инновациялық технология негізінде «Бестемше» ойынын балабақшада қолға ала отырып, жаңғыртудың негізгі мақсаты-Қазақстан халқының рухани мәдени құндылықтарын сақтау мен арттыру.

Олай болса ойын шартымен танысамыз. «Бестемше» ойынына екі бала қатысады.

Ойынымызды бастамас бұрын ойын шартымен таныстырайын.

Ойын шарты: 1. Ойын екі ойыншының арасынан өтеді. Ойынды бастайтын ойыншы-бастаушы, ал оның қарсыласы қостаушы аталады. Қарсыластар алма кезек жүрістер жасайды.

2. Ойын «Бестемше» тақтасы аталатын арнаулы тақтада ойналады. Екі ойыншыға тиісті тақта тарабының әр жағында 5 отау және бір-бірден қазан болады. Қазанға әр ойыншы ұстап алған тастарын салады. Әр отауға 5 тас салынады. 5-отаудың барлығы 25 тас болып, ойынға жалпы 50 тас ойналады.



«Балабақшада балаларды ырғақты биге қабілеттерін дамыту»

Ештаева Светлана, КМҚК «Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасының
жоғары санатты би жетекшісі
Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті

Мақсаты: Балаларды жаңаша, заман талабына сай қимыл-қозғалыстар жасай білуге үйрету. Қолдың, аяқтың, бастың қимылдары музыка әуеніне сай үйлесуін қадағалау. Музыка ырғағына сәйкес би элементтерін көңілді, жеңіл орындауға дағдыландыру.

Көрнекі құралдар: ұнтаспа, слайд тақта.

Ұйымдастыру кезеңі.

Ұнтаспада көңілді әуен ойналып, балалар аяқтың ұшымен залды айналып, залдың ортасына шахмат қатарымен тұрады.

Би жетекшісі: Сәлематсыздар ма балалар! Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіміз ерекше болмақ, біздің ұйымдастырылған оқу қызметіне қонақтар қатысып отыр. Ал қане ендіше қонақтарымызбен сәлемдесу қимылын жасап амандасып алайық. Балалар тәжімет жасайды.

Би жетекшісі: Балалар би үйренбес бұрын дене қызуы жаттығуларын орындайық.

Қарапайым жүріс, тізе бүгу, жеңіл жүгіру. Аяқ ұшы, өкше арқылы жасалатын, және аяқтарымызды қосып жасайтын (галоп) жаттығулары. Аяқтарымызды кезек көтеріп, секіріп жүгіру жаттығулары.

Би жетекшісі: Балалар осы жаттығуларды аяқтаған соң өз орнымызға келіп тұрып, ритмикалық жаттығулар жасаймыз.

1. Басқа арналған жаттығу (оңға, солға, жоғары, төмен) 8 рет жасайды.

2. Иыққа арналған жаттығу (қолымыз белде иығымызды жоғары, төмен) 8 рет

3. Екі қолымызды иығымызға қойып алдыға және артқа айналдырамыз. 4 реттен қайталаймыз.

4. Белге арналған жаттығу. Қолымызды белге қойып оңға және солға бұрыламыз, содан соң оңға және солға иілеміз, бұл қимылды 8 рет жасаймыз.

5. Қолды алдыға созып отырып тұрады, бұл жаттығуды 8 рет жасайды.

6. Ендігі жаттығу орындарында қос аяқтап секіреді, бұл 7-8 секунд орындарында секіріп тұрады.

Балаларды төсеншенің үстіне отырғызып партерлік жаттығулар жасайды.

1. Денелерін тік ұстап отырады, қолдарын екі жандарына қойып, аяқтары алдыға тік созып отырады, аяқтың ұшынары – бері созады, бұл қимылды 8 рет қайталайды.

Содан соң қолдарын жоғары көтеріп аяқтың ұшына жеткізу керек, тізелерін бүкпеу керек, қайталау 4 рет.

Осы қимылды жасап болған соң аяқтарын екі жаққа созып ашып отырады, қолдарын екі жаққа созып оң жақ аяққа сол қолды жеткізіп, сол аяққа оң қолды созып жеткіземіз. Осы жаттығуды 8 рет жасайды.

Ары қарай аяқ сол қалыпта қалып екі қолды алдыға созып жерге кеудемізді қойып алдыға қарай созылып жатады.

Келесі жаттығу отырып аяқтарын алдыға көбелек тәріздес жинап алады да, қолдарын тізенің үстіне қойып, көбелек қимылын жасайды. Балалар төсеніштің үстіне іштерімен жатып аяқтарын бастарына жеткізу керек, осы жаттығуды 4 рет жасап көрсетеді

Әрі қарай солқалыпта қалып қолдарымен аяқтың өкшесінен ұстап әткіншек тәріздес қимылды жасаймыз, бұл жаттығуды 4 рет жасаймыз.

Ендігі жаттығу тік тұрып денемізді тік ұстап аяқты бірге қосып, алдыға қарай еңкею, басымызды аяғымызға жеткізу, бұл қалыпта 7-8 секунд тұру, осы жаттығуды 4 рет жасап көрсету.

Орнымызда тұрып қос аяқтап секіру, бұл да 7-8 секунд орындарында секіріп тұрады, келесі жаттығу екі аяқты екі жаққа ашып, содан кейін қайта қосып секіру, бұл жаттығуда 7-8 секунд қайталанады. Секіріп болған соң дем алу жаттығуларына көшеміз. Екі қолымызды жоғары көтеріп, мұрнымызбен тыныс аламыз, қолымызды төмен түсіріп аузымыздан ауаны шығарамыз, осы дем алу жаттығуды 5-6 рет қайталаймыз.

Би жетекшісі: Балаларға музыка әуенін естіріп, әуеннен алған әсерін сұрайды.

-Сендерге музыка әуені ұнады ма?

-Бұл әуенге қандай би қимылдарын жасауға болады, ырғақты тез қимыл жасауға бола ма?

Балалардың жауаптары.

Би жетекшісі: Балалар, біз бүгін «Қуыршақтар биін» үйренеміз.

Балалар екі қолын дайындық қалыптан жаймен екінші қалыпқа көтереміз, содан соң екі қолымызды шекемізге қойып, сәл тіземізді бүгіп екі рет қайталаймыз да оң, сол қолымызды кезек шекемізге қойып қолымызды екінші қалыпқа созамыз.

Аяқтың ұшымен оңға, солға айналамыз. Қолымызды белімізге қойып, оң аяқтың ұшын алға, жанға содан соң аяғымыз екінші қалыпта бүгеміз. Осы қимылды келесі аяқпен қайталаймыз. Қолымызды дайындық, бірінші, үшінші, қалыпқа көтеріп, екінші, дайындық қалыпқа түсіреміз. (2рет) Бір қолымыз дайындық екінші қолымызды үшінші қалыпқа қойып екі рет қолдарымызды кезектестіре қимыл жасаймыз да екі қолымызды жанымызға созып алға еңкейеміз. (2рет)

Жанымызға оңға, солға бір қадамнан жасап қолымызды соғамыз. (8рет) Аяғымызды сәл ашыңқырап екі жаққа кезек қисая қимыл жасаймыз. Қолымыз белде. Содан соң оңға бір айналып, қолымызды шапалақтай секіріп, екі қолымызды кезек тізеге, белге қойып екі рет секіріп бір қолымызды алға созамыз. Осы қимылды солға жасаймыз. Екі қолды жоғары көтеріп оңға, солға қозғай отырып, бір рет жоғары төмен айналдырамыз да оңға, солға айналып, қолымызды жоғары төмен айналдырып оң қолымызды алға созып бас бармағымызды көрсетеміз.

Қорытынды: Балалар біз бүгін «Қуыршақтар» биін үйрендік.

-Сендерге «Қуыршақтар биі» ұнады ма?

-Сендерге бұл би қандай сезім қалдырды?


-Балалардың жауаптары.

Қоштасу, тәжімет жасау.



«Киіз үй»

(«тәй-тәй» технологиясымен)



Чудабаева Айгул, «Бәйтерек» бөбекжайының тәрбиешісі

Кемелова Айжан, «Бәйтерек» бөбекжайының тәрбиешісі,
педагог-модератор

Абдикаримова Айман, «Бәйтерек» бөбекжайының тәрбиешісі
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылы

ҮІӨ: кіріктірілген іс-әрекет: «Көркем әдебиет», «Математика негіздері», «Қоршаған орта», «Құрастыру», «Сурет салу»

Мақсаты: Балаларды киіз үй құрылысымен және жабдықтарымен таныстыру. Сан, санау, геометриялық пішіндер, кеңістікті бағдарлау, жиын туралы білімдерін арттыру. Балалардың ой-өрісін дамыта отырып, өнерге деген қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін арттыру, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту. Балаларды ата-бабамыздан мұра болып қалған асыл қазынамызды қадірлеуге, ұлттық құндылықтарға, салт-дәстүрімізге деген құрмет сезімдерін, ұлтжандылық, патриоттық рухтарын арттыруға, бастаған жұмысын аяғына дейін жеткізуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтар:

Көркем әдебиет орталығы: Ұлттық бұрыш, дидактикалық материалдар, лүллия шеңбері, лепбук «киіз үйі», «сықырлы шам».

Есеп орталығы: киіз үй макеті, сандық, түрлі-түсті пішіндер, цифрлар, үлестірмелі карточкалар.

Шығармашылық орталығы: киіз үй макеті, ши, таяқшалар, түрлі-түсті жіптер, тақтайлар, губка, майлы бояу.

Ғылым орталығы: фетр, жүн, бояу, ою-өрнек, жіп, ұршық, тоқыма киімдер түрлері, текемет, алаша.

Шаттық шеңберімен басталады.

Ата-баба салтымыз,

Ардақтайды халқымыз.

Елін сүйіп, ер жетер

Біз балдырған баламыз.

Көркем әдебиет орталығы:

Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.

Жұмбақтар:

Ұқсайтын шеңберге,

Қабырғасы жиылып, керіледі.

Жиһазы мол, кең бөлме

Төбесінен жұлдыздар көрінеді.

Балалар, ол не? (киіз үй)

Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізде Серік Әкірамылының «Шаңырақ» өлеңімен танысамыз.

Киіз үйге кіргенде,

Бәрі басын иеді.

Оның сыры білгенге,

Шаңырақ қой киелі.

Сөздік жұмыс: «шаңырақ» «киіз үй»

Тәрбиеші «шаңырақ» «киіз үй» сөзінің мағынасын ашып түсіндіреді.

Шаңырақ – киіз үйдің қасиетті, киелі мүлкі. Қазақтың көптеген жақсы сөздері осы шаңыраққа байланысты айтылады. Шаңырақ – үй, отбасы, жанұя деген мағынаны да білдіреді. «Шаңырағың биік болсын!», «Шаңырағың берік болсын!» деген тілектер бар.

Киіз үй – ата-бабамыздан қалған қазыналы, қасиетті, асыл мұрамыз. Киіз үйді қастерлеп ұстап, ғасырдан-ғасырға оның мән-маңызын өзгертпей жеткізу қазақ халқының парызы. Киіз үйіміз тек баспана ғана емес, ол сәулет, құрылыс, сурет көлөнері, бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды десек те болады. Киіз үй негізгі үш бөліктен құралады: Киіз үй – қазақ халқының бір шегесіз жиналып, бір шегесіз құрылатын, қыста жылы, жазда салқын, көшіп қонуға ыңғайлы тұрмыстық үйі. Қазақ халқының ежелден киіз үй жасау ата кәсібіміз болған. Киіз үй бөліктері – кереге, шаңырақ, уық, мандайша, сықырлауық. Алдымен киіз үйді құрғанда жиналмалы тор көзді керегені айналыра шеңбер тәрізді көлемде жазық жерге орнатып алады. Одан кейін оның ішіне кіріп, дәл ортасында екі адам бақан ағашына шаңырақты ілдіріп, жоғарыға көтеріп тұрады. Шаңырақтың айналасында арнайы ойықтарға уықтардың басын кіргізіп, төменгі жағын керегеге арнайы баулармен бекітіп, байланады. Табалдырық қойылады, табалдырыққа сықырлауықты (есіктің екі жағындағы жарма таяққа) бекітіп құрылады, мандайшасын орнықтырады.

1. Үйдің сүйектері (ағаштан тұратын бөліктері кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық).

2. Киіз үйдің сыртқы жабдықтары (туырлық, үзік, түндік).

3. Бау-шулары (баулары мен басқұр, арқандары) Ал, киіз үй – деп атауының себебі ағаш үйді толық құрып, болған соң, оның сыртқы бетін киізбен айналыра жабады.

Д/о: «Киіз үйді құрастыр»

Д/о: «Лепбук» ойыны

Д/о: «Сықырлы шам»

Қорытындылау. «Кім тапқыр?»

Қабырғасы тор көз,

Төбесінде зор көз. (кереге, шаңырақ)

Бір басы имек

Бір басы үшкір сырық

Қата-қатар тұрып,

Құмбез сынды шеңберді,

Көкке тіктеп көтерді. (уық)

Есеп орталығы:

Балалар, менің қолымдағы қазақтың киіз үйі. Ерте замандағы ата-әжелеріңнің өмір сүрген үйі – киіз үй болып табылады. Киіз үй ата-бабамыздан қалған асыл мұрамыз. Киіз үй негізінде ағаштан жасалады. Киіз үй бірнеше бөлік-

терден тұрады. Киіз үй ішкі бөліктері - кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, маңдайша. Киіз үйдің сыртқы бөліктері – туырлық, үзік, түндік, баулары, басқұр арқандары. Бұлар киіз үй элементтері болып табылады. Балалар, қараңдаршы, киіз үйдің пішіні шеңберге ұқсайды. Шаңырағы дөңгелек, керегесі шаршыға ұқсайды. Есігі сықырлауық деп аталады. Пішіні тіктөртбұрышқа ұқсайды. Балалар, біздер математика ұйымдастырылған іс-әрекетінен «1» - «10» -ға дейінгі сандарды, геометриялық пішіндерді ажыратуға, кеңістікті бағдарлап, жиын, жиын элементтері туралы білімдерімізді тереңдеттік. Балалар, сіздердің сан мен санау, геометриялық пішіндер, кеңістікті бағдарлау, жиын, жиын элементтері туралы қаншалықты меңгергендеріңді бақылау мақсатында сіздерге көптеген қызықты ойын-тапсырмалар дайындадым. Бүгін біздер киіз үймен байланысты ойын-тапсырмаларды орындаймыз.

- 1.«Сәйкестендір»
- 2.«Пішінін тап»
3. «Шатасқан сандар»
4. «Заттарды орналастыр»
- 5.«Топтастыр»

Балалар, киіз үйде қандай пішіндер жасырылған?

Киіз үйдің ішкі элементтеріне нелер жатады?

Киіз үйдің сыртқы элементтеріне нелер жатады?

Шығармашылық орталығы: Балалар, бүгін біз қазақ халқының ежелгі тұрағы киіз үй құрылымымен, оның жабдығы шимен танысамыз. Киіз үй бөліктері шаңырақ, кереге, уық, табалдырық, маңдайша, сықырлауық. Киіз үйдің сүйегі құрылғаннан кейін, керегенің сырт бетінен, ши байланады. Оны жүнмен орап, кілем, текемет түсіндей оюлармен безендіріп тоқиды. Шидің әсемдікке әрі жылылыққа әсері мол. Сондай-ақ ши тұрғанда сырттан құрт-құмырсқа, кесіртке тағы басқа жәндіктер кіре алмайды. Бүгін біз сіздермен ши тоқып үйренеміз. Балалар, ши тоқу

үшін алдымыздағы тақтайшаның екі жағына жіп байлаймыз. Бір-бір шиден тақтайшаға салып, тоқып отырамыз. Ши дайын болғаннан кейін шиді әсемдеу үшін майлы бояудың көмегімен ою-өрнегімізді бастырамыз.

Қорытындылау: Балалар, киіз үй бөліктеріне нелер жатады? Киіз үйдің жабдығы ши тоқу үшін қандай құралдар пайдаландық? Балалар, ши неден жасалады?

Ғылым орталығы:

Киіз үй – ата-бабамыздан қалған құндылық. Киіз үй – халқымыздың ең алғашқы сәулеттік құрылысы. Ал, киіз үй – деп атауының себебі ағаш үйді толық құрып, болған соң, оның сыртқы бетін киізбен айналыдыра жабады. Киіз үйдің сыртқы жабдықтары туырлық, үзік, түндік. Киіз үйдің киіздері мықты жабылу үшін арнайы желбаумен уықтарға байлайды. Киізді қой жүнінен басады. Балалар бүгін біз сіздермен жүнді зерттейміз. Жүнді бояуға салсақ, жүннің түсі өзгереді. Жүнді түтеміз, иіреміз, иірілген жіптен үстімізге кеудеше, басымызға телпек, мойынымызға мойынорағыш, қолымызға қолғап, аяғымызға шұлық тоқимыз, иірілген жіптен киіз үйдің ішкі жабдығы алатеру алаша тоқимыз, текемет басамыз. Қой жүнінен киіз басамыз, киіз басу үшін киізді сабынды қайнаған сумен біріктіріп, білектің күшімен ысқылаймыз. Балалар, қазір біз дайын киіздің үстіне боялған жүннен қошқар мүйіз оюын бастырамыз.

Балалар, жүннен нелер жасауға болады?

Киізге бастырған оюымыз қалай аталады?

Сергіту сәті: *Көтеріліп шаңырақ,
Уықтары шаңшылар.
Керегелер керіліп,
Өрімдей болып, өрілер.
Дөңгелеп жүрсек айналып,
Ағаш үй боп көрінер.*

Қорытындылау, мадақтау, бағалау.

«Дені саудың – жаны сау» отбасылық сайысы

Өсербай Нұрбол, «Сұлу-Ай» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының дене шынықтыру нұсқаушысы
Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Тайтөбе ауылы

Мақсаты: Балаларды және ата-аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысуын қажет екендігінің манызын түсіндіру. Оларға спорттық ойындарды орындата отырып, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Салауаттану – адам жанының, тәнінің дет азаруы, денсаулығының жақсаруы, сондықтан салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Құрметті ата-аналар, ұжымдастар, бүлдіршіндер бүгінгі отбасы күніне арналған «Дені саудың – жаны сау» атты спорттық эстафеталық сайысымызға қош келісіздер. Отбасы күніне байланысты шаралар еліміздің барлық жерлерінде тойланып өтеді. Сондай-ақ бүгін біздің бөбекжайымызда тойланбақшы. Ендеше құттықтау сөз кезегін бөбекжай меңгерушісіне беріледі.

Әкелер мен балалар дене шынықтыру нұсқаушысының артынан әуенмен залға кіреді.

Сапқа түзеліп дене жаттығуын жасайды.

Қол жоғарыда аяқтың ұшымен жүру.

Қол белде өкшемен жүру.

Жүгіру.

Жалпы дамыту жаттығулар:

1.Б.қ.аяғымыз иық көлемінде қалымыз белде басымызды айналдырамыз

2.Б.қ. екі қолды алға және артқа айналдыру.

3.Б.қ. оң қол жоғарыда сол қол төменде қолымызды алмастырамыз

4.Б.қ. екі қолды алға ұстап, оң аяқты сол қолға, сол аяқты оң қолға қарама-қайшы көтеру.

5.Б.қ. екі аяқты иық тұсында ұстап, алға иіліп тұру.

6.Б.қ. екі аяқты алшақ ұстап, бір орыннан отырып тұру.

7.Б.қ. 1 қолымыз жоғалыда созыламыз 2 тізімізді бүкпейміз қолымызды аяқтың ұшына тигіземіз 3 отырамыз 4 тұрамыз

8.Б.қ. қолымыз белде белді оңға 2 рет солға екі рет қозғалтамыз .

9.Б.қ. 1 оң аяқтың ұшына қолымызды тигіземіз 2 жерге тигіземіз 3 сал аяққа қолымызды тигіземіз 4 бастапқы қалып.

Денсаулық - ол шыныққан,

Барлық денені мүшесі.

Денсаулық – ол тыныққан,

Жүйке тамыр жүйесі.

Денсаулық – ол күтуін,

Көңіл - күйің жадырай.

Денсаулық – ол жүруін,

Ешбір жерің ауырмай.

Әр таңды бақытпенен атырамыз,

Сайысты ой көгінде бақылаңыз.

Сайысқа қатысатын отбасыларды,

Арнайы ықыласпен шақырамыз.
Сайысымызды бастамас бұрын әділқазылар алқасымен таныстырайық.

1-бөлім:

Таныстыру. Әр топ өздеріне ұнаған топ атауын әділқазылар алқасының алдынан алып сол атау бойынша өздеріне таныстыру шығарулары қажет.

2-бөлім: «Кім шапшаң» сайысын бастаймыз.

Ойын шарты: Бала самакатпен кедергілер арасымен жүріп барады да, мәреде тұрған қапшықты әкесіне апарып береді. Әкесі қапшықты алып кедергілер арасымен мәреге жетеді.

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Әділқазылар алқасы 2-бөлімнің бағасын берейік.

Бала тәрбиелеген тәрбиеші

Бала болып ойнайды.

Бала өсірген ата - ана,

Бала болып ойнайды - деп 3-бөліміміз «Математиктер» сайысын бастаймыз.

3-бөліміміз

«Математиктер» сайысын

Ойын шарты: Әкесі мен баласы жүгіріп барып алдындағы есепті әкесі шығарады ал баласы сол шыққан қорытынды санды жердегі шарларды жинау арқылы ойынды қорытындылайды.

Әділқазылар алқасы «Математиктер» сайысының бағасын берейік.

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Уақыт, уақыт куәсің сен бәріне!

Нұр төгеді мына әлем біздерге.

Денсаулықтың әліппесі әрқашан,

Шынығайық әр кез біз спортпен дей келе 4-бөліміміз «Жалауша ілу» сайысын бастаймыз.

5. «Жалауша ілу»

Ойын шарты: Әкесі баласын аркалап кедергі арасымен жүру арқылы жердегі жалаушаны іліп алу керек.

Әділқазылар алқасы осы бөлімнің бағасын берейік.

Дене шынықтыру нұсқаушысы:

Қалма жұрттың соңында

Қажет болса мың атта.

Аздық етер онында

Жету үшін мұратқа – деп 5-бөліміміз «Пазлдар құрастыр» сайысын бастаймыз.

5. «Пазлдар құрастыр» сайысы

Ойын шарты: әр ата-ана балаларымен бірге пазлдар құрастыру қажет.

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Әділқазылар алқасы 4-бөлімнің бағасын берейік.

Дене шынықтыру нұсқаушысы:

Топ болып біз жүрейік,

Ойнайық та күлейік.

Отбасыдегентамаша,

Міне тұрмыз жараса – деп ең соңғы «Мақал-мәтелдер» сайысын бастаймыз.

6. Мақал-мәтел сайысы

Ойын шарты: бала шармен мәреге барады да мәреде тұрған мақалды таңдайды да әкесіне апарып береді ал әкесі мақалды жалғастырады.

Дене шынықтыру нұсқаушысы:

Жарыс заңы ежелден,

Жеңімпазды анықтау.

Жеңімпаз болу шарты сол,

Еңбектену, жалықпау.

Біреу оза жарыста,

Біреу артта қалады.

Бұл сайыстан ренжімей,

Тараса бізге жарады - демекші сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып, жеңімпазды анықтап, марапаттау сөзін әділқазылар алқасына беріледі.

Дене шынықтыру нұсқаушысы:

Денсаулық – басты байлық өмірдегі,

Нәр беретін асыл гөй көңілдегі.

Салауатты өмір - салтын насихаттап,

Атанайық жақсы азамат өңірдегі.

Еліміздің болашағы дені сау азаматтардың қолында. Ендеше денсаулықтың – кепілі спорт демекші спортпен шұғылданайық. «Дені саудың-жаны сау» атты эстафеталық жарысымыз осымен аяқталды. Белсенділік танытып қатысқан отбасыларға көп - көп рахмет. Жақсылықта кездескенше қош сау болыңыздар!

«Ғ» дыбысы және әріпі

Имамжанова Дурдана, «Жас-Балғын» балабақшасы жеке мекемесінің тәрбиешісі
Шымкент қаласы

Мақсаты: «Ғ» дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру Ғ дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға буынға бөліп оқуға жаттықтыру, балаларға үш тілде оқытып дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Восковичтің әріп құрастырғыш сиқырлы таяқшалары, ойындидаз дәптері әріп ки-малары.

Сөздік жұмыс: Ғарышкер

Блингвалды компонент: сызғыш-линейка-pencil. Ға-рыш-космос-kosmos, аға-брат-brother, қолғап-перчатка-glove.

Тәрбиешінің іс-әрекеті:

Сәлемдесу:

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып.

Құтты қонақ келіпті,

Төремізге еніпті.

Сәлем беру үлкенге,

Тәрбиенің басығой.

Ал қанеки балалар,

Сәлем дейік үлкенге.

Балалардың іс-әрекеті:

Сәлеметсіз бе!

Здравствуйте!

Good morning!

Тәрбиеші: балалар келіндер шаттық шеңберін жасап алайық.

Армысың шапағатты күн ана,

Армысың қайырымды аспан ана.

Армысың мейірімді жер ана,

Құт дарыт бар жемді жарылқа.

Тәрбиешінің іс-әрекеті:

Жарайсындар балалар.

Балалар бүгін біз сендермен сиқырлы әріптер еліне саяхатқа барамыз.

Дайынсындар ма саяхатқа баруға?

Балалар: Ия

Тәрбиеші: Саяхатқа бару үшін біз пойызға орналасып алайық:

Кәне кімнің бойы ұзын,

Паравохзы ал пойыздың.



Қатар-қатар тұрайық,
Пойызды біз құрайық.
Пи-Пи баста алға,
Қарап қалма аспанға.
Пи-Пи отырайық орнымызға.

Тәрбиеші: Балалар міне біз сиқырлы әріптер еліне саяхатқа келдік.

Балалар бүгін сендер үш топқа бөлініңдер.

1-топ: «Әріптер» тобы

2-топ: «Дауысты» дыбыстар

3-топ: «Дауыссыз» дыбыстар

Балалар бүгін оқу іс қызметімізді жарыс ретінде өткіземіз.

Мен сендерге сұрақ қоямын, сендер қол көтеріп жауап қайтарасыздар, дұрыс жауап қайтарған топ жұлдызша алады, соңында жұлдызшаны санап жеңіпаз топты, анықтаймыз.

Ал енді біз күнделікті іс әрекетімізді қайталайық

Бір жылда неше мезгіл бар?

Қазір жылдың қай мезгілі?

Терезеге қараңдаршы ауа райы қандай?

Күзде қандай өзгерістер болады?

Бір аптада неше күн бар?

Тәрбиеші балаларға жұлдызша береді.

Жарайсындар балалар.

Тәрбиеші: Балалар енді біз сиқырлы әріптер еліндегі жаңа сиқырлы әріппен танысамыз.

Дайынсындар ма?

Жұмбақ жасырады:

Әріптер ішінде.

Шалғы пішінде,

Деп тәрбиеші төбеде ілініп тұрған шарды ішінен «Ғ» әрпі түседі.

Балалар бұл «Ғ» әрпі, қанеки бәріміз бірге айтып көрейікші.

Ауада жазып көрейік.

Балалар: «Ғ» әрпін айтады.

Ал енді «Ғ» дыбысы дауыссыз дыбыс әпдетін келмейді.

- Дауыссыз дыбыстарды қандай текшемен белгілейтін едік?

Балалар: Көк түспен деп айтады

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыздар.

Балалар Ғ дыбысы бар сөздерді айтып көрейікші.

Тақтаға суретпен ілініп қойылады.

Ғарыш-Космос-Space

Қарға-Ворона- Crow

Сызғыш-Линейка-Pencil

Ағаш-Дерево-Tree

Аға-Брат-Brother

Балалар: Келіседі

Тәрбиеші: Балаларға шығармашылық жұмысқа

Бірінші топқа қиылған айды береді.

Екінші топқа қиылған жұлдызды береді.

Үшінші топқа қиылған зымыранды береді.

Балалар желім және моншақтармен Айды, жұлдызды, ғарышты әшекейледі.

Тәрбиеші балалардың жұмыстарын жинап алып бір плакатқа жапыстырады.

Оны Ғарышкерге сыйлайды.

Ғарышкер «Рахмет» сөзін айтып, балаларды мадақтап кетеді.

Қорытынды:

Балалар біз бүгін қандай әріппен таныстық?

«Ғ» әрпі дауысты ма дауыссыз ба?

Қандай текшемен белгілейміз?

Бүгін бізге қонаққа кім келді?

Біз қолымызбен не жасап бердік?

Балалардың жауаптары.

Қолғап – Перчатка – Glove

Балалар қайталайды.

Тәрбиеші: Балалар сендер мен ойнайық:

Дұрыс жауап айтқан топ жұлдызша алады.

Қыз құлағындағы әшекей?

Менен үлкен ағам?

Аттың аяғындағы темір?

Шегені қағатын

Қап-қара құс.

Балалардың жауабы.

Тәрбиеші: Балалар енді Ғ дыбысы сөздерді текше арқылы жазып көрсетейік.

1-топ: Аға сөзі

2-топ: Ағаш сөзі

3-топ: Қарға сөзін тақтаға текшелер арқылы жазады.

Жұлдызшалар алады.

Тәрбиеші: Балалар өткен әріптер құрастырғыш ойынын ойнайық.

Балалар өткен әріптерді Біз сиқырлы таяқшалар арқылы құрастырайық.

Балалар: А, Г, К, Д, Н, Т. Әріптерін құрастырады

Ойын шарты бірінші болып құрастырған топ жұлдызша алады.

Тәрбиеші: Жарайсындар

Балалар енді тақтадағы «Ғ» дыбысы бар сөздерді буынға бөлейікші:

Ғарыш, Қарға, Ағаш, Аға, Қолғап сөзін буынға бөледі.

Тәрбиеші: Тақтаға: Ғарышкердің суретін іледі қанеки балалар ғарышкер сөзін буынға бөлейікші.

Ғажайып сәт: Балалар буынға бөліп жатқанда Ғарышкер есікті қағып кіреді.

Ғарышкер таң қалып мен қайда келдім мұнда шақырдыңдар ма мен ғарышкер дегендерінді естідім, сол үшін осында келдім.

Тәрбиеші: Келіңіз ғарышкер аға төрлетіңіз Біз сіз жайлы айтып жатқанбыз, өйткені біз бүгін «Ғ» әрпі және дыбысымен танысып жатырмыз. Балалар Ғарышкер сөзін буынға бөліп жатқан сіз кіріп келдіңіз. Біздің балалардың білімдерін көріңіз.

Тәрбиеші: Балалар сендер отырып шаршаған шығарсындар келіндер орнымыздан тұрып бір серігіп алайық.

Сергіту сәті: 3 тілде

Алма баққа барамыз,

Алма теріп аламыз.

Ең үлкенге жақсысын,

Анамызға сыйлаймыз.

На носочки я встаю,

Яблочко я достаю.

Яблочком бегу я домой,

Мамочке подарю мое.

I stand up on the foot

I take an apple

Its my present for mommy

Тәрбиеші: Келіндер енді ойындармен ойын ойнайық.

Тәрбиеші: Ойын шартын түсіндіреді.

Балаларға парақ берілді парақтың ішінде суреттер болады.

Тәрбиеші: Балалар парақтағы суреттерді көрсетеді, яғни оның ішінде «Ғ» әрпі бар суретті қоршайды.

Тәрбиеші: Балалар көзімізді жұмып Ғарыш әлемін қиялдап көрейікші.

Балалар: Көздерін ашып қолында не бар екенін айтады.

Ай, жұлдыз, Ғарышкер үйі.

Тәрбиеші: Келіндер балалар біз ғарышкер ағаға оның әлемін қолымыздан жасап берейік.



«Обрывная аппликация»: мастер-класс для родителей

И.Н. Серова, воспитатель ГККП «Ясли-сад № 65»
г. Алматы

Хочется познакомить вас, уважаемые родители, с необычным, но очень простым видом занятий, которое принесёт радость, удовольствие, наслаждение, обоюдное счастье вам и вашему ребёнку, который не только получит хорошее настроение от взаимной с вами работы, но и научится некоторым видам работы по аппликации, при этом, он ещё научится некоторым видам деятельности (приклеивание, обрывание бумаги маленькими кусочками, изобретательности), которые не так уж легко даются детям. Ведь, кроме того, что ребёнок будет учиться такому виду деятельности, как аппликация, он ещё будет приобретать навыки аккуратности, умения пользоваться ножницами и клеем, соблюдением правила техники безопасности.

Итак, обрывная аппликация – один из видов популярного детского творчества, похожий на мозаику. Ведь и там, и здесь картина постепенно складывается, как мозаика, из множества маленьких кусочков-сегментов. Всё максимально просто и доступно, но при этом интересно и занимательно для детей. Контур, нанесённый на картину фон, стараниями умелых пальчиков медленно превращается в яркую сюжетную картинку. Техника обрывной аппликации достаточно проста и не требует от ребёнка каких-либо особых навыков. Основа для аппликации должна быть плотнее той бумаги, из которой она будет выполняться. Это может быть или плотный лист бумаги, или же картон. При обрывании пальцы должны располагаться впритык друг к другу, с двух сторон от нарисованной линии.

Что же принесёт подобное занятие в процессе использования нетрадиционных техник работы с бумагой, во-первых, это:

- повышение сенсорной чувствительности, т.е. формирование более тонкого восприятия формы, фактуры, цвета, объёма;
- разовьёт воображение, пространственное мышление; общую ручную умелость, мелкую моторику, синхронизирует работу обеих рук;
- сформирует умение планировать работу по реализации замысла, предвидеть результат и достигать его.

Для того чтобы сделать аппликацию в данной технике дома с детьми, вам понадобится лист, желательно картон, клей, цветная бумага.

Ход выполнения

1. Для начала необходимо нанести эскиз (чёткие контуры) вашей картины.
2. Далее подобрать цвет бумаги, необходимой для картины.
3. Дайте ребёнку цветную бумагу, пусть нарвёт необходимое количество маленьких кусочков.
4. Приклейте кусочки так, чтобы заполнить всю картину не выезжая за контур.

Мастер-класс по созданию этой аппликации мы проведём с вами здесь и сейчас. Если ребёнок выполняет подобную работу первый раз, помогите ему, сделайте совместную работу.

Мастер-класс: создание обрывной аппликации «Наши любимые игрушки». Участники: родители.

Цель: психомоторное развитие ребёнка с помощью взаимодействия с любимыми людьми, родителями в домашней обстановке.

Задачи:

1. Развитие мелких движений рук.
2. Формирование зрительно-двигательной координации и чувства пространства на листе бумаги.
3. Создание положительно-эмоционального отношения к выполнению задания.
4. Закрепление умения работать с бумагой и ножницами.
5. Знакомство детей с новым приёмом работы с бумагой – «обрыванием».
6. Развитие творческих способностей, воображения и фантазии детей.
7. Приобщение детей и родителей к совместной деятельности.

Краткая познавательная информация.

Подготовим материал для работы: цветная бумага, лист белой бумаги, ножницы, клей, шаблон зайца, носик, глаз, карандаш. Педагог зачитывает поэтическое произведение для родителей, которые в будущем научатся использовать художественное слово при организации с детьми какого-либо занятия. В данном случае, это стихи, А.Барто про игрушки, загадки, обыгрывание мягкой игрушки


На данном мастер-классе родителям загадывается загадка: «Кто зимою бел, как мел, шубку белую надел? Участники отгадывают загадку, а потом совместно с педагогом разминают руки с помощью пальчиковой гимнастики «Зайка и ушки»:

Ушки длинные у зайки,

Из кустов они торчат.

Он и прыгает, и скачет,

Веселит своих зайчат. (Пальчики в кулачок. Выставить вверх указательный и средний палец и шевелить ими в стороны и вперёд).



Пошаговое описание работы. Начнём работу с изготовления шаблона зайца. Обводим шаблон на белом листе бумаги. Вырезаем. Берём лист синей цветной бумаги, прикладываем шаблон зайца и обводим. Теперь берём лист белой бумаги и рвём бумагу на мелкие кусочки (аккуратно обры-

ваем). Приклеиваем обрывные кусочки бумаги на нашего зайчика. Из цветной бумаги тёмного цвета вырезаем глаз и носик зайчика и приклеиваем их. Работа готова. Данную работу можно подарить как открытку.

Рефлексия: С чем мы с вами сегодня познакомились? Какая главная цель моего мастера-класса? Вы считаете данную работу интересной?

Домашнее задание: сделать с детьми подобную работу, сфотографировать и прислать по Whats.App.

– Если у вас есть вопросы, задавайте. (*Вопросы родителей*).

– Уважаемые родители! Спасибо за посещение мастер-класса! Успехов вам в воспитании и обучении ваших детей.

Занятие на тему «Малыши спешат на помощь»



К.С. Хайруллина, воспитатель первой категории
КГКП «Ясли-детский сад „Карлыгаш”»
п. Доссор Макацкого района Атырауской области

Цели: воспитывать любознательность, усидчивость, обогащать детей разнообразными **сенсорными впечатлениями**; формировать цветовое восприятие и закрепление основных цветов (*красный, синий, зелёный, жёлтый*); формировать умение различать животных и птиц, правильно соотносить их названия; развивать у детей эстетическое восприятие, чувство прекрасного; развивать умение передавать через движение характер музыки; воспитывать у детей доброжелательное отношение друг к другу, желание играть вместе; способствовать формированию естественных видов движе-


ний (ходьба, ползание, подпрыгивание вверх на двух ногах с продвижением вперёд); развивать слуховое внимание.

Оборудование и материалы: прозрачные контейнеры (объём 2 л, по количеству детей; крупа гречневая (0,5 кг) на каждого ребёнка; фигурки домашних животных и домашних птиц; кисти; гуашь синего цвета; пшено; альбомные листы с изображением корыта для воды; на картоне тарелочки из пластилина; влажные салфетки.

Билингвальный компонент: уй жануарлары – домашние животные.

Этапы деятельности	Действия воспитателя	Действия детей
Мотивационно-побудительный	Здравствуй, небо голубое! Здравствуй, солнце золотое! Здравствуй, лёгкий ветерок! Здравствуй, маленький дружок!	(тянут руки вверх) (очерчивают круг руками) (покачивают руками над головой) (приседают) Все садятся на ковёр.
Организованно-побудительный	Воспитатель: Ребята, давайте прислушаемся. Я что-то слышу. Что это? Звучит музыкальная заставка: (<i>Песня “Далеко, далеко усакала в поле молодая лошадь”</i>) Воспитатель: Кто это? Правильно. Смотрите, к нам в гости пришла лошадка! – А как лошадка разговаривает? – Правильно, молодцы. – Посмотрите, какая лошадка грустная. У неё что-то случилось? – Лошадка говорит, что с фермы убежали все животные, птицы и без нашей помощи ей не обойтись. Мы поможем лошадке их найти. Воспитатель: Лошадка, ты не переживай, мы тебе обязательно поможем. Как мы будем это делать? – Ребята, чтобы найти животных и птиц, нам нужно отправиться на паровозе в дальнюю дорогу. Вы готовы? – Тогда садимся в паровозик и поехали! Звучит музыкальная заставка. (<i>Песня паровозика из мультфильма «Паровозик из Ромашкова»</i>). Паровозиком делаем круг по группе и подходим к препятствиям. <i>На полу:</i> обручи (красный, синий, жёлтый); спортивная дуга, изображение лужи. – Посмотрите, наш паровозик дальше ехать не может, и нам придётся идти пешком. Мы готовы? – Давайте посмотрим. Здесь настоящее болото, но мы его пройдем. Сначала мы будем прыгать по кочкам. А какого цвета кочки? – А это упавшее дерево, под которым надо проползти.	– Лошадка – Иго-го <i>Дети соглашаются.</i> <i>Ответы детей.</i> – Да! – Да! <i>Ответы детей.</i> 



	– И в конце находится большая лужа, через неё надо перепрыгнуть. Дети по очереди, с помощью воспитателя, все препятствия преодолевают. Звучит музыкальная заставка (Из кинофильма «Усатый нянь»). – Молодцы, мы с вами прошли большое болото. – А смотрите, что находится у нас на столах – это маленькие болотца разного цвета. Какие цвета вы видите? На столах стоят цветные) сенсорные коробочки, наполненные гречневой крупой, на дне лежат фигурки животных и птиц. – Ребята, мне кажется в коробочках, что-то есть, давайте поищем. Находят фигурки, показывают, называют, определяют животное это или птица и говорят, какие звуки они издают. Если кто-то ошибается, то с помощью других детей мы находим правильный ответ. – Ребята, мы же с вами нашли животных и птиц, которые убежали с фермы, давайте отнесём их обратно на ферму. Звучит музыкальная заставка: (Звуки фермы) – Вы слышите, как рады домашние животные, что они с нашей помощью пришли домой. Какие мы молодцы! – Наши животные очень проголодались. Вы хотите их накормить и напоить? – Тогда давайте пройдем к столам. (Столы поделены на две половины) На одних столах стоят акварельные краски синего цвета, кисти, альбомные листы с изображением корыта для воды. На других столах на картоне стоят тарелочки из пластилина, в небольшой ёмкости насыпано пшено. – Ребята, кто нашёл птицу, будут в тарелочки насыпать и вдавливать пшено для курицы. – Скажите мне, какого цвета пшено? Правильно, жёлтого. – А кто нашёл животных, будет рисовать воду для лошади. – А краска какого цвета? Правильно, синего. На столах лежат готовые образцы. Дети с помощью воспитателя выполняют задания. – Как хорошо у вас получилось! Если вы хотите накормить курицу, несите тарелочки с пшеном курочке. При этом мы скажем: «Мы несём курочке пшено». – А лошадке несём водичку. При этом мы говорим: «Мы несём лошадке водичку».	<i>Ответы детей.</i>  Садятся за столы и начинают играть с крупой.     
Рефлексивно-корректирующий	Скажите, что мы с вами делали? – Правильно. – Мы с вами большие молодцы. – А нашим гостям, очень хочется сказать большое спасибо за то, что они были у нас в гостях. Мы всегда рады видеть вас. Мы играли, Танцевали, Много нового узнали. И, обняв друзей за плечи, Прокричим: «До скорой встречи!» (машем руками) Мы какие малыши? Вот какие молодцы!	<i>Дети отвечают, что они делали.</i> <i>Хлопают в ладоши.</i> <i>Руки на поясе.</i> <i>Поднимают руки вверх.</i> <i>Машут руками:</i> (Руки вперед, ладони сжаты в кулак, большой палец смотрит вверх.) 

Ожидаемые результаты: воспроизводят (различают животных и птиц, правильно соотносить их названия).
Понимают (цветовое восприятия основных цветов – крас-

ного, синего, зелёного, жёлтого). Применяют (умение слушать информацию и отвечать на вопросы).



«Учимся говорить правильно»: ОУД по развитию речи в средней группе

Г.К. Секербаева, воспитатель ГККП «Ясли-сад № 65»
г. Алматы

Цель: создание социальной ситуации развития в процессе работы над речевой активностью у детей.

